



СЕНІМ ОРТАЛЫҒЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2021

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----------|
| ГЛОССАРИЙ | 3 |
| ТОПТЫҢ СИПАТЫ | 6 |
| Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі | 7 |
| Басқарма төрағасының үндеуі | 9 |
| Инвестициялық тартымдылығы | 10 |
| Өңірлік қатысуы | 11 |
| СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП | 12 |
| ЦентрКредит Банкі туралы мәліметтер | 13 |
| 2021 жылғы негізгі оқиғалар мен марапаттар | 14 |
| Макроэкономиканы және банк секторын шолу | 17 |
| «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың даму стратегиясы | 22 |
| НӘТИЖЕЛЕРДІ ШОЛУ | 29 |
| Бөлшекті бизнес | 30 |
| Ірі бизнес | 53 |
| Шағын және орта бизнес | 55 |
| Қоғаммен қарым-қатынас | 68 |
| Қор нарығындағы және банкаралық нарықтағы операциялар | 69 |
| ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІ | 71 |
| КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР | 79 |
| Корпоративтік басқару | 80 |
| Корпоративтік оқиғалар | 81 |
| Директорлар кеңесі | 82 |
| Басқарма | 87 |
| Акционерлер және капитал. Дивидендтік саясат | 89 |
| Ішкі аудит қызметі | 91 |
| Заңнама талаптарына сай келуі | 93 |
| Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне 2021 жылы төленген сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат | 96 |

| | |
|--|------------|
| ТИІМДІ КОМАНДА | 97 |
| Жұмыскерлер саны мен ЖТҚ | 98 |
| Бағалау және сыйлықақы төлеу бағдарламалары | 100 |
| Қызметкерлердің ағыны, рекрутмент және бейімдеу | 101 |
| Оқыту және дамыту | 103 |
| «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ұйымдық құрылымы | 107 |
| ESG | 109 |
| E – қоршаған ортаға деген қарым-қатынас | 111 |
| S – әлеуметтік жауапкершілік | 112 |
| G – корпоративтік басқару саясаты | 120 |
| ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР | 123 |
| Активтер | 124 |
| Міндеттемелер | 125 |
| Капитал | 126 |
| Кірістілік | 127 |
| Қаржыны басқару жүйесін жетілдіру | 128 |
| Кредит беру қызметі | 129 |
| ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ЕСЕП | 130 |
| Тәуекелдерді басқару жүйесі | 131 |
| 2021 жылы сәйкестендірілген тәуекелдер | 134 |
| Тәуекелдерді басқару саясатының 2021 жылы жетілдірілуі | 135 |
| 2022 жылы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жоспары | 138 |
| ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР | 139 |
| «BCC Invest» АҚ | 140 |
| «CenterProject» ЖШС | 143 |
| «Центр Лизинг» ЖШС | 144 |
| ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ | 146 |

ГЛОССАРИЙ



ГЛОССАРИЙ

| | |
|-------------------------|---|
| ALM | (Asset-Liability Management) Активтерді және пассивтерді басқару |
| AQR / OKA | (Asset quality review) Активтер сапасын бағалау |
| Bcc.Business | Динамикалық сәйкестендіру құралдарын немесе мобильді құрылғы (смартфон, планшет) арқылы смс-кодты пайдалана отырып, электрондық банктік қызметтерді ұсынатын заңды тұлғаларға арналған «Интернет-банкинг» жүйесінің мобильді нұсқасы |
| BCC.KZ | Интернет желісіне қосылған әртүрлі техникалық құрылғылардың (компьютер, смартфон, планшет және т.б.) көмегімен банктік шоттарды нақты уақыт (online) режимінде басқаруға мүмкіндік беретін жеке тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі |
| CIR | (Cost-to-income ratio) Операциялық шығыстардың операциялық кірістерге қатынасы |
| CRO | (Chief risk Officer) Тәуекел менеджментінің басшысы |
| CVV | VISA халықаралық төлем жүйесінің карталарында пайдаланылатын магниттік жолақта шифрланған нөмір |
| eNPS | eNPS индексі (employee Net Promoter Score) – қызметкерлердің ұйымға қанағаттануын бағалауға мүмкіндік беретін қызметкерлердің таза бейілділік индексі |
| ESG | Экология (Environmental), Әлеуметтік даму (Social), Корпоративтік басқару (Governance) |
| FinTech / Финтех | Дәстүрлі қаржы ұйымдарымен бәсекелес болу үшін технологиялар мен инновацияларды қолданатын компаниялардан құрылған сала |
| HR | (ағыл. Human Resources) Адам ресурстары |
| IFC | (ағыл. International Finance Corporation) Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) |
| NFC | (ағыл. Near Field Communications) «Жақын байланыссыз байланыс» технологиясы |
| NIM / ТПМ | (Net interest margin) Таза пайыздық маржа |
| NPL | (ағыл. Non-performing loan) Екінші деңгейдегі банктердің мерзімінен 90 күннен астам уақытқа кешіктірілген қарыздары |
| NPS | Net Promoter Score – тұтынушылардың тауарға немесе компанияға бейілділігін белгілеу индексі (дайын болу индексін ұсыну) |
| Open API | Көптеген құралдардың ресми спецификациясы мен экожүйесі, front-end жүйелердің, төмен деңгейдегі кітапхана кодтарының және API түріндегі коммерциялық шешімдердің арасындағы интерфейсті білдіреді. |

| | |
|--|--|
| QR | (ағыл. Quick Response code) Жылдам жауап беру коды |
| RM | (Relationship Manager) Қатынастар менеджері |
| ROAA | (Return on average assets) Активтердің рентабельділігі |
| ROAE | (Return on average equity) Меншікті капиталдың рентабельділігі |
| SLA | (ағыл. Service level Agreement) Сервис деңгейі туралы келісім |
| БААЖ | Банктің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі |
| АҚФ | «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының Алматы қалалық филиалы |
| «Даму» КДҚ / «Даму» қоры / Даму | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ |
| ҚНРДА | ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі |
| АТМ | (англ. Automated Teller Machine) Банкомат |
| БТ | Бизнес тобы |
| ЦКБ / Банк | «Банк ЦентрКредит» АҚ |
| ЖІӨ | Жалпы ішкі өнім |
| СЭҚ | Сыртқы экономикалық қызмет |
| БЖК | «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы |
| БД | Бөлімше директоры |
| ФД | Филиал директоры |
| ОБД | Орталық бөлімше директоры |
| БО | Бас офис |
| ЦКБ тобы / Банк тобы | «Банк ЦентрКредит» АҚ компаниялар тобы |
| КБТ | Кредиттерді басқару тобы |
| ЕҚДБ | Еуропалық қайта құру және даму банкі |
| БЗТ | Біржолғы зейнетақы төлемі |
| ЗТ БДО | ЗТ бойынша бөлімше директорының орынбасары |
| ЖЖ | Жалақы жобасы |
| ЖК | Жеке кәсіпкер |
| АТТ | Ақпараттық төлем терминалдары |
| АТ / ІТ | Ақпараттық технологиялар |
| Кампустық жоба | Кампустық картаның негізінде әртүрлі платформаларды бірыңғай жүйеге біріктіретін, ұйымның инфрақұрылымын басқарудың қолайлы жүйесі |
| ІБ | Ірі бизнес |
| МКК | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті |
| КЛМ | Клиент-менеджері |

ГЛОССАРИЙ

| | |
|-------------------------|---|
| ШКЛ | Шот бойынша кредиттік лимит – ЗТ арналған кредит өнімі |
| КМ | Кредиттік менеджер |
| Кросс-селинг | Тоғыспалы сату – бұл қазіргі тұтынушыға қосымша өнімді немесе қызметті сату әрекеті немесе тәжірибесі |
| ШБ | Шағын бизнес |
| ККҚКМ | Корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету менеджері |
| ХТЖ | Халықаралық төлем жүйесі |
| ШОБ | Шағын және орта бизнес |
| ҚР ҚМ | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| ҚР ҰБ / Реттеуші | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| МЕА | Материалдық емес активтер |
| ЖБҚЖ | Жалпы банктік қорытынды жиналыс |
| НҚ | Негізгі құралдар |
| ОО | Операторлық орталық (call-center) |
| ККО | Кассалық кіріс ордері |
| БКБ | Бірінші кредиттік бюро |
| ДМ | Дербес менеджер |
| ЭҮП | «Электрондық Үкімет» порталы egov.kz |
| ББ | Бөлшекті бизнес |
| ОБ | Орта бизнес |
| ДК | Директорлар кеңесі |
| ИБЖ | «Интернет-Банкинг» жүйесі – Клиенттің Банк бөлімшелеріне келмей-ақ, Интернет желісі арқылы Банктегі шотын қашықтан басқару үшін пайдалануына арналған жүйе. |
| КҚКМ | Клиенттерге қызмет көрсету маманы |
| ТБЖ | Тәуекелдерді басқару жүйесі |
| ХӘОТ | Халықтың әлеуметтік осал тобы |
| ЖКС | Жеке кәсіпкерлік субъектілері |
| ЭҚЖ | Электрондық құжатайналым жүйесі |
| АШ | Ағымдағы шоттар |
| ЖТ | Жеке тұлға |
| ЕТҚ | Еңбекақы төлеу қоры |
| АШҚҚҚ | Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры |
| ЖТҚ | Жеткізу тізбегін қаржыландыру |
| БҚ | Бағалы қағаздар |

| | |
|------------------|--|
| ДӨО | Деректерді өңдеу орталығы |
| ОЭА | Орталық электрондық архив |
| Чат-Бот | Пайдаланушылардың қажеттіліктерін анықтайтын, содан кейін оларды қанағаттандыруға көмектесетін бағдарлама |
| Эквайринг | Сауда кәсіпорны үшін тауарлар мен қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз төлемді пластик карталармен қабылдау мүмкіндігі |
| ЭКД | Электрондық кредиттік досье |
| ҚЗЭ | «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы |
| ЭЦҚ | Электрондық цифрлық қолтаңба |
| ЗТ | Заңды тұлға |

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жылдық есебі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың бағалы қағаздарына рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу қағидаларына сәйкес дайындалған

ТОПТЫҢ СИПАТЫ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР!

2021 жылы Қазақстан экономикасы бүкіл әлем коронавирус пандемиясына шалдыққан 2020 жылдан кейін қалпына келе бастады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 4%-ды құрады, бұл ретте 3,5%-ға өскен нақты сектор оң динамиканың негізгі факторына айналды.

Экономика. Бір жылдың ішінде біз экономиканың келесі секторларында динамиканың үдеуін байқадық: қызметтер 3,9%-ға, өңдеуші өнеркәсіп 5,5%-ға, құрылыс секторы 7,6%-ға, сауда 9,2%-ға өсті. Сонымен қатар сыртқы сауда айналымы жоғары динамиканы көрсетті, ол 17,4%-ға өсіп, \$101,5 млрд құрады; негізгі капиталға салынған инвестиция 3,5%-ға өсті. Өндіруші емес салаларда жоғары инвестициялық белсенділік сақталды.

2021 жылғы нарықтағы конъюнктура жеткізілімдердің бұзылуына, энергоресурстардың жоғары бағасына және коронавирустың жаңа штамдарының таралуына байланысты болды. Осы факторлардың бәрі әлемдегі тұрақты жоғары инфляциялық жағдайды қалыптастырды. Сыртқы факторларға қоса жекелеген тауар нарықтарындағы ішкі үйлесімсіздіктер елдегі инфляциялық қысымды күшейте түсті. Нәтижесінде инфляция Қазақстанда 2021 жылдың ішінде Ұлттық Банктің 4-6% таргетінің шегінен тыс болды. 2021 жылдың соңында инфляция 8,9% ең жоғары көрсеткіштен қазан-желтоқсан айларында 8,4%-ға дейін төмендеді. 2021 жылдың ортасынан бастап сыртқы және ішкі инфляциялық қысым үдей түскен кезде, Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 75 базалық көрсеткішке, яғни 9,75%-ға дейін көтерді.

2022 жылғы ақпан-наурыз айларында орын алған геосаяси оқиғалар кезінде базалық мөлшерлеме 13,5%-ға дейін өсіп, энергия тасымалдағыштардың жоғары бағасына қарамастан, доллардың теңгеге шаққандағы құны 16%-ға өсті. Инфляциялық қысым 2022 жылы да сақталып келеді.

Банк секторы. Экономиканың барлық дерлік секторы қиын жағдайға тап болған кезде, еліміздің банк секторы дағдарыс оқиғасына қатысты тұрақтылық танытты. 2021 жылы экожүйелерді қалыптастыру тренді белсенді түрде жалғасын тапты. Өткен жылы отандық банктерге арналған негізгі мүмкіндіктер сыртқы, сондай-ақ клиенттік процестерді цифрландыру саласына және пайдаланушы тәжірибесін жақсартуға шоғырландырылды.

ЕДБ активтері бір жылдың ішінде елеулі 21%-ға, яғни 37,6 трлн теңгеге көбейді. Екінші деңгейдегі банктер өтімділігі жоғары активтердің елеулі қорына ие, бұл шамамен 12,3 трлн теңгені немесе активтердің 33,4%-ын құрайды. Оған қоса, банк секторы капиталдың жеткілікті қорына ие: негізгі капиталдың жеткілікті коэффициенті (к1) — 19,5%, меншікті капиталдың жеткілікті коэффициенті (к2) — 23,3%, бұл жүйе бойынша орташа алғанда белгіленген заңнамалық нормативтерден асады. Әсіресе, 2021 жылы қызмет еткен қазақстандық



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

заңнамалық нормативтерден асады. Әсіресе, 2021 жылы қызмет еткен қазақстандық банктердің ешқайсысының кредиттік рейтингінің төмендетілмегені – қызықты факт. Көптеген банктердің рейтингі көтерілді немесе бұрынғы деңгейде расталды. Оған қарамастан, 2021 жылы Қазақстанның банк секторы бірден төрт ойыншысынан айырылып, 2022 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 22 ЕДБ болды.

2021 жылғы қазан айының соңында S&P Global Ratings аналитиктері өздерінің болжамдарын жаңарта отырып, жалпы алғанда қазақстандық банктердің пандемияның алғашқы салдарына күтілгенге қарағанда жақсы төтеп бере алғанын атап өтті. Егер бұрын рейтинг агенттіктерінің сарапшылары сектор бойынша алда күтетін жаңа бірігу және жұту үрдісін көрген болса, енді олардың жаңартылған деректері бойынша жақын арадағы 1-1,5 жылда мұны күтпеген жөн.

Реттеушінің тәуекелге бағытталған қадағалау құралдарын бұдан да кең қолдануға өтуге ниеті 2021 жылдағы елеулі оқиғалардың бірі болды. Қадағалау стресс-тестілеу тәуекелге бағытталған қадағалау құралдарының бірі ретінде экономиканың даму сценарийлерін ескере отырып, капиталдың жеткіліктілігін бағалауға мүмкіндік береді деп болжанады.

ЦКБ-нің қаржылық жағдайы. Барлық сындар мен қиындықтарға қарамастан, 2021 жылы ЦентрКредит Банкінің қаржылық жағдайы біршама нығайды. Тұрақты түрде жоғары пайда алуға байланысты к1 капиталдандыру көрсеткіші жыл басындағы 11,5%-дан жыл соңында 12,8%-ға дейін өсті. Активтердегі өтімді активтердің үлесі негізінен жеке және заңды тұлғалардың депозиттік базасының айтарлықтай артуы есебінен 33%-дан 36%-ға дейін өсті, бұл – біздің салымшыларымыздың сенімінің жоғары дәрежесінің айғағы. Таза пайда мөлшері 2020 жылмен салыстырғанда 165%-ға өсіп, Банк бойынша 18,7 млрд теңгені және ЦКБ қаржы тобы бойынша 20,6 млрд теңгені құрады. Осының нәтижесінде ROE капиталына қайтарым коэффициенті 2020 жылғы 10%-дан 2021 жылы 15%-ға дейін өсті.

Мұндай қаржылық нәтижелер бөлшекті бизнес пен ШОБ дамытуды көздей отырып, клиенттер мен қызметкерлер үшін қолайлы экоорта құруға бағытталған, Банктің таңдаған Стратегиясын жүйелі түрде іске асырудың арқасында мүмкін болды. 2021 жылы біз қызықты өнімдер мен қызметтерді ұсына отырып, шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіп келдік, соның арқасында аталған сегменттің кредит портфелі өсті. ЦентрКредит Банкі шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру аясында экономиканың нақты секторларын қолдау бағдарламалары бойынша мемлекеттің негізгі бастамаларына белсенді түрде қатысты және әлі де қатысады. Бөлшекті кредиттеу саласында 2021 жылы біз өз күш-жігерімізді бұрынғыдай ипотека және автокредит беруге жұмылдырдық. Біз 48%-дан астам нарықтағы үлеспен «7-20-25» өнімі бойынша көшбасшы атандық, ал біздің автокредиттер портфеліміз

2020 жылмен салыстырғанда екі есеге өсіп, нарықтың 11 пайызына жетті.

2021 жылы біз клиенттеріміз үшін қашықтан қызмет көрсету арналарын дамытуды жалғастырдық. Өткен жыл ішінде Банк бірқатар жаңа технологиялық процестер мен IT шешімдер енгізді, олардың көмегімен Банк ұсынатын қызметтердің 90%-ын мобильді қосымша арқылы алуға болады, атап айтқанда: бірқатар негізгі өнімдер бойынша кредиттік шешімдер қабылдау, шоттар, карталар және депозиттер ашу, ақша аударымдары, тауарлар және қызметтер үшін төлем жасау, валюта айырбастау, алтын сатып алу және көптеген басқа қызметтер. Біз клиенттеріміздің ЦКБ тобы ұсынатын барлық қажетті қаржылық қызметтерді пайдалануға мүмкіндік беретін қолайлы экожүйемен қамтылуы үшін жүйелі түрде тырысып келеміз.

Қиындықтарға қарамастан, Банктің технологиялы, мықты және тұрақты бола түскенін мақтанышпен атап өткім келеді. Бұны салымшылардың сенімі, сонымен қатар кредиттеу, банктік технологиялар және карталар шығару саласындағы марапаттар растайды.

Жоғарыда аталған барлық факторларды, сонымен қатар Банктің тұрақты қаржылық жағдайын ескере отырып, 2021 жылы Moody's RA ЦентрКредит Банкінің ұзақмерзімді рейтингін B2-ден B1-ге дейін 1 деңгейге көтерді, болжам «Тұрақты».

2022 жылдың бірінші тоқсанында болған және еліміздің экономикасына елеулі әсер ететін әлемдегі геосаяси өзгерістерді назарға ала отырып, бізді Банкіміздің кірістілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс күтеді.

Алдағы уақытта да таңдалған стратегияға сәйкес біз озық тәжірибелерді енгізуді жалғастыруға, клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға, қолданыстағы барлық процестердің технологиялылығы есебінен өсімді қамтамасыз етуге және серіктестерімізбен бірге өсіп-өркендеуге бел байлап отырмыз. Біздің миссиямыз – ұзақмерзімді серіктестік қарым-қатынас құра отырып, клиенттеріміздің қамы үшін оң әрі тез шешім ұсыну.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ
БАҚЫТБЕК БАЙСЕЙІТОВ



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын, ал біздің ЦентрКредит Банкіміз негізі қаланғанының 33 жылдығын атап өтті. Бұл – біз үшін елеулі оқиға, елімізбен бірге біз маңызды межеден өтіп, үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Банктің капиталдандыру көрсеткіштері айтарлықтай өсті: к1 нормативі 11,5%-дан 12,8%-ға дейін өсіп, бизнесті бұдан әрі кеңейту мүмкіндігін ұлғайтты. Банктің қаржы тобының таза пайдасы 2021 жылғы 12 ай ішінде 8 млрд теңгеге, яғни 21 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Өтімділік көрсеткіштері 33%-дан 36%-ға дейін айтарлықтай өсті, депозиттер базасы 14%-ға ұлғайды. 2021 жылы Moody's рейтинг агенттігі Банктің қаржылық жағдайын тұрақты деп бағалап, Банктің шетелдік және ұлттық валюталардағы депозиттерінің ұзақмерзімді рейтингін B2 деңгейінен B1 деңгейіне дейін көтерді, болжам «Тұрақты».

Біз сәл бәсеңдеп, кейін 2021 жылы қайта туындаған Covid-19-бен өмір сүруге үйреніп кетті. Банктің клиенттері мен қызметкерлері үшін жасалған қауіпсіз әрі жайлы ортаны қолдауды сәтті атқарып шықтық. Осындай жағдайда жаңа өнімдер іске қосылды, бизнес-процестер жақсартылды, жалпы алғанда, Банкке үлкен апгрейд жүргізілді. Біз жаңардық, логотипімізді, миссиямызды ауыстырдық, сондай-ақ әрі қарай дамуымыз үшін басым бағыттарымызды белгіледік.

Технологиялар бірінші орынға қойылып, енді Банкпен етене жақын болды. Олар біздің сүйікті клиенттерімізді олардың күнделікті өмірін жеңілдететін түсетін оңай әрі тез шешімдермен қамтамасыз етеді. 2021 жылы ешқандай пластиксіз, смартфон арқылы төлем жасауды

ұсынатын Google Pay контактісіз төлемдер іске қосылды. Бизнеске арналған шешімді – шот бойынша #business картасын енгіздік, ол қазақстандық кәсіпкерлерге бұрынғыдан да тәуелсіз болуға және Банк бөлімшелеріне бармай-ақ өзінің мәселелерін 24/7 режимінде жедел шешуге мүмкіндік береді.

Дайын тұрғын үй, сонымен қатар құрылысқа үлестік қатысу үшін икемді талаптар ұсынатын «#Ипотека» бірегей өнімі іске қосылды. Өнім қысқа мерзім ішінде қазақстандықтар арасында сұранысқа ие болды. Өзіңнің жеке жайлы тұрғын үйің – ошағың – отбасының бақытты өмірінің ең маңызды бөлшектерінің бірі. Дәл осы себепті біз клиенттерімізге еш шектеусіз ең қолайлы талаптарды ұсынамыз.

Құрметті клиенттерімізге – зейнетақы мен жәрдемақы алушыларға арналған сервис өз жұмысын бастады. Енді оларға ХҚО-ға бармай-ақ, бөлімшеге бір рет қана келіп, көтеріңкі кэшбэк беретін #ҮлкенгеҚұрмет картасын ресімдеу ғана жеткілікті.

Банк VISA халықаралық төлем жүйесінің нұсқасы бойынша бірден 11 номинация бойынша жеңімпаз атанды. Барлық бағыттар – #картакарта, #Ironcard, #JuniorCard бойынша біздің карталарымызды пайдаланушылардың саны артып келеді. Олармен бірге BCC Club серіктестік бағдарламасына қатысушылардың саны да артып отыр, бұл бағдарлама бойынша біздің сүйікті клиенттерімізге көтеріңкі кэшбэк, бөліп төлеуді ресімдеу және жеңілдіктер ұсынылады.


Қазақстан Республикасындағы және бүкіл әлемдегі жасыл экономика қазіргі таңда өте өзекті, сондықтан әлемдегі жетекші қаржы институттары энерготиімді технологияларды қолдауға назар аударады. Жасыл қаржыландыру біздің Банк үшін де стратегиялық дамудың басым бағыты болып табылады. Осыған байланысты біз жасыл технологияларды дамытудың ғаламдық бағдарламасы – Green Economy Financing Facility аясында ЕҚДБ-ның серіктес-банкі атанғанымызға шынайы қуаныштымыз.

Біз «Орталық Азиядағы Үздік HR-бренд» премиясына ие болдық. Бұл – біз үшін маңызды марапат. Команда 4000-нан аса қызметкерден тұрады, сондай-ақ адамзат капиталы қазіргі таңда біз үшін басым орынға ие. Біз адамдардың құзыретін, білімі мен шығармашылығын, сондай-ақ бастысы алға қойған мақсатқа жетудегі синергетикалық әсерге ие болатын командалық жұмысын бағалаймыз. Біз бірге дұрыс жолмен жүріп келеміз деп сенемін, қол жеткізген нәтижелеріміз соның айғағы.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ
ҒАЛЫМ ХҰСАИНОВ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ



Дереккөз: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

БАНК ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ



«BCC INVEST» АҚ
БРОКЕРЛІК-ДИЛЕРЛІК
ҚЫЗМЕТ



«CENTERPROJECT» ЖШС
СТРЕТИК АКТИВТЕРДІ
БАСҚАРУ



«ЦЕНТР ЛИЗИНГ» ЖШС
ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ ЖӘНЕ
ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ БАСҚАРУ

РЕЙТИНГТЕР

S&P Global
Ratings

B

«ТҰРАҚТЫ»
26.01.2022

MOODY'S

B1

«ТҰРАҚТЫ»
12.04.2022

ӨҢІРЛІК ҚАТЫСУ

19

■ ФИЛИАЛ

127

■ БӨЛІМШЕ (2021 ЖЫЛЫ 12)

279


■ АТТ

610

■ БАНКОМАТ

7 866

■ POS-ТЕРМИНАЛ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП



БАНК ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

19.09.1988

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы 1988 жылғы 19 қыркүйекте құрылған және Қазақстан Республикасының ең алғашқы банктерінің бірі болып табылады. ЦентрКредит Банкі – Қазақстанның барлық өңірлерінде жоғары технологиялы қаржылық қызметтердің толық спектрін ұсынатын, еліміздің банк жүйесіндегі көшбасшылардың бірі.



Бүгінгі таңда Банктің Республика бойынша кең тараған филиалдық желісі бар, Қазақстан бойынша 19 филиалда және 127 бөлімшеде заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсетеді. Банктің 2 млн астам жеке тұлға және 110 мыңнан астам заңды тұлға клиенттері бар. Банктің корреспонденттік желісіне 40-қа жуық шетелдік банк кіреді, бұл дүние жүзі бойынша есеп айырысуға мүмкіндік береді.



Клиенттердің әрбір санатының бірегей өнімі болуы үшін және банктік қызметтерді барынша қолайлы пайдалануы үшін Банк инновациялар мен жайлылыққа ерекше мән береді.



ЦентрКредит Банкі кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалардың барлығына дерлік белсенді түрде қатысады, сарапшылар қоғамдастығының пікіріне сәйкес бірнеше рет Қазақстандағы ШОБ үшін үздік банк деп танылған.



2021 жылдың қорытындысы бойынша Банк «7-20-25» бағдарламасын іске асыруда көшбасшы, Орталық Азиядағы үздік HR-бренд және VISA нұсқасы бойынша 11 номинация бойынша жеңімпаз болып табылады.

БАНКТИҢ CALL-CENTER ОРТАЛЫҒЫ:



505 – жеке тұлғалар үшін Қазақстан бойынша мобильді телефоннан қоңырау шалу тегін

605 – заңды тұлғалар үшін Қазақстан бойынша мобильді телефоннан қоңырау шалу тегін



+7 (747) 11 11 505 – жеке тұлғалар үшін WhatsApp Call-орталығы

+ 7 (747) 11 11 605 – заңды тұлғалар үшін WhatsApp Call-орталығы

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

ҚАҢТАР

ЦентрКредит Банкі өзінің филиалдық желісін кеңейтті.

ЦентрКредит Банкі «7-20-25» ипотекасы және «Баспана-Хит» ипотекасы бағдарламалары аясында «Миллионмен қоныстой» акциясын ұсынды.

ЦентрКредит Банкі Huawei және Honor смартфондарына арналған қосымшалар маркеті – AppGallery-де заңды тұлғаларға арналған Starbusiness қосымшасын ұсынды.

ЦентрКредит Банкі #картакарта болған кезде, жалақы жобасына қатысушыларға кэшбэкті 2%-ға дейін көбейтті.

ЦентрКредит Банкі «Бизнес-клиенттерге арналған қызмет пакеттері» атты жаңа сервисті енгізді.

ЦентрКредит Банкі ұсынған Junior Bank өнімін ұнатып пайдаланатындардың саны 4 айдың ішінде 600%-ға өсті.

ЦентрКредит Банкі Junior Bank жобасының аясында балаларға арналған қаржылық білім беру жобасын ұсынды.

Заңды және жеке тұлғаларға арналған шот бойынша #business картасы жаңа өнімін іске қосты.

ЦентрКредит Банкі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға БЖЗҚ-дан берілетін төлемдерді есептеу бойынша оператор болды.

ЦентрКредит Банкі ШОБ үшін 6%-бен кредит беру бойынша ең тез мақұлдауды ұсынды.

АҚПАН

ЦентрКредит Банкі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға БЖЗҚ-дан берілетін төлемдерді есептеу бойынша оператор болды.

ЦентрКредит Банкі біржолғы зейнетақы төлемдері есебімен алғашқы ипотекалық кредит берді.

ЦентрКредит Банкі «Эталон» / «Эталон+» салымшылары үшін #картакарта бойынша кэшбэкті екі еселеді.

ЦентрКредит Банкі клиенттерді 585 сынамалы, салмағы 0,201 грамм нағыз сары алтыннан жасалған #IronCard ерекше премиум карталарымен марапаттады.

ЦентрКредит Банкі 1 миллион теңгеден басталатын күнделікті қалдық болған кезде, #картакарта бойынша кэшбэкті екі еселеді.

ЦентрКредит Банкі – «7-20-25» бағдарламасын іске асыру бойынша үздік банк!

НАУРЫЗ

ЦентрКредит Банкі ұсынған IronCard премиум карталар нарығын батыл түрде бағындырды.

ЦентрКредит Банкі жарғылық капиталын 2,4 млрд теңгеге ұлғайтты.

СӘУІР

ЦентрКредит Банкі Қазақстанда алғашқы болып динамикалық CVV-код қызметін іске қосты, осы кодты іске қосқан кезде, ұштаңбалы код оны пайдаланған әр сәтте ауысып отырады.

ЦентрКредит Банкі Орталық Азиядағы Үздік HR-бренд атанды.

Тұрғын үй бұрынғыдан қолжетімді болды – ЦентрКредит Банкі «#Ипотека» жаңа өнімін ұсынды.

МАМЫР

ЦентрКредит Банкі зейнетақыны #ҮлкенгеҚұрмет картасына қолайлы алуға арналған бірегей сервисті ұсынды.

МАУСЫМ

ЦентрКредит Банкі BCC.KZ мобильді қосымшасында толықтырудың барлық параметрлерін күйге келтіруге мүмкіндік беретін жаңа әрі бірегей сервисті – «Менің мақсатым» депозитін ұсынады.

ШІЛДЕ

ЦентрКредит Банкі мен ЕҚДБ жасыл экономика (GEFF) бойынша кредиттік желіге қол қойды.

ЦентрКредит Банкі «JuniorBank-пен өткізетін жаз» және «#JuniorBank1жыл» супер-акцияларын өткізді.

S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ұзақмерзімді және қысқамерзімді кредиттік рейтингтерін халықаралық шәкіл бойынша «В/В» деңгейінде, ұлттық шәкіл бойынша «kzBB+» деңгейінде растады. Болжам – «Тұрақты».

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

ТАМЫЗ

ЦентрКредит Банкі Жаркент қаласының тұрғындары үшін #картакарта бойынша марафон өткізді.

ҚЫРКҮЙЕК

2021 жылғы 19 қыркүйекте ЦентрКредит Банкіне 33 жыл толды.

Standard&Poog's агенттігі ЦентрКредит Банкінің рейтингін – халықаралық шәкіл бойынша «B/B» деңгейіне, сонымен қатар ұлттық шәкіл бойынша «kzBB+» деңгейіне көтерді, болжам – «Тұрақты».

ЦентрКредит Банкі жасыл технологияларды қаржыландыру бағдарламасы бойынша ЕҚДБ-ның серіктес-банкі атанды.

ЦентрКредит Банкі Текелі қаласында өз бөлімшесін ашты.

ҚАРАША

Moody's халықаралық рейтинг агенттігі «Банк ЦентрКредит» АҚ депозиттерінің ұзақмерзімді рейтингтерін B2-ден B1-ге дейін көтерді, болжам «Тұрақты».

ЖЕЛТОҚСАН

ЦентрКредит Банкі Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Google Pay контактісіз төлемдерін іске қосты.

ЦентрКредит Банкі VISA халықаралық төлем жүйесінің нұсқасы бойынша бірден 11 номинация бойынша жеңімпаз атанды.

БАНКТИҢ 2021 ЖЫЛДАҒЫ МАРАПАТТАРЫ



ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІ – «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША КӨШБАСШЫ

«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ 2021 жылдың қорытындысы бойынша ЦентрКредит Банкі «7-20-25» бағдарламасының көшбасшысы деп таныды. 2021 жылы Банк «7-20-25» ипотекалық бағдарламасының аясында 82,5 млрд жуық ипотекалық қарыз берді және 6300-ге жуық пәтер сатып алынды.



ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІ – ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҮЗДІК HR-БРЕНД

ЦентрКредит Банкі «Орталық Азиядағы HR-бренд премиясының» иегері атанып, «Өңір» номинациясында алтын мүсіншеге ие болды. Конкурсқа Қазақстанның, Қырғызстан мен Өзбекстанның 30-дан аса компаниясы қатысты. Шешім қабылдау кезінде қазылар алқасы конкурсқа қатысушылар ұсынған үздік HR-тәжірибелерге сүйенді. «Орталық Азиядағы HR-бренд» – қызметкерлермен жұмыс жүргізу саласындағы үздік жобаларды атап өтетін, жұмыс берушілерге арналған әйгілі әрі мәртебелі премия.



ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІ – MASTERCARD НҰСҚАСЫ БОЙЫНША ЕҢ БЕЛСЕНДІ ЭКВАЙРИНГ

Mastercard халықаралық төлем жүйесі ЦентрКредит Банкінің оның эквайринг желісінің, айналымдарының өсуі және Банк ерекше назар аударатын технологиялық дамуы үшін марапаттады.



ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІ – VISA НҰСҚАСЫ БОЙЫНША 11 НОМИНАЦИЯ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗ

2021 жылдың қорытындысына сәйкес ЦентрКредит Банкі VISA халықаралық төлем жүйесінің нұсқасы бойынша бірден 11 номинация бойынша жеңімпаз атанды.

БАНК ҮШ БАҒЫТ БОЙЫНША КӨШБАСШЫ АТАНДЫ:

- #картакарта – бөліп төлеу өнімдері бойынша көшбасшы;
- #JuniorBank – балалар картасы 2021;
- Үздік Visa Infinite #IronCard – премиум сегменттегі көшбасшы.

КЕЛЕСІ ҚЫЗМЕТТЕРДІ СӘТТИ ІСКЕ ҚОСҚАНЫ ҮШІН МАРАПАТТАРҒА ИЕ БОЛДЫ:

- Қазақстандағы контактісіз банкоматтың алғашқы эквайері;
- Tap to Phone – контактісіз төлемдерді қабылдау;
- Visa Alias – телефон нөмірі бойынша ақша аудару;
- Google Pay – ұялы телефон арқылы төлем жасау;
- Visa Business Platinum – премиум санатындағы бизнес-карта.

КАРТАЛАРДЫ ШЫҒАРУ ӨСІМІ БОЙЫНША НОМИНАЦИЯЛАРДА ҮЗДІК ДЕП ТАНЫЛДЫ:

- Visa Business;
- 2021 жылғы барлық портфель бойынша.

VISA INFINITE КАРТАСЫНЫҢ ҮЗДІК ЭМИТЕНТІ ДЕП ТАНЫЛДЫ.


МАКРОЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫН ШОЛУ

ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

- Елдер жеткізілімдердегі іркілістер, инфляцияның көтерілуі, борыштың рекордты деңгейі мен сақталып келе жатқан белгісіздік мәселелеріне тап болғандықтан, экономикалық даму қарқыны бәсеңдеп келеді.
- ХВҚ болжамы бойынша 2022 жылы экономиканың өсуі 4,4%-ға төмен болады, 2021 жылы 5,9% болған.
- 2022 жылға арналған инфляция бойынша болжам қазан айындағымен салыстырғанда, дамыған елдер бойынша 1,7 есе дерлік (2,3%-дан 3,9%-ға дейін) және дамып келе жатқан елдер бойынша бестен бір бөлікке ұлғайды.
- Әлем экономикасының дивергенциясы сақталып келеді: дамыған елдер пандемияға дейінгі деңгейге жеткен болса, дамып келе жатқан елдердің шығынға ұшырауы жалғасып келеді.

ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ПРОЦЕСІНІҢ БҰЗЫЛУЫ


2022 жылға арналған нақты ЖІӨ өсімінің болжамы кему жағына қарай қайта қарастырылды (Пайыздық тармақтармен)



Дереккөздер: «Әлемдік экономиканы дамыту перспективалары» ХВҚ және ХВҚ қызметкерлерінің есебі. Ескерту. Қайта қарастыру ӘЭДП 2022 жылғы қаңтардағы бюллетені мен ӘЭДП 2021 жылғы қазандағы шығарылымының 2022 жылға арналған нақты ЖІӨ өсімінің болжамдары арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Теріс нәтиже өсу болжамының кему жағына қарай қайта қарастырылғанын көрсетеді.

ИНФЛЯЦИЯ БОЛЖАМЫ ӨСУ ЖАҒЫНА ҚАРАЙ ҚАЙТА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН


Бағаға қысымның едәуір ұзақ уақыт сақталатыны күтілуде (Пайызбен, өткен жылдың дәл сол кезеңіне қатысты)



Дереккөз: «Әлемдік экономиканы дамыту перспективалары» ХВҚ және ХВҚ қызметкерлерінің есебі.

ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БОЙЫНША АЛШАҚТЫҚТАРДЫ САҚТАУ


Нарығы қалыптасып келе жатқан елдер мен дамушы елдерде орташамерзімді перспективада, өндіріс көлемінде ірі шығындар орын алуы мүмкін (Дағдарыс трендіне дейінгі ауытқу, пайызбен)



Дереккөздер: «Әлемдік экономиканы дамыту перспективалары» ХВҚ және ХВҚ қызметкерлерінің есебі. Ескерту. Бағандардың өлшемі дағдарыстан кейін төрт жыл өткеннен кейінгі нақты өндіріс көлемі мен дағдарысқа дейінгі аталған өңірлік топқа қатысты қолданылатын кезең үшін өндіріс көлемінің арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ЖАНДАНУЫ ЖӘНЕ ОБ-НЫҢ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫН ҚАТАЙТУ

ЭНЕРГОТАСЫМАЛДАҒЫШТАР, МЕТАЛЛ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІ БАҒАСЫНЫҢ РЕКОРДТЫ ТҮРДЕ ӨСУІ




Дереккөз: Дүниежүзілік банк

- Сұраныстың тез қалпына келуі жағдайында 2021 жылғы әлемдік инфляция 2,1%-дан 6%-ға дейін жеделдеді.
- Әлемдік өндірістік тізбелердің бұзылуымен қатар шикізат тауарлары мен металл бағасының тез өсуі байқалады. Brent маркалы мұнай 50%, Еуропа нарығындағы газ 9 есеге дерлік қымбаттады, Лондон металл биржасының индексі 25%-ға ұлғайды.
- Баға өсімінің жедел қарқыны азық-түлік өнімдеріне қатысты да байқалды. FAO индексі 20%-дан аса өсті. Май, қант және астық бағасы бәрінен де тез өсті. Көп жағдайда бұған экспорттық жеткізілімдердің азаюы және бұрынғыға қарағанда егіннің мардымсыз болуы ықпал етті.
- Бағаның тез өсуіне жауап ретінде орталық банктердің көпшілігі мөлшерлемерді көтеруге немесе риториканың қатайтуға өте бастады.
- Негізінен Қазақстан, Ресей, Чехия, Венгрия және Польша елдерінің орталық банктері жылдың ортасынан бастап-ақ мөлшерлемелерді көтере бастады. Дамыған елдер арасында бірінші болып Оңтүстік Корея тамыз айында, ал Ұлыбритания желтоқсан айында мөлшерлемерді көтерді.
- 2022 жылғы 10 наурыз ҚР ҰБ базалық мөлшерлемені 13,50% деңгейінде сақтады, бұл кезде осыған дейін 24 ақпанда ҰБ Украина аумағындағы әскери қақтығыс пен өршіген геосаяси белгісіздіктің басталуына жауап ретінде базалық мөлшерлемені 325 б.к. көтеру туралы кезектен тыс шешім қабылдады.


БАҒАҒА ҚЫСЫМНЫҢ БАЗАЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Бағаға қысымның базалық факторлары Көрсеткіштері әртекті болғанымен, тұтынушылық бағалардың базалық инфляциясы ұлғайды (2019 жылдың соңынан қоса алғанда 2021 жылғы қазанға дейінгі жиынтық базалық инфляция немесе соңғы деректер, жылдық есеппен, пайызбен)

Экономикасы дамыған елдер



Нарығы қалыптасып келе жатқан елдер



Дереккөз: Haver Analytics, Global Data Source ХВҚ деректер базасы және ХВҚ қызметкерлерінің есебі.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ЖІӨ ӨСУИ
+4,0%

НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН
ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ КӨЛЕМІ
+3,5% (13,2 ТРЛН ТЕҢГЕ)

ИНФЛЯЦИЯ
8,4%

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ
4,9%

САУДА БАЛАНСЫНЫҢ ӨСУИ (2021 Ж.)
ЭКСПОРТ \$60,3 МЛРД (26,9%)
ИМПОРТ \$41,2 МЛРД (5,8%)

2021 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫ
1,7 ТРЛН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ.

ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

+11,4%
ҚҰРЫЛЫС
ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА 19,1%, ЯҒНИ 2,4 ТРЛН ТЕҢГЕ ҚАРАЖАТ БАҒЫТТАЛДЫ

-2,4%
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЕЛДІҢ БІРҚАТАР ОБЛЫСТАРЫНДА ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫ ЖАЛПЫ ЖИНАУ ДЕҢГЕЙІ БАЙҚАЛДЫ


+9,2%
САУДА
БӨЛШЕКТІ ЖӘНЕ КӨТЕРМЕ САУДА СӘЙКЕСІНШЕ 6,5%-ҒА ЖӘНЕ 10,5%-ҒА ӨСТІ

+3,6%
КӨЛІК
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫ 1,4%-ҒА ТӨМЕН-

+3,8%
ӨНЕРКӘСІП
ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЖӘНЕ ТАУ-КЕН ӨНЕР-КӘСІБІНІҢ ЖЕКЕ САЛАЛАРЫНЫҢ ӨСУИ


+12,9%
БАЙЛАНЫС
ҮЛКЕН СҰРАНЫСҚА ИЕ ҚЫЗМЕТТЕР: ИНТЕРНЕТ ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ

ТЕҢГЕ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ




■ Биржадағы сауда-саттық көлемі, млн доллар АҚШ
■ Linear (Биржадағы сауда-саттық көлемі, млн доллар АҚШ)
■ USD/KZT бойынша орташа алынған биржалық бағам

АҚШ-ТЫҢ 10 ЖЫЛДЫҚ МБҚ КІРІСТІЛІГІ, АҚШ ДОЛЛАРЫНЫҢ ИНДЕКСІ




■ АҚШ-тың 10 жылдық МБҚ кірістілігі
■ АҚШ долларының индексі (DXY) (оң жақтағы ось)

ВАЛЮТА ИНДЕКСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ ЕМ, АЛТЫННЫҢ ҚҰНЫ (31.12.2019Ж.=100) ЖӘНЕ МҰНАЙ



■ Алтын
■ ЕМ валюталарының индексі

БӨЛШЕКТІ СЕКТОР КРЕДИТТЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ӨСІМІНЕ КОМПОНЕНТТЕР САЛУ, Ж/Ж, %




■ Ипотека
■ Тұтынушылық кредиттер
■ Басқа кредиттер

ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАДА 2021 ЖЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛЫ КҮТІЛЕТІН ЖАЙТТАР

1. Жоғарыда көрсетілген барлық факторлар әлемде, сондай-ақ Қазақстанда инфляциялық қысымның сақталып келетінін білдіреді.
2. ФРС қатаң АКС-ға өтуді жалғастырады және АҚШ-та 2021 жылдың қорытындысы бойынша 6%-ға жеткен инфляцияны төмендету мақсатында мөлшерлемелерді көтереді.
3. Бұл өз кезегінде АҚШ-тың мемлекеттік және корпоративтік облигацияларының кірістілігінің өсуіне әкеледі, мұны біз қазірдің өзінде байқап отырмыз. 2 жылдық УТ кірістілігі 1,2%-ға жетті.
4. ФРС-нің риториканы қатайтуы АҚШ долларының позициясын да нығайтады.
5. Американың активтері мен міндеттемелерінің кірістілігінің өсуі дамып келе жатқан нарықтағы капиталдың жылыстауына және ұлттық валютаның әлсіреуіне әкеп соғады.
6. Қазіргі таңда инфляцияның барлық елде дерлік жеделдеуіне, ал көптеген елдерде мемлекеттік борыштың айтарлықтай өсуіне байланысты салдар бұрынғыдан да теріс болуы мүмкін, сондай-ақ АҚШ-тағы мөлшерлемелердің көтерілуі сыртқы қарыздарға қызмет көрсету құнының ұлғаюына әкеледі.
7. Осы тәуекелдерді, сонымен қатар ішкі инфляцияға қатысты күдіктерді ескере отырып, кейбір дамып келе жатқан елдер мөлшерлемелерді көтере бастады.
8. Инфляцияға жауап ретінде РФ ОБ да АКС-ны қатайтуға өтті. 2021 жылдың басынан бастап мөлшерлеме қатарынан 7 мәжілісте жылдық 4,25%-дан 8,5%-ға дейін өсті. Бұл ретте желтоқсанда өткен соңғы мәжілісте мөлшерлемелердің әрі қарай да көтерілетіні туралы нышан танытылды.
9. Жоғарыда аталған факторларды есепке ала отырып, ҚР ҰБ базалық мөлшерлемені көтеруді жалғастыруы әбден мүмкін. Бұл 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында теңгеге деген құнсыздану қысымының сақталуын, ал пайыздық мөлшерлемелердің өсетінін білдіреді.
10. Осыған қоса 2022 жылғы ақпан айының соңында Украинада басталған әскери қақтығыс Ресейге қарсы бұрын-соңды болмаған геосаяси санкцияларға әкеп соқты. Ол өз кезегінде Қазақстанға да жанама әсерін тигізіп отыр, өйткені ЕАЭО-ның ең ірі екі экономикалары арасындағы тығыз сауда қатынасы орнаған. Бұл ел экономикасының келешегінің неғайбыл болуына, атап айтқанда теңгенің қатты құнсыздану қаупіне, жоғары инфляцияға және сыртқы сауда айналымы құрылымының кенет өзгеруіне әкеп соғады.

ВАЛЮТАЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАР

Нарығы қалыптасып келе жатқан елдерге капитал ағымы өткен кезеңдерде, АҚШ долларының бағамы басқа негізгі валюталарға қатысты артқан кезде, азайып жатты (Доллар индексі, нарығы қалыптасып келе жатқан елдерге инвестициялар ағымы, млрд АҚШ долларымен)




Корреляция коэффициенті = -0,67

- НДЕ-ге / НДЕ-ден (Қытайды қоспағанда) портфельдік инвестициялар ағымы
- АҚШ долларының индексі

Дереккөз: Datastream және ХВҚ қызметкерлерінің есебі.
Ескерту. Федералды резерв жүйесі долларының жалпы номиналды индексі, Орташа күндізгі белгілер (2006 жылғы қаңтар = 100). Белгінің артуы бағамның артуын білдіреді.

ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАДА 2021 ЖЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛЫ КҮТІЛЕТІН ЖАЙТТАР


РФ ОБ ИНФЛЯЦИЯҒА ЖАУАП РЕТІНДЕ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ АЙТАРЛЫҚТАЙ КӨТЕРДІ



■ Инфляция ж.ж. (-1 ай)
 ■ Негізгі мөлшерлеме

Дереккөз: CEIC, Ресей Банкі

UST 2Y КІРІСТІЛІГІ 1,2%-ҒА ЖЕТТІ



БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2021 жылдың қыркүйек айында Банктің миссиясын белгілеу бойынша трансформациялық жоба іске қосылды. Процеске Банктің амбассадорларының қатысуымен digital-құралдар мен фасилитациялық офлайн-сессиялар арқылы 3000-нан аса қызметкер жұмылдырылды. 30 қазанда Жалпы банктік қорытынды жиналыста Басқарма төрағасы Банктің миссиясын жариялады.

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:


«БІЗ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ СЕРІКТЕСТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚҰРА ОТЫРЫП, КЛИЕНТТЕРІМІЗДІҢ ҚАМЫ ҮШІН ОҢ ӘРІ ТЕЗ ШЕШІМ ҰСЫНАМЫЗ»



ҚАРАПАЙЫМ ӨНІМДЕР

Операцияны алғашқы әрекеттен-ақ аяқтаған жаңа клиенттердің үлесі

Бір клиентке ұсынылатын өнімдер саны Клиенттерді жаппай тарту (якорлық өнімдер)



ИКЕМДІ ПРОЦЕСТЕР

Тұрақты процестер

Омниарналылық

Қолжетімді барлық арналардағы процестің кез келген қадамының толық енуі (кез келген арнада енгізілген ақпараттың сақталуы)



КӘСІБИ МАМАНДАР КОМАНДАСЫ

Жоғарғы 20% қызметкерлердің жұмыстан кетуі 2%-дан төмен / төменгі 20% қызметкерлердің жұмыстан кетуі 50%-дан жоғары

1 қызметкер бойынша кірістіліктің жылдық өсімі кемінде 15 %-ды құрайды



БРЕНД ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ

Банктің клиенттері – экономикалық тұрғыдан белсенді 4 млн халық

NPS – ҚР-дағы басқа ЕДБ үшін бенчмарк



ТИІМДІ БАНК


Бір клиентке шаққандағы кіріс

ROE

CIR

БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: ҚАРАПАЙЫМ ӨНІМДЕР

ББ



КАРТОЧКА БИЗНЕСІ

2025
4 млн клиент белсенді түрде төлемдер мен аударымдар жасайды
30% – ақша аудару жүйелері бойынша нарықтағы үлесі
Банк – ХТЖ мен финтех-компанияларға арналған платформа және серіктес



БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: ҚАРАПАЙЫМ ӨНІМДЕР

ШБ

| ШБ БЕЛСЕНДІ КЛИЕНТТЕРІНІҢ САНЫ | 2021 | 2025 | |
|--------------------------------|--------|---------|-------|
| | 73 МЫҢ | 160 МЫҢ | +119% |

ІБ

| ІБ БЕЛСЕНДІ КЛИЕНТТЕРІНІҢ САНЫ | 2021 | 2025 | |
|--------------------------------|---------|---------|------|
| | 0,8 МЫҢ | 1,2 МЫҢ | +42% |

ОБ

| ОБ БЕЛСЕНДІ КЛИЕНТТЕРІНІҢ САНЫ | 2021 | 2025 | |
|--------------------------------|---------|---------|-------|
| | 1,9 МЫҢ | 3,8 МЫҢ | +103% |

ЯКОРЛЫҚ ӨНІМДЕР

КРЕДИТТІК ӨНІМДЕР:

- Дамушы бизнес
- Шот бойынша кредиттік лимит
- Бизнес-кредит және жаңартылатын кредит желісі

КРЕДИТТІК ЕМЕС ӨНІМДЕР


- ЖК үшін онлайн шот ашу
- Шотқа тіркелген карта
- Өзін-өзі инкассациялау және онлайн инкассация
- Сақтандыру (мүлік, жабдық, автокөлік, ауыл шаруашылығы техникасы, арнайы техника)

- Онлайн режимінде жаппай ұсынылатын барлық өнімдер
- ШБ арналған банктік емес сервистер

- СТҚ:

- дистрибьюторларды қаржыландыру
- факторинг
- сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру
- шот-фактураларды дисконттау
- ЗТ арналған лизинг
- Қардарлық арқылы кепілдіктерді online шығару
- Bussines Partner және Bussines Capital
- Сақтандыру (мүлік, жабдық, автокөлік, ауыл шаруашылығы техникасы, арнайы техника)

БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: ОҢТАЙЛЫ ПРОЦЕСТЕР



БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: КӘСІБИ МАМАНДАР КОМАНДАСЫ



БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: БРЕНД ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ

БАНКТИ ӨЗ ІСІ БОЙЫНША ЕҢ ҮЗДІК БАНК РЕТІНДЕ ПОЗИЦИЯЛАУ

(ЖЕҢІСТЕРІ ТУРАЛЫ АЙТУ)



- #1 HR brand
- The Best SME
- #1 Marksw Webb bcc.kz
- Ипотека бойынша #1
- Банк ішінде жеңістерді белсенді насихаттау

БАНКТИҢ БРЕНДІН ЖАҢАРТУ




- Біз бүкіл отбасыға арналған технологиялы, қарапайым және қолайлы банк ретінде қабылдануымыз қажет
- Банктің әр қызметкері – бренд амбасадоры

ТЕК БАНК ЕМЕС, ОДАН АРТЫҚ



- Нарықтағы NPS-бенчмарк
- Барлық коммуникацияларда клиенттің тілімен сөйлейміз
- Операциялық орталықтағы супермендер
- Ішкі клиенттер үшін ең үздік сервис

БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: ТИІМДІ БАНК



НЭТИЖЕЛЕРДІ ШОЛУ




БӨЛШЕКТІ БИЗНЕС

БӨЛШЕКТІ КРЕДИТ БЕРУ


Банк тобы бойынша жеке клиенттердің несие портфелі 2022 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 578,2 млрд теңгені («7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары аясында берілген қарызды қосқанда) құрады. Портфель бойынша өсім бір жылда 29%-ды құрады.

2021 жылы автокредиттер көлемі 95%-ға немесе 29 млрд теңгеге айтарлықтай көбейді, ипотекалық қарыздардың көлемі («7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары аясында берілген қарызды қосқанда) жылдың қорытындысы бойынша 34%-ға немесе 105 млрд теңгеге өсіп, бөлшекті бизнестің несие портфелінің құрамындағы ең үлкен 71% үлесін (2020 жылдың қорытындысы бойынша – 68%) сақтап қалды.


“БАСПАНА” ҚОСҚАНДА, ИПОТЕКАЛЫҚ ПОРТФЕЛЬ ДИНАМИКАСЫ (БРУТТО) МЛРД ТЕҢГЕ



АВТОКРЕДИТ БЕРУ ДИНАМИКАСЫ (БРУТТО) МЛРД ТЕҢГЕ



ТҰТЫНУШЫЛЫҚ КРЕДИТТЕР ДИНАМИКАСЫ (БРУТТО) МЛРД ТЕҢГЕ



Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

БӨЛШЕКТІ БИЗНЕС

2021 ЖЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР



ИПОТЕКА

САТУ

196,3 МЛРД ТГ

КЛИЕНТТЕР

16,9 МЫҢ



АВТО

САТУ

39,5 МЛРД ТГ

КЛИЕНТТЕР

7,7 МЫҢ

Автокредит беру нарығындағы айтарлықтай өсім үлесі 6%-дан 11%-ға дейін



КЕПІЛ

САТУ

20,8 МЛРД ТГ

КЛИЕНТТЕР

2,5 МЫҢ

Меншікті ипотека

Баспана ХИТ, УҚШ

Сақтандыру

Кредит беру туралы онлайн шешім

2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН МАҚСАТТАР



ИПОТЕКА

САТУ

226 МЛРД ТГ

КЛИЕНТТЕР

21,5 МЫҢ



АВТО

САТУ

60 МЛРД ТГ

КЛИЕНТТЕР

10,5 МЫҢ



КЕПІЛ

САТУ

40 МЛРД ТГ

КЛИЕНТТЕР

5 МЫҢ


ЖАЛПЫ ПОРТФЕЛЬ - 326 МЛРД ТГ
КЛИЕНТТЕР САНЫ - 37 МЫҢ

ТӨЛЕМДЕР МЕН АУДАРЫМДАР. 2021 ЖЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР


**ТЕЛЕФОН НӨМІРІ БОЙЫНША
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДАРЫМДАРДЫ
ІСКЕ ҚОСУ**




Р2Р АУДАРЫМДАРЫН ЖҮРГІЗЕТІН КЛИЕНТТЕР, МЫҢ



Р2Р АУДАРЫМДАРЫ БОЙЫНША ТРАНЗАКЦИЯЛАР САНЫ, МЫҢ




БАНКТИҢ WESTERN UNION ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҮЛЕСІ



- 2021 жылы төлемдердің орташа саны 18%-ға артты, бұл ретте өсім төлемдердің барлық негізгі түрлері бойынша бақыланады.
- Сервистерді жетілдіре отырып, 2021 жылы Банк BCC.KZ мобильді қосымшасында телефон нөмірі арқылы жүргізілетін трансшекаралық аударымдарды іске қосты. Біз аталған аударым түрін іске қосқан ҚР аумағындағы алғашқы банкпіз, осыған байланысты 2021 жылдың қорытындысы бойынша VISA компаниясының марапатына ие болдық.
- Банк ҚР аумағында Western Union компаниясының ең ірі өкілі болып табылады. 2021 жылы Банк WesternUnion бойынша ҚР нарығындағы үлесін 7%-дан 21%-ға ұлғайтты.
- Банк ақша аудару сервистерін дамытуды жалғастырып келеді, соның нәтижесінде 2021 жылы р2р аударымдарын жүргізетін бірегей клиенттердің саны 145%-ға өсті, р2р аударымдарының саны 154%-ға өсті.
- Банк 2020 жылдың соңында ұдайы төлемдер қызметін іске қосты, ол белгіленген күні таңдалған қызметті жеткізушінің атына автоматты түрде төлем жасауға мүмкіндік береді. 2021 жыл ішінде Банктің клиенттері 63 мыңнан астам ұдайы төлемдерді іске қосты.

САҚТАНДЫРУ. 2021 ЖЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

2021 ЖЫЛҒЫ 15 ШІЛДЕДЕ SA СЕРІКТЕСІМЕН БІРГЕ #АВТОКРЕДИТ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА САҚТАНДЫРУ ӨНІМІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ.




КАСКО БОЙЫНША КЛИЕНТТЕРДІ ҚАМТУ

57%



ЖТ САЛЫМДАРЫ. 2021 ЖЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

ЖЕКЕ ТҰЛҒА КЛИЕНТТЕР- ДІҢ ҚАРАЖАТЫ, МЛРД ТҒ




- ЖТ клиенттердің қаражаты 15,6%-ға өсіп, 782 млрд теңгені құрады.
- 2021 жылдың қорытындысы бойынша жаңа салымшылардың өсімі 21% құрады.

2022 ЖЫЛҒА КӨЗДЕЛГЕН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

- «Менің мақсатым» салымын дамыту және апгрейд жасау
- Жаппай сегментті ұлғайту есебінен өсу

САЛЫМШЫЛАР, МЫҢ




АЛТЫН

ҚР ҰБ халыққа өлшенбелі құймаларды іске асыру бағдарламасының аясында Банк жалпы салмағы 235,9 кг құрайтын 5 984 алтын құйманы сатты.

2022 ЖЫЛҒА КӨЗДЕЛГЕН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

- алтын құймаларды bcc.kz қосымшасында сатып алып алу, броньдау
- алтын құймаларды сату көлемі бойынша Банктің үлесін 40%-ға дейін ұлғайту

ҚҰЙМА




Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

Банк 2020 жылы операция жасау үшін KASE биржасына тікелей қол жеткізу мүмкіндігімен шетел валютасын сатып алу-сату бойынша бірегей платформаны іске қосты. Банк – жеке және заңды тұлға клиенттеріне осы сервисті ұсынған нарықтағы алғашқы және жалғыз банк.


Екі жыл бойы біз сервисті пайдаланатын клиенттер санын, транзакциялар көлемі мен санын ұлғайта отырып, көшбасшы позициясын сақтап келеміз.

Қазіргі таңда біз функционалды кеңейтіп, болашақта валюталау күнімен жасалатын мәмілелерді, қолжетімді жұптар тізбесін ендіріп, платформаның 24/7 форматында жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жұмыс жасап жатырмыз.


ЖТ КОНВЕРТАЦИЯ- ЛАРЫНЫҢ САНЫ




ЖТ БІРЕГЕЙ КЛИЕНТ- ТЕРДІҢ САНЫ



ЗТ КОНВЕРТАЦИЯ- ЛАРЫНЫҢ САНЫ






БІРЕГЕЙ ЗТ КЛИЕНТ- ТЕРДІҢ САНЫ




КАРТАЛАР


2021 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША БІЗДІҢ МАРАПАТТАРЫМЫЗ



VISA-ДАН МАРАПАТ АЛҒАН ҚР ТӨП БАНКТЕРІ




ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ



МӘРТЕБЕСІ БАР КАРТАЛАР

- Шығарылған карталар
- Активацияланған
- Бұғатталған



МӘРТЕБЕСІ БАР КАРТАЛАР

- Шығарылған карталар
- Өтініштер жөнелтілген
- Активацияланған
- Бұғатталған
- Жабылған
- Активацияны күтіп жатқан
- Клиент бас тартқан
- Жабуды күтіп жатқан

2021 ЖЫЛЫ КАРТОЧКА БИЗНЕСІ БОЙЫНША ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

ЗЕЙНЕТАҚЫ КАРТАСЫ

- «Зейнетақы аудару» жобасы – Еңбек министрлігімен интеграциялау
- Зейнетақы картасының жаңа дизайны әзірленді
- ВСС.KZ арқылы зейнетақы картасын жедел шығару процесі
- «Ашық есік күні» аясында зейнеткерлер үшін оқыту өткізу

КОРПОРАТИВТІК КАРТА

- «#business шотына тіркелген карта» жаңа өнімі
- Виртуалды «#business virtual шотына тіркелген карта»
- Всс.business қосымшасында карта мен лимиттерді басқару функционалы

КАРТОЧКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

- Google Pay (+ Push provisioning)
- Шоттар бойынша мультивалюталылық (USD/ EUR/RUB)
- Динамикалық CVV
- МИР картасының эквайрингі (АТМ/POS)
- ТКБЖ бойынша ҚР ҰБ бірге жасалатын қанатқақты жоба
- ВСС Pay қанатқақты жобасы

ЖАЛАҚЫ КАРТАЛАРЫ

- 2 ЖЖ бар ұйымдар үшін Жалақы есептеуді автоматтандыру
- Шешім қабылдайтын тұлғалар үшін #Travel
- Жалақы картасының жаңа дизайны

КРЕДИТ КАРТАЛАРЫ

- Кредиттік лимитті 7 млн теңгеге дейін ұлғайту
- Рефералды бағдарлама
- ВСС.KZ-тегі онбординг (Андройд)
- Лимиттерді басқару (нөлдік және бастапқы кредиттік лимиттерді қайта қарастыру)
- Биометрия аясында жаңа клиенттерге кредиттік лимиттері бар карталарды беру

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КАРТА

- Балалардың ЖСН жинау
- GreenFront жүйесінде толықтай қызмет көрсету
- Балаларға арналған кэшбэктер және Сүйікті санаттар
- Всс.kz қосымшасында ата-анаға арналған жеке кабинет
- ApplePay-ге қосу
- JuniorBank қосымшасында ақша сұрау
- Қаржылық сауаттылық сабақтары мен банкте экскурсиялар өткізу
- «Ер Қармыс» жобасы – қазақ тіліндегі кітап
- Велком пактер мен стикерлердің тақырыптық дизайндары
- JuniorBank қосымшасындағы суреттер
- Картадағы балансты эמודзи арқылы автоматты жасыру
- JuniorBank төлемдеріндегі ойындар

JUNIORBANK НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ


**БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН VISA
2021 КАРТАСЫ**



**JUNIORBANK: 60000 КАРТА
2021 ЖЫЛЫ 26 344 КАРТА ШЫҒАРЫЛДЫ**

JUNIORBANK-ТІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

1. Visa 2021 нұсқасы бойынша «Балаларға арналған ең үздік карта» номинациясын алды
2. Балансты эמודзи арқылы жасыру
3. Junior Bank төлемдеріндегі ойындар (Танчиктер, Steam, FIFA, қолайлы толықтыру сұлбасы)
4. Балаларға арналған кэшбэктер мен сүйікті санаттар. Жеке бонустық шот
5. BCC.KZ қосымшасында ата-анаға арналған жеке кабинет
6. Картаны ApplePay жүйесіне автоматты тіркеу
7. Ата-анадан ақша сұрау
8. GreenFront жүйесінде ЖСН жинау
9. GreenFront жүйесінде толықтай қызмет көрсету
10. ҚР барлық аумағы бойынша қаржылық сауаттылық сабақтары
11. «Ер Қармыс» жобасы (балаларға арналған, қазақ тілінде жазылған кітап)
12. JuniorBank қосымшасындағы суреттер



JUNIORBANK МАҚСАТТАРЫ

МАҚСАТ – JUNIOR API ІСКЕ ҚОСУ

ҚОСЫМШАНЫ ШЕТЕЛГЕ САТУ ЖӘНЕ СҮЙЕМЕЛДЕУ




1. Light нұсқасы
2. Full нұсқасы

Мақсаты: **Дүние жүзі бойынша 2 серіктес**

Q2 2022 орындау мерзімі (1 ел)

Мәртебесі: бұлтқа көшірудің техникалық сипаттамасы

Бизнес-процестің сипаттамасы бар



JUNIORBANK ОРНЫ БАНКТИҢ ӘР ФИЛИАЛЫНДА

БАЛАЛАРДЫ ТАРТУ ОРТАЛЫҒЫ БӨЛІМШЕСІ

Әр орынның жабдықтарының құны: 1,5-2 млн тг

JuniorBank қосымшасы арқылы QR код бойынша ойынды Техникалық күйге келтіру құны: бір рет 2,5 млн тг

Мақсаты: **ҚР бойынша 18 Junior орын**



JUNIORBANK МАҚСАТТАРЫ

JUNIORBANK-ТІҢ СУПЕР СЕРВИСТЕРІ



ГЕЙМИФИКАЦИЯ




**БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН
ДЕПОЗИТ**



**АТА-АНАНЫҢ
ТАПСЫРМАЛАРЫ**







**БАЛАНЫҢ
ГЕОЛОКАЦИЯСЫН
АНЫҚТАУ**



**ВИРТУАЛДЫ
КАРТАЛАРДЫҢ
ЦИФРЛЫҚ
ДИЗАЙНЫ**

ЦИФРЛАНДЫРУ

2022 – ВСС-ДЕ ЦИФРЛЫҚ КАРТАЛАР ЖЫЛЫ




#IRONCARD

#IRONCARD – ПРЕМИУМ САНАТЫНДАҒЫ ҮЗДІК КАРТА 2021 (ҚАТАРЫНАН ЕКІ ЖЫЛ)



INFINITE КАРТАЛАРЫНЫҢ АЙНАЛЫСЫ БОЙЫНША ҚР ТОП БАНКТЕРІ 4Q2021 МЛРД ТЕҢГЕ + ДИНАМИКА




■ 3Q/4Q2021 бойынша динамика ■ 4Q2021 бойынша факт

2022 ЖЫЛЫ КРЕДИТТІК ЛИМИТ БЕЛГІЛЕНГЕН ПРЕМИУМ КАРТАЛАРДЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖОСПАРЛАНҒАН




#КАРТАКАРТА

МАҚСАТ – 2022 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН 1 000 000 КАРТА







■ 2021 жылғы 4-тоқсан бойынша динамика ■ 2021 жылғы 4-тоқсан бойынша факт


БОЛАШАҚ БИОМЕТРИЯДА



GOOGLE PAY (PUSH PROVISIONING)




ЦКБ ҚР-ДА АЛҒАШҚЫЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП GOOGLE PAY ЖҮЙЕСІН ІСКЕ ҚОСТЫ

-  BCC.KZ арқылы 1 батырманы басып, картаны іске қосу
-  Ыңғайлы әрі жылдам төлеу
-  Қауіпсіздік - картаның деректемелері құрылғыларда сақталмайды және ешқайда берілмейді
-  Жоғары CashBack (жуырда)
клиенттерді онлайн әмияндар арқылы транзакция жасауға ынталандыру үшін



UNION PAY INTERNATIONAL ВИРТУАЛДЫ КАРТАСЫ

BCC PAY UPI КАРТАСЫ

-  Лезде ресімдеу және бүкіл әлем бойынша 180-нен астам елде контактісіз төлем жасау
-  Ыңғайлы әрі жылдам төлеу
-  Қауіпсіздік – картаның деректемелері құрылғыларда сақталмайды және ешқайда



#КАРТАКАРТАНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ДИЗАЙНІ




АНДРОИД – СӘУІР 2022
IOS – МАМЫР 2022



II ТОҚСАН



III ТОҚСАН



ЕНДІ ВСС EGOV-ПЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАНДЫ

**ЦКБ АЛҒАШҚЫЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП EGOV-ПЕН
ИНТЕГРАЦИЯ ЖАСАДЫ**



**ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ АЛУҒА ӨТІНІМ
БЕРУ ҮШІН +1 АРНА**



ВСС.KZ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

2021 жылы жалғасын тапқан пандемияға байланысты халық үшін қашықтан қызмет көрсету нысанын пайдаланудың үлкен қажеттілігі сақталды. Осылайша, 2021 жылы ВСС.KZ қосымшасының функционалының ауқымы кеңейіп, келесідей сервистермен толықтырылды:


- Кредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеу.
- Шоттың бар-жоғы туралы анықтамалар.
- Ұдайы төлемдер
- Берешектің жоқтығы туралы анықтамалар.
- FX-платформа: валютаны сатып алуға/сатуға кейінге қалдырылған ордер.
- Iron және Travel карталарына қосуға және мультивалюталық картаның артықшылықтарын пайдалануға болатын мультивалюталық шоттар.
- Менің мақсатым – белгілі бір мақсатты таңдау арқылы ақшаңызды оңай әрі жеңіл жинақтауға мүмкіндік беретін салым. Мақсатыңызды өз бетіңізше толықтыра аласыз, немесе жинақтау бойынша үдеткішті таңдай аласыз, немесе ақша қаражатын салымға аударудың керек екендігін есте сақтауды қажет етпейтін ұдайы төлемге қосыла аласыз.
- Біржолғы зейнетақы төлемдері: кредитті өтеу, ипотека үшін бастапқы жарна салу, зейнетақы қаражатын туысыңызға табыстау.
- Балалар картасын басқаруға арналған жеке кабинет, баланың ақшаға сұрау салуын мақұлдау.
- Картаны Google pay-ге қосу, ВСС pay арқылы карталардан контактісіз төлем жасауға арналған жеке әмиянды іске қосу.
- Visa Allias – халықаралық ақша аударымдары және ҚР бойынша телефон нөмірі бойынша ақша аудару.



ВСС.KZ БОЙЫНША 2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН МАҚСАТТАР


2022 жылы ағымдағы функционалды жақсарту, сонымен қатар клиенттерге олардың өздерінің қаржысын зерделей отырып басқаруға, болашақ төлемдер туралы уақытылы білуге, банкке келмей-ақ, жаңа қызметтерді алуға мүмкіндік беретін бірқатар сервистерді қосу жоспарланып отыр.

ВСС.KZ АУДИТОРИЯСЫ



■ - ВСС.KZ клиенттерінің саны

ВСС.KZ КЛИЕНТТЕРІНІҢ ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ



■ - ВСС.KZ клиенттерінің саны

ФРОНТАЛДЫ ЖҮЙЕ

2020-2021 ЖЫЛДАР КЛИЕНТКЕ БӨЛІМШЕДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПАРАДИГМАСЫН ӨЗГЕРТУ

GREEN FRONT ЖҮЙЕСІ

- Клиенттерге қызмет көрсету жылдамдығы
- Деректерді қолмен өңдеуді барынша азайту
- Банк қызметкерлері үшін қарапайым және зерделеп түсінуге болатын интерфейс ұсыну
- BCC.KZ және қызметкердің жұмыс терезесінің интерфейстерін интеграциялау

Жаңа «Green Front» жүйесінде келесі процестер іске асырылды:

- Клиентті сәйкестендіру
- #картакарта
- ЖТ арналған кепілсіз қарыздар
- Қосымша қаражат алу арқылы қайта қаржыландыру
- Ипотека бойынша алдын ала сараптау
- ЖТ арналған депозиттер
- Junior карталары
- Премиум/әлеуметтік карталар
- Әдемі нөмірлер
- Берешек калькуляторы
- ЖК/ЗТ арналған дамушы бизнес
- ЖК/ЗТ арналған шот бойынша кредиттік лимит
- ЖК/ЗТ үшін шот ашу
- Кездесулер мен байланыстар менеджері
- Шұғыл хабарламалар
- Мобильді құрылғылардағы Green Front
- КартРидерлер/NFC
- ШКЛ бойынша лимиттерді басқару
- #Картакарта бойынша лимиттерді басқару

2022 жылға белгіленген мақсаттар


- Автокредит беру
- Ипотека
- ЖТ арналған кепілді қарыздар
- Дамушы бизнес (кепілді)
- ШКЛ – Ребрендинг
- Автолизинг
- Кірістілік калькуляторы
- Жаңа рейтинг жүйесі
- SWIFT ақша аударымдары
- BI тауарлы кредиті
- Сақтандыру
- ЗТ арналған депозиттер
- ЖТ/ЗТ депозиттері бойынша операциялар
- ККҚК бойынша операциялар
- Junior балалар бұрышы
- ЖТ/ЖК/ЗТ клиентті сәйкестендіру 2.0
- Қолданыстағы кредиттік лимиттер / кредит желісі аясында транштарды беруді автоматтандыру
- HelpDesk
- Chat For Help
- ССК-мен жасалатын шарт

ЭКВАЙРИНГ

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР:

- Айналым – 118 млрд теңге
- 2021 жылдың қорытындысы бойынша тиімділік – 93%
- Құрылғылар саны – 7 866 дана
- 22.10.2021 ж. BCC Pay жеке сервисіміз іске қосылды.
- 11.2021 ж. – АТМ-де валюта айырбастау іске қосылды.
- 11.2021 ж. – АТМ-де мультивендорлық БҚ іске қосылды.
- BCCClub серіктестерінің саны – 2 990, орындар саны – 3 670


АЙНАЛЫМДАР, МЛН ТЕҢГЕ



2021 ЖЫЛЫ АЛҒАН МАРАПАТТАРЫМЫЗ



ТИМДІЛІК



OPEN API

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

АЙНАЛЫМДАР

КІРІСТЕР

01.01.2021

69,7 МЛРД ТЕҢГЕ

30,4 МЛН ТЕҢГЕ


01.01.2022

205,6 МЛН ТЕҢГЕ НЕМЕСЕ ӨСІМ 295%

75,4 МЛН ТЕҢГЕ НЕМЕСЕ ӨСІМ 250%

БАРЛЫҚ КІРІСТІҢ 89% PAYMENT API-ДЕН ТҮСТІ

ҚОСЫЛҒАН БАРЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕР (ДИНАМИКАСЫ), БІРЛІК



2021 ЖЫЛЫ API-ГЕ ҚОСЫЛҒАН СЕРІКТЕСТЕР:
 PAYPOINT, PAYFORM, HALYKFINANCE, PAYDA, SENIM,
 PAYDALA ЖӘНЕ Т.Б.

Серіктестердің белсенділігі – 73%


КОРПОРАТИВТІК БЛОК: ІРІ БИЗНЕС

ІРІ БИЗНЕСТІ КРЕДИТТЕУ


01.01.2022 жылғы жай-күйі бойынша Ірі бизнестегі корпоративтік клиенттердің несиелік портфелі бір жыл ішінде 15,7 млрд теңгеге немесе 4%-ға қысқарып, 402,5 млрд теңгені құрады, сондай-ақ ІБ бойынша кредит алатын клиенттердің санының төмендегені байқалады.

Ірі бизнес бойынша портфель мен клиенттердің азаюы стратегиялық мақсатқа сәйкес келеді. Банк перспективалы жаппай өнімдерді белсенді түрде дамытып отыр.

ІБ БОЙЫНША НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (БРУТТО), МЛН ТЕҢГЕ



ІБ БОЙЫНША КРЕДИТ БЕРІЛГЕН КЛИЕНТТЕР САНЫ




Дереккөз: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

ІБ СЕГМЕНТІ БОЙЫНША КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТЫ


01.01.2022 жылғы жай-күйі бойынша Ірі бизнестегі клиенттер орналастырған жалпы қаражат бір жыл ішінде 59,9 млрд теңгеге немесе 37,6%-ға ұлғайып, 219,1 млрд теңгені құрады. Ағымдағы шотында және депозиттерінде қалдықтары бар ІБ-дегі клиенттердің саны 2021 жылы 5,6%-ға өсті.

Бұл ретте онлайн салымдар үлесі 92%-дан асты.

ІБ КЛИЕНТТЕРІНІҢ АШ МЕН ДЕПОЗИТТЕРДЕГІ ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ



АШ МЕН ДЕПОЗИТТЕРДЕ ҚАЛДЫҚ ҚАРАЖАТЫ БАР ІБ КЛИЕНТТЕРІ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ




Дереккөз: банктің жеке есептілігі

КОРПОРАТИВТІК БЛОК: ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС


ШОБ-ҚА КРЕДИТ БЕРУ

01.01.2022 жылғы жай-күйі бойынша ШОБ-тағы клиенттердің несиелік портфелі бір жыл ішінде 1%-ға өсіп, 214,6 млрд теңгені құрады. Осыған қоса 2021 жылы ШОБ бойынша кредит алған клиенттердің артуы байқалды. 2021 жылы клиенттердің айтарлықтай артуы ШОБ-қа арналған «Дамушы бизнес» жаппай кредит өнімін енгізуге байланысты болды, бұл Банктің бекітілген Стратегиясына сәйкес келеді.

ШОБ БОЙЫНША НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (БРУТТО), МЛН ТЕҢГЕ



ШОБ БОЙЫНША КРЕДИТ БЕРІЛГЕН КЛИЕНТТЕР САНЫ




ШОБ СЕГМЕНТІ БОЙЫНША КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТЫ

01.01.2022 жылғы жай-күйі бойынша Шағын және орта бизнестегі клиенттер орналастырған жалпы қаражат бір жыл ішінде 53,1 млрд теңгеге немесе 16,9%-ға ұлғайып, 366,7 млрд теңгені құрады. ШОБ-тағы ағымдағы шотында және депозиттерінде қалдықтары бар клиенттердің саны 2021 жылы 37,7%-ға өсті.


Онлайн салымдардың үлесі 92%-дан асты.

Клиенттердің қаражатының динамикасы ШОБ үлесін ұлғайту арқылы әртараптандыруға қатысты Банктің Стратегиясына сәйкес келеді.

ШОБ КЛИЕНТТЕРІНІҢ АШ МЕН ДЕПОЗИТТЕРДЕГІ ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ



АШ МЕН ДЕПОЗИТТЕРДЕ ҚАЛДЫҚ ҚАРАЖАТЫ БАР ШОБ КЛИЕНТТЕРІ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ



Дереккөз: банктің жеке есептілігі

ШОБ БОЙЫНША СҰРАНЫСҚА ИЕ ӨНІМДЕР. ДАМУШЫ БИЗНЕС

2021 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕ

-  **ПОРТФЕЛЬ КӨЛЕМІ 31 562 МЛН ТЕҢГЕ**
-  **КЛИЕНТТЕРДІҢ САНЫ 7 961**
-  **ПОРТФЕЛЬДІҢ % КІРІСІ 3 664 МЛН ТЕҢГЕ**

2021 ЖЫЛҒЫ ЖОБАЛАР

КЕПІЛСІЗ

- Автоматтандырылған кредиттік процесті Green Front платформасына өткізу.
- Кепілсіз кредиттеу өнімі бойынша соманы 20 млн теңгеге дейін, кредиттеу мерзімін 24 айға дейін арттыру.

КЕПІЛДІ

- Кепілді кредиттеу өнімі бойынша соманы 100 млн теңгеге дейін, кредиттеу мерзімін 60 айға дейін арттыру.

2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

-  **ПОРТФЕЛЬ КӨЛЕМІ 57 792 МЛН ТЕҢГЕ**
-  **КЛИЕНТТЕРДІҢ САНЫ 10 135**
-  **ПОРТФЕЛЬДІҢ % КІРІСІ 8 664 МЛН ТЕҢГЕ**

2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ЖОБАЛАР

КЕПІЛСІЗ

- ЖШС үшін кепілсіз кредитті іске қосу.
- Басқа ЕДБ-лердегі кепілсіз кредиттерді қайта қаржыландыру.
- Онлайн кредиттеу.

КЕПІЛДІ


- ЖК мен ЖШС-ның кепілдік кредиті бойынша скорингті енгізу.

ЖЕТКІЗІЛІМДЕР ТІЗБЕГІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Банк ЕДБ нарығында алғашқы болып Жеткізілімдер тізбегін қаржыландыру бойынша өнімдер желісін іске қосты, оған келесі өнімдер кіреді:

- Дистрибьюторларды қаржыландыру;
- Келісімшарттық қаржыландыру;
- Факторинг.

ӨНІМ БОЙЫНША БЕРІЛГЕН ҚАРЖЫ (МЛН ТЕҢГЕ)



2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН МАҚСАТТАР

Мәміленің барлық тараптары үшін бірыңғай кеңістік платформасын енгізу:

- өтінімдерді құру бойынша автоматтандырылған операциялар;
- құжаттарға электронды қол қою;
- қаржыландыруға белгіленген лимиттерді реттеу





ШОТ БОЙЫНША КРЕДИТТІК ЛИМИТ (ШКЛ)

2021 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

БАНКТИҢ БІРЕГЕЙ ӨНІМІ:

- Ағымдағы шоттың артықшылығы
- Ресімдеудің жоғары жылдамдығы (20-30 мин)
- Тегін орнату
- Нарықта осыған ұқсас өнімдер жоқ.



2022 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

ТАЛАПТАРДЫ ЖАҚСАРТА ОТЫРЫП, ШКЛ РЕБРЕНДИНГ ЖАСАЛДЫ

- сомасы 190 млн теңгеге дейін
- 30-күні өтеу
- лимиттерді басқару жетілдірілді
- BASTAU сомасы ұлғайтылды
- құжаттар пакеті азайтылды

2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ЖОБАЛАР

BCC Business арқылы ШКЛ онлайн орнату

ШОБ-ТЫҢ ЖАҢА ӨНІМДЕРІ

ОБ (400 МЛН ТЕҢГЕДЕН ЖОҒАРЫ)

ШБ (400 МЛН ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН)

| | Business Capital | Business Partner | ЖКЖ | Бизнес кредит |
|---------------|------------------|------------------|---|------------------|
| Мақсаты | АҚТ | Инвестиция жасау | АҚТ | Инвестиция жасау |
| Желі мерзімі | 84 айға дейін | 120 айға дейін | 84 айға дейін | 84 айға дейін |
| Транш мерзімі | 18 айға дейін | 120 айға дейін | 12 айға дейін <small>(мемлекеттік бағдарламалар аясында 36 айға дейін)</small> | 84 айға дейін |
| Кредит желісі | Жаңартылатын | Жаңартылмайтын | Жаңартылатын | Жаңартылмайтын |

- Ең аз құжаттар пакеті
- Өтінім бойынша шешім қабылдау мерзімі тез
- Кепілдік мүлкіне икемді жағдай жасау
- Кредиттеу бойынша мемлекеттік бағдарламаларға қатысу мүмкіндігі
- Кредит қаражатын пайдалану мақсаты (АҚТ, инвестиция жасау) қатаң шектелген

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Дәстүрлі түрде Банк өзін «бизнеске арналған банк» ретінде танытып, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бойынша барлық дерлік мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысады. Банк кәсіпкерлерді қолдау бойынша 23 бағдарламаға қатысады, оларға келесі мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар жатады: «Өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету бағдарламасы» («ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ және «Қазақстанның Даму банкі» АҚ), «Нұрлы Жер» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту бағдарламасы», «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы. ЕҚДБ сияқты халықаралық даму институттарымен тығыз ынтымақтастық орнатумен қатар, Банк ШОБ кәсіпкерлерін қолдаудың бірқатар бағдарламаларын, соның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, «EBRD GEFF» жасыл экономиканы қаржыландыру бағдарламаларын ұсынады.

2021 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

2020-2021жж. аралығында Банк пандемия кезеңінде ШОБ жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы аясында ЖКС-лерге жеңілдікті мөлшерлеме бойынша 93 млрд теңге сомасында қолдау көрсетті.

2021 жылы ШОБ-ты, әйелдер кәсіпкерлігі мен жасыл экономиканы 60 млн \$ жалпы сомасына қаржыландыру үшін ЕҚДБ-мен Келісімдер жасалды, олардың 25 млн \$ сомасындағы алғашқы транштары сәтті игерілді. ЕҚДБ-мен Risk-sharing бойынша келісімдерге қол қойылды.

2021 жылғы желтоқсанда Банк ЕДБ арасында алғашқы болып 20 млн теңгеге дейінгі кредиттерді субсидиялау және кепілдік беру бойынша бағдарламаның 1-бағыты бойынша Даму қорымен деректер алмасудың цифрлық арнасын іске қосты.

2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН МАҚСАТТАР

Жаңа транштар тарту және игеру: ЕҚДБ, EIB, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы. Банктің Risk Sharing IFC, ҚазЭкспорт сақтандыруы, АШҚҚК кепілдігі.

ДАМУМЕН ӨЗАРА БІРЛЕСІП ЦИФРЛЫҚ ӘРЕКЕТ ЕТУ

ДАМУ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ АРНАСЫ

Дамушы бизнесті қаржыландыру аясындағы кепілдіктер мен субсидиялар



ҚАҒАЗ ҚҰЖАТТАРСЫЗ



**ЖАУАП БЕРУ УАҚЫТЫ – 8 САҒАТҚА ДЕЙІН
(БҰРЫН 72 САҒАТ БОЛАТЫН)**




**ТӨЛЕМ ЖАСАУ КЕСТЕСІ – 1 КҮН
(БҰРЫН 30 КҮН БОЛАТЫН)**



КЕПІЛДІКТЕР

2021 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

01.01.2022 жылғы жай-күйі бойынша кепілдіктер портфелі 113 млрд теңгені құрады. 2021 жылы шығарылған кепілдіктер – 24 646 дана, 2020 жылы – 18 071 дана. Осылайша, сатылымдар 36%-ға өсті.



■ Кепілді сату, дана

2021 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР



Қардарлық арқылы кепілдіктерді онлайн шығару процесін толық іске қосу



Кепілдіктерді онлайн шығару уақыты 20 минут



Онлайн шығарылған кепілдіктердің үлесі 37%

2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН МАҚСАТТАР



Кепілдіктер бойынша процесті 200 млн теңгеден 1,8 млрд теңгеге дейін оңтайландыру 60%



Кепілдіктерді онлайн шығару уақыты 15 минут



Онлайн шығарылған кепілдіктердің үлесі 60%

#BUSINESS КОРПОРАТИВТІК КАРТАСЫ

Шот бойынша #business картасы - бұл қарапайым және қолдануға ыңғайлы корпоративтік картаның жаңа форматы.

Өнімнің негізгі артықшылықтары :

- картаны лезде шығарып беру
- картаны ағымдағы шотқа байланыстыру, 24/7 шотқа қол жеткізу
- BCC.business мобильді қосымшасында карта бойынша карта мен лимиттерді онлайн режимінде басқару
- кез келген мөлшерде қосымша карталар шығару
- чек кітапшасының орнын ауыстырады
- бүкіл әлем бойынша тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу
- картаны шығару және қызмет көрсету - тегін
- Apple pay/Samsung Pay/Google Pay әмияндарына байлау


#business карталарын ұстаушыларға ыңғайлы болу үшін ол жеке тұлғаларға арналған bcc.kz мобильді қосымшада көрініс табады, карта ұстаушыларына қосымшаның барлық функциялары қол жетімді. Сондай-ақ, шот иелері бизнес-клиенттерге арналған BCC.business мобильді қосымшасы арқылы шығарылған карталар бойынша барлық шығындарды бақылай алады және карталарды басқара алады (қажет болса картаны бұғаттау, карта бойынша шығыс операцияларына лимитті орнату/өшіру).

ШОТ БОЙЫНША #BUSINESS VIRTUAL ВИРТУАЛДЫ КАРТАСЫ


Банктің бизнес-клиенттері сондай-ақ BCC.business мобильді қосымшасында #business virtual виртуалды картасын шығара алады.

Пластикалық карта сияқты виртуалды карта бойынша барлық функциялар қіе жетімді. Қажет болған жағдайда клиент бөлімшеден виртуалды картаның орнына пластикалық картаны ала алады.


БЕРУ



ҚАМТУ



ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫ



#BUSINESS – 2021 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

ВСС.BUSINESS ҚОСЫМШАСЫНДА ВИРТУАЛДЫ КОРПОРАТИВТІК КАРТАЛАРДЫ ШЫҒАРУ

ВСС.BUSINESS ҚОСЫМШАСЫНДА КАРТАЛАР МЕН ЛИМИТТЕРДІ БАСҚАРУ

#BUSINESS – 2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ЖОБАЛАР

2022 ЖЫЛҒЫ 1-ТОҚСАН

МОТИВАЦИЯ ЖАҢА ФУНКЦИОНАЛ

- Банк қызметкерлеріне арналған карталарды шығару
- бухгалтерлер арқылы беру және bcc.business қосымшасында картаны шотқа тіркеу
- ИБЖ/bcc.business арқылы карталарды тізіліммен шығару
- бизнес-процестерді жақсарту

2022 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАН

БЕЙІЛДІЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ

- санаттар бойынша жасалған сауда үшін кэшбэк
- талаптар орындалған кезде, көтеріңкі кэшбэк (банкте депозиттің, шот бойынша айналымның және т.б. болуы)
- VBS бойынша көтеріңкі кэшбэк

2022 ЖЫЛҒЫ 3-4-ТОҚСАНДАР

СЕРВИСТЕРДІ КЕҢЕЙТУ

- бизнес-карта + электронды визитка
- картаны қосымша арқылы жабу
- картаның атауын қосымша арқылы ауыстыру

ЖАҢА ӨНІМ

- Visa Business Signature (VBS)
- VBS-ке компанияның логотипін түсіру

2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН МАҚСАТ:


ШОТ БОЙЫНША #BUSINESS КАРТАСЫ – БИЗНЕС-КЛИЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН №1 ӨНІМ

BCC.BUSINESS МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ


2021 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР:

- 2021 жылдың нәтижелері бойынша BCC Business қосымшасына қосылған клиенттер санының өсімі 40%-ды, белсенді клиенттердің өсімі 20%-ды құрады. Интернет-банкінг жүйесін үнемі жетілдірудің арқасында онлайн транзакциялардың үлесін 99,8%-ға ұлғайту мүмкін болды.
- Меншік нысаны күрделі кәсіпорындар үшін шот ашу. Шотты онлайн ашуға өтініш берілген кезде, 50-ге жуық құжатты тіркеу мүмкіндігі берілген болатын. Бұрын жоғарыда көрсетілген клиенттер бойынша банк бөлімшесіне бару қажет болатын.
- Тарифтік пакеттерді онлайн қосу. BCC Business қосымшасында «Тарифтер» тарауы пайда болды, енді клиент өзінің тарифтік жоспарын өз бетінше өзгерте алады. Бұл әсіресе айына 50-ден астам төлем жасайтын бизнес-клиенттер үшін тиімді. Функционал уақытты 1 сағаттан 2 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді, өйткені бұрын тарифті өзгерту үшін банк бөлімшесіне бару қажет болатын.
- Траншекаралық ақша аударымдарының жаңа сервисі – SWIFT GPI. Енді клиент ақша аударымын BCC Business қосымшасында нақты уақыт режимінде бақылай алады. Іске қосылған кезден бастап жаңа жүйе бойынша бақылау мүмкіндігімен валютамен жүргізілетін 68 336 ақша аударымы жөнелтілді.
- Шот бойынша #business virtual виртуалды бизнес-картасын әп-сәтте шығару. BCC Business қосымшасында есеп айырысу шоты бойынша виртуалды картаны ашу мүмкіндігі пайда болды.

ИБЖ ҚОСЫЛҒАН/БЕЛСЕНДІ КЛИЕНТТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ, МЫҢ БІРЛІК




ОНЛАЙН ТРАНЗАКЦИЯЛАР ҮЛЕСІ




BCC.BUSINESS МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

- BCC Business (web, android) қосымшасында клиенттерімізге қолайлы болуы үшін валютаны онлайн конвертациялауға/конверсиялауға арналған платформада тағы бірнеше валюталық жұп, атап айтқанда төменде көрсетілген валюталық жұптар қосылды: EUR/GBP, BYN/KZT, EUR/RUB, GBP/RUB, KGS/KZT.
- BCC Business қосымшасында басқа валюталық келісімшартқа қайта тіркеу үшін валютаны сатып алу тарихын түзету мүмкіндігі пайда болды. Яғни бұрын сатып алған валютаны бөлімшеге бармай-ақ, онлайн түрде басқа валюталық келісімшартқа қайта тіркеуге болатын. Функционал уақытты 1 сағаттан 10 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді.
- Сонымен қатар BCC Business қосымшасының web нұсқасында банкпен жайды, банкоматтарға арналған орындарды, жарнама алаңдарын жалға алу шартын жасау мүмкіндігі, сондай-ақ шарт бойынша онлайн төлем жасау мүмкіндігі пайда болды. Функционал шарт жасау процесін бірнеше аптадан 1 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Қағаз құжаттармен жүргізілетін жұмыс алынып тасталды, сондай-ақ келісім бойынша көптеген процестер де алынып тасталды.
- 2021 жылғы қаңтарда қардарлық арқылы төлем кепілдіктерін онлайн шығару бойынша функционал іске қосылды. Кепілдіктерді шығару мерзімі 2 сағаттан 20 минутқа дейін қысқартылды. 2021 жылы 1,3 млрд теңге сомасына 339 кепілдік шығарылды.

2021 ЖЫЛ БОЙЫНША ОНЛАЙН КОНВЕРТАЦИЯ КӨЛЕМІНІҢ ӨСІМІ (МЛН ТҒ)



АҚШАҢЫ КЕПІЛГЕ САЛУ АРҚЫЛЫ ТӨЛЕМ КЕПІЛДІГІН ОНЛАЙН ШЫҒАРУ (МЛН ТҒ)



ҚОҒАММЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ АРАСЫНДА СӨЗ ҚОЗҒАУ БОЙЫНША ТОП-5-КЕ КІРДІ

- 139 ақпарат көзінде 70 баспасөз релизі жарияланды
- 22 ақпарат көзінде 18 сұхбат жарияланды
- 35 ақпарат көзінде 8 имидждік мақала жарияланды
- БАҚ-тан келіп түскен 50 сұрау өңделді

ТОНАЛДЫЛЫҚ БОЙЫНША СТАТИСТИКА:

- ЦҚБ туралы сөз қозғау: 7 848
- Ақпарат көзі: 984

ТОНАЛДЫЛЫҚ:

- Жағымды – 87%
- Бейтарап – 10%
- Жағымсыз – 3%



ҚОР НАРЫҒЫНДА ЖӘНЕ БАНКАРАЛЫҚ НАРЫҚТА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

КОРРЕСПОНДЕНТТІК ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

Банк ҚР ҰБ-ның қысқамерзімді ноталарын және ҚР ҚМ-ның қазынашылық облигацияларын сатып алу бойынша бастапқы дилер болып табылады, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокердің қызметін көрсетеді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Банк РЕПО операциялары нарығына белсенді қатысушылардың бірі болып табылады. Банк ішкі және сыртқы нарықтарда мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер жасайды.

2021 жылы Банк үшінші облигациялық бағдарлама аясында 20 млрд теңге сомасын құрайтын қамтамасыз етілген купондық облигацияларды және АХҚО заңнамасына сәйкес 50 млн АҚШ доллары сомасында қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларды шығарды. Қамтамасыз етілген купондық облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне «Негізгі» алаңындағы «Борыштық бағалы қағаздар» секторының «Облигациялар» санаты бойынша қосылған. Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар АІХ-тің ресми тізіміне қосылған.

2021 жылғы қарашада Банк қамтамасыз етілген купондық облигацияларды орналастыру арқылы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-қа 5,1 млрд теңгені тартты.

CASH MANAGEMENT. 2021 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР:

- Филиалдық желі бойынша қолма-қол ақша қалдығы 2,5 млрд теңгеге төмендетілді, орташа қалдық 19,2 млрд теңгені құрады.
- Ағымдағы қайта санауды ұйымдастыруға арналған 1-кезең кассалық техникаға арнайы модульдерді ұйымдастыру және «Кассалық орталық» БҚ-сын сатып алу арқылы орындалды.
- QR – бөлімшелердің инкассацияланған түсімі мен сөмкелері – 2022 жылғы наурызда енгізілді.

ВАЛЮТАЛЫҚ КОНВЕРТАЦИЯЛАР БОЙЫНША ОНЛАЙН СЕРВИСТЕР

Платформадағы барлық валюталар бойынша орташа тәуліктік айналым жеке тұлғалар үшін 10-12 млн АҚШ долларын, ал заңды тұлғалар бойынша 12-14 млн АҚШ долларын құрады (барлық 3Т клиенттер онлайн конвертациялауға ауыстырылды).

2021 жылы аллокирленбеген металл шоттар арқылы алтын сатуды енгіздік. Аталған өнім ЖТ клиенттерге алтынды қолма-қол емес түрде сатып алу/сату мүмкіндігін ұсынды.

КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ

| млн теңге | 2019 | 2020 | 2021 |
|---------------------------------|----------------|----------------|----------------|
| Бағалы қағаздар | 266 434 | 340 472 | 326 492 |
| Инвестициялық қорлардың пайлары | 22 | 25 | 25 |
| Банктік депозиттер | 373 | 43 | 44 |
| Басқа активтер | 6 617 | 7 039 | 6 048 |
| Барлығы | 273 446 | 347 579 | 332 609 |

2021 жылдың қорытындысы бойынша 7 клиент кастодиандық қызмет көрсетілетін Банктің ірі клиенттері болып табылады.


ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІ



ФИЛИАЛДЫҢ МАТРИЦАЛЫҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕР: МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША БАСШЫЛАР

БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ




■ Функционалдық байланыс ■ Желілік байланыс

БАС ОФИСТІҢ МАТРИЦАЛЫҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕР: ДИРЕКЦИЯ БАСШЫСЫ
БАҒЫТ БАСШЫСЫ


МЕРДІГЕР



■ Функционалдық байланыс ■ Желілік байланыс

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖЕҢІЛ ӘРІ ЖЫЛДАМ БОЛА ТҮСТІ



МАҢДАЙШАЛАРДЫ ЖӘНЕ ТӨБЕ ҚҰРЫЛМАЛАРЫН АУЫСТЫРУ

| | ДАЙЫН | 2022 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАН | 2022 ЖЫЛҒЫ 3-ТОҚСАН |
|-------|-------|------------------------|------------------------|
| ҮЛЕС | 25% | 78% | 100% |
| БӨЛІМ | 34 | 107 | 137 |



БӨЛІМШЕЛЕРДІ ЖӨНДЕУ

| | ДАЙЫН | 2022 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАН | 2022 ЖЫЛҒЫ 3-ТОҚСАН | 2022 ЖЫЛҒЫ 4-ТОҚСАН | 2023- 2024 |
|-------|------------|------------------------|------------------------|------------------------|-------------|
| ҮЛЕС | 36% | 43% | 51% | 59% | 100% |
| БӨЛІМ | 46 | 55 | 65 | 75 | 128 |



ЖИҢАЗДЫ АУЫСТЫРУ

| | | | |
|-------|------------|------------------------|-----------------------------|
| | ДАЙЫН | 2022 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАН | 2022 ЖЫЛҒЫ 3-4-ТОҚСАНДАР |
| ҮЛЕС | 36% | 47% | 100% |
| БӨЛІМ | 46 | 60 | 128 |




2021 ЖЫЛЫ АШЫЛҒАН ЖАҢА БӨЛІМШЕЛЕР, ЖӨНДЕЛГЕН, ОРНЫН АУЫСТЫРҒАН БӨЛІМШЕЛЕР

БӨЛІМШЕЛЕР

| | |
|------------------------|-----------|
| ЖАҢА | 9 |
| ОРНЫН АУЫСТЫРУ | 6 |
| ТҮБЕГЕЙЛІ ЖӨНДЕУ | 3 |
| ҚОРЫТЫНДЫ | 18 |

24/7 АЙМАҒЫ

ҚОРЫТЫНДЫ **25**



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару акционерлер жиналысында бекітілген («Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 05.06.2020 жылғы хаттамасы) Корпоративтік басқару кодексiне сәйкес жүзеге асырылады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару келесі принциптерге негізделген:

1. Банк акционерлері мен қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүддесін құрметтеуге негізделген және оның тиімді қызмет етуіне, оның ішінде активтерінің құнын арттыруға, қаржылық тұрақтылығын берік ұстап тұруға, табыс алуына, сондай-ақ жұмыс орындарын ашуына ықпал етеді.
2. Банктің негізгі тиімді қызметі мен инвестициялық тартымдылығының негізі – корпоративтік басқаруға қатысушылардың барлығының өз қызметін жүзеге асырудағы айқындылық. Корпоративтік басқарудың принциптері Банкті басқаруға байланысты туындайтын қарым-қатынаста өзара сенімді орнатуға бағытталған.
3. Акционерлердің қоғамға қатысуға байланысты өздерінің құқықтарын жүзеге асыру бойынша нақты мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.
4. Акциялардың бір түрін иеленетін акционерлерге бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ету. Құқықтары бұзылған жағдайда, барлық акционерлер тиімді қорғау алу мүмкіндігіне ие болады.
5. Директорлар кеңесінің Банк қызметін стратегиялық басқаруын және Басқарманың қызметін тиімді бақылауын, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз ету.
6. Банктің атқарушы органына (Басқарма) Банктің ағымдағы қызметін саналы түрде, адал, тек Банктің мүддесінде ғана тиімді басқару мүмкіндігін, сондай-ақ атқарушы органның (Басқарма) Банктің директорлар кеңесі мен акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз ету.
7. Банк акционерлері мен инвесторларының негізді шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Банк туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік және басқару құрылымы туралы толық және шынайы ақпаратты уақытылы жария етуді қамтамасыз ету.
8. Банктің активтерін, Банктің акциялары мен бағалы қағаздарының құнын ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында мүдделі тұлғалардың, оның ішінде Банк жұмыскерлерінің заңнамада көзделген құқықтарын есепке алу және Банк пен мүдделі тұлғалардың белсенді ынтымақтастығын қолдау.

9. Акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жасауды қамтамасыз ету.

10. Банктің өз қызметін жүзеге асыруы барысында қоршаған ортаны қорғау қажеттігі.

11. Бұл принциптер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңын, Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымының (ЭЫДҰ) корпоративтік басқару принциптерін, корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибені назарға ала отырып қалыптастырылған.

КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

АКЦИОНЕРЛЕР ЖИНАЛЫСЫ

2021 жылғы 28 мамырда төменде көрсетілген күн тәртібімен акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді:

1. «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының 2020 жылдағы қызметінің нәтижелері туралы есебі.
«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2020 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке
3. жылдық қаржылық есептілігін бекіту.
«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2020 жылдағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту.
4. Банктің және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды бекіту туралы.
5. Есеп комиссияның құрамына өзгерістер енгізу.

Келесі шешімдер қабылданды:

1. «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының 2020 жылдағы қызметінің нәтижелері туралы есебі бекітілсін.
2. «KPMG» аудиторлық компаниясы растаған «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2020 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.
- 3.1 2020 қаржы жылы үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивиденд төленбесін.
- 3.2 2020 жылдағы 12 509 млн (он екі миллиард бес жүз тоғыз миллион) теңге сомасындағы таза кіріс «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «Резервтік капиталын» құруға жөнелтілсін.
4. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың және оның еншілес ұйымдарының 2021–2023 жылдардағы қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін «KPMG» аудиторлық компаниясы бекітілсін.
5. Есеп комиссиясының құрамынан Идаятова Дильнара Нуркашевнаның шығуы және Есеп комиссиясы құрамының 4 адамға дейін қысқаруы бекітілсін.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

2021 жылы Директорлар кеңесі 4 мәжіліс өткізді. Мәжілістерде келесі мәселелер қаралды: 2020 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық есептілікті алдын ала бекіту, акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, заманауи технологияларды пайдалана отырып, Банктің экожүйесін дамыту жоспарын, 2021 жылғы 01 қыркүйектегі жағдай бойынша Банк қызметінің қаржылық нәтижелерін, Банктің және еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымдарды мақұлдау, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін, Банктің 2022 жылға арналған бюджетінің жобасын және басқаларды мақұлдау.

Директорлар кеңесі есепті кезең ішінде сырттай дауыс беру арқылы 255 қаулы қабылдады.

Директорлар кеңесінің 11.02.2022 жылғы №3-0211-05 қаулысымен 2021 жылғы нәтижелер бойынша өз бетінше бағалау әдісімен (сауалнама алу арқылы) «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу бекітілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 01.01.2021Ж. БАСТАП 31.12.2021Ж. ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚҰРАМЫ



БАЙСЕЙІТОВ БАҚЫТБЕК РЫМБЕКҰЛЫ
(1958 ж.т.)

Директорлар кеңесінің төрағасы

1997 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
1996 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан банктері қауымдастығының Президенті;
2003 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «BCC Invest» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
2013 жылдан бастап 2020 жылғы наурызға дейін – ЕуроАзиялық ынтымақтастықтың Қаржы-банктік қауымдастығының (ЕАЫ ҚБК) президенті;
2020 жылғы наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – ЕуроАзиялық ынтымақтастықтың Қаржы-банктік қауымдастығының (ЕАЫ ҚБК) Іскерлік кеңесінің төрағасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 2017 жылғы 19 мамыр



ХҰСАИНОВ ҒАЛЫМ ӘБІЛЖАНҰЛЫ
(1982 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

2017 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы;
2018 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 2018 жылғы 27 сәуір




CLAES WERNER FRANS JOSEF
(1964 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

2008 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Жаһандық қаржы консалтингі» Президенті;
2009 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «International Financial Consulting Ltd» компаниясының аға кеңесшісі;
2010 жылдан бастап 2018 жылға дейін – «United International Bank» компаниясының Директорлар кеңесінің мүшесі;
2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;
2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «Hamkorbank» АҚБ, Директорлар кеңесінің мүшесі;
2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «БАНК УРАЛСИБ» ПАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «AccessBank» ЖАҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 2018 жылғы 27 сәуір



ЛИ ВЛАДИСЛАВ СЕДИНОВИЧ
(1957 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
04.07.2016ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі;
31.07.2018ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚБТУ» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 2017 жылғы 19 мамыр



АМАНҚҰЛОВ ЖҰМАГЕЛДІ РАҚЫШҰЛЫ
(1956 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 2017 жылғы 19 мамыр



САЙДЕНОВ АНВАР ГАЛИМУЛЛАҰЛЫ
(1960 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

2016 жылғы сәуірден бастап 2019 жылғы сәуірге дейін – «Қазақстанның Халық банкі» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі;
2018 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі;
2018 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі;
2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;
2020 жылғы тамыздан қазіргі уақытқа дейін – «Unicorn Holding» Private company» Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 2019 жылғы 26 сәуір

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Директорлар кеңесі жанында келесі комитеттер іс-әрекет етеді:

1. Аудит комитеті
2. Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті
3. Стратегиялық жоспарлау комитеті
4. Директорлар кеңесінің Кредит комитеті
5. Тағайындаулар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Аудит комитеті

Комитеттің құрамы:

1. **Werner Claes** – Комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.
2. **Сайденов А.Г.** – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
3. **Ли В.С.** – Директорлар кеңесінің мүшесі.

Аудит комитеті Директорлар кеңесінің уәкілетті алқалы органы болып табылады. Комитет өзінің қызмет бабына жатқызылған мәселелерді алдын ала жан-жақты зерделеу және Директорлар кеңесінің негізді және ақылға салынған шешімдер қабылдауы үшін ұсынымдар дайындау үшін құрылған.

2021 жылы Аудит комитеті төрт мәжіліс (біреуі сырттай) өткізді, 12 мәселені қарады, олардың ішінде:

- Келесі есептілікті қарастыру бойынша **5 мәселе:**
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімді қызмет етуі бойынша аудиттің нәтижелері мен ұсыныстарын қамтитын ІАҚ қызметі (2021 жыл бойынша тоқсандық, 2020 жыл бойынша жылдық);
- Банктің жылдық қаржылық есептілігі;
- IT-консалтинг (Дамыту тобы) нәтижелері бойынша Жол картасының орындалуы туралы;
- Ішкі аудит жоспарын және ІАҚ жетілдірудің орташа мерзімді кезеңдерін қарастыру бойынша **2 мәселе:**
- Банктің сыртқы аудит қызметіне байланысты **1 мәселе** (IT-консалтингке қатысты);
- ІАҚ ағымдағы қызметі бойынша **4 мәселе** (ІАҚ ІНҚ енгізілген түзетулерді, ұйымдық құрылымын және басқаларды бекіту).

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті

Комитеттің құрамы:

1. **Сайденов А.Г.** – Комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
2. **Ли В.С.** – Директорлар кеңесінің мүшесі;
3. **Аманқұлов Ж.Р.** – Директорлар кеңесінің мүшесі;
4. **Хұсаинов Ғ.Ә.** – Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі;
5. **Асылбек Е.А.** – Басқарма төрағасының орынбасары, Қаржы тобын бағыттайтын Басқарма мүшесі;
6. **Ишмұратов Т.Ж.** – Басқарма төрағасының орынбасары, Бизнес тобын бағыттайтын Басқарма мүшесі.
7. **Теңізев Р.Б.** – Басқарма төрағасының орынбасары, Тәуекелдерді басқару тобын бағыттайтын Басқарма мүшесі.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті 2021 жылы кезекті 12 мәжіліс және кезектен тыс 24 мәжіліс өткізді. Үш жүзге жуық шешімдер қабылдады.

Комитет бір жыл ішінде Банк қызметінің мәселелері бойынша, атап айтқанда:

- активтердің құрылымын, міндеттемелерді және капиталды басқару;
- тәуекелдерді басқару (нарықтық, кредиттік, операциялық тәуекелдер, пайыздық тәуекел, өтімділік тәуекелі, қаржылық емес және өзге де қаржылық тәуекелдерді басқару);
- ағымдағы пайыздық саясатты басқару;
- кредиттік және депозиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемесі;
- пруденциалдық және басқа реттеуші нормативтерді, ішкі лимиттерді орындау;
- қаржы нарығын, бәсекелес ортаны, ҚР-дағы банк секторын талдау жөніндегі мәселелерді қарастырып, өзекті шешімдерді уақытылы қабылдады.

Қабылданған шешімдердің тиімділігі қаржы және бизнес көрсеткіштерінің өсуін қамтамасыз етті:

- меншікті капиталдың рентабельділік және жеткіліктілік көрсеткіштері өсті (ROE
- 10,2%-дан 14,6%-ға дейін ұлғайды);
- активтерді әртараптандыру және бизнестің орнықтылығы жақсарды;
- клиенттерге арналған банктік өнімдердің тартымдылығы артты және т.б.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Комитеттің құрамы:

1. **Сайденов А.Г.** – Комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
2. **Байсейітов Б.Р.** – Комитеттің мүшесі, Директорлар кеңесінің төрағасы;
3. **Хұсаинов Ғ.Ә.** – Комитеттің мүшесі; Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы.

Комитеттің міндеттері, қызметі, мәжіліс өткізу және шешім қабылдау тәртібі Директорлар кеңесінің 12.02.2021 ж. № 3-0212-05 қаулысымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, бекітілген «Директорлар кеңесі жанындағы Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы қағидада» көрсетілген.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің бэк-офисі – Жоспарлау және қаржы орталығы.

2021 жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті 3 мәжіліс өткізді, онда келесі мәселелер қаралды:

- «Банк ЦентрКредит» АҚ қызметінің қаржылық нәтижелері туралы есеп;
- Банктің рентабельділігіне қатысты жағдайды қысқаша талдау;
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Даму стратегиясының орындалуы туралы есеп.

Директорлар кеңесінің Кредит комитеті

Комитеттің құрамы:

Комитет Директорлар кеңесі мүшелері мен қажетті және кәсіби білімдері бар сарапшылардан тұратын 10 мүшеден құралған:

1. Комитет төрағасы – Директорлар кеңесінің мүшесі **Аманқұлов Ж.Р.**
2. Комитет төрағасының орынбасары – Директорлар кеңесінің мүшесі **Ли В.С.**
3. Басқарма төрағасының орынбасары, Тәуекелдерді басқару тобын бағыттайтын Басқарма мүшесі **Теңізов Р.Б.**
4. Басқарма төрағасының орынбасары, Бизнес тобын бағыттайтын Басқарма мүшесі **Ишмұратов Т.Ж.**
5. Басқарушы директор – Ірі бизнес департаментінің директоры (Бизнес тобының қарыздары бойынша) **Шегебаев Н.Ө.**
6. Кредиттерді басқару тобының басқарушы директоры (КБТ және CenterProject проблемалы қарыздарына қатысты мәселелер бойынша, сондай-ақ мүлікті Банктің балансына қабылдау мәселелері бойынша) **Мұхамеджанов Ж.С.**
7. Заң блогының атқарушы директоры **Мұратов Е.М.**
8. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету блогының атқарушы директоры **Медетов К.А.**
9. Банк Басқармасының төрағасы (жалпы берешегі Банктің МК-нің 1%-нан асатын қарыз алушылардың/өзара байланысты қарыз алушылар тобының қаржылық қиындықтарына байланысты қарыздарды қайта құрылымдау мәселелері бойынша) **Хұсаинов Ғ.Ә.**
10. Баланстық активтерді сату дирекциясының басшысы (Банктің баланстық мүлкін басқару, оның ішінде оларды қабылдау және өткізу мәселелері бойынша) **Друскильдинов Н. Е.**

Директорлар кеңесінің 22.01.2019ж. №3-0122-02 Қаулысымен Директорлар кеңесінің Кредит комитеті туралы қағида бекітілді. Директорлар кеңесінің Кредит комитеті туралы қағидаға енгізілген өзгерістер Директорлар кеңесінің 21.09.2020 ж. № 3-0921-02 Қаулысымен бекітілді.

2021 жылы Директорлар кеңесінің Кредит комитетінде 39 кезекті және 34 кезектен тыс мәжіліс өткізілді, 238 мәселе қаралды.

КРЕДИТ КОМИТЕТІНІҢ 01.01.2021Ж. БАСТАП 31.12.2021Ж. ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚҰРАМЫ

| Комитет мүшесінің аты-жөні | Лауазымының атауы | ДККК құрамына кірген күн | ДККК құрамынан шыққан күн |
|-----------------------------------|--|--------------------------|---------------------------|
| Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы | Директорлар кеңесінің мүшесі | 22.01.2019 ж. | |
| Ли Владислав Сединович | Директорлар кеңесінің мүшесі | 22.01.2019 ж. | |
| Хұсаинов Ғалым Әбілжанұлы | Басқарма төрағасы | 11.08.2020 ж. | |
| Теңізов Рустам Болатқанұлы | Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі | 05.11.2019 ж. | |
| Ишмұратов Тимур Жақсылықұлы | Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі | 22.01.2019 ж. | |
| Шегебаев Нұрлан Өмірбекұлы | Басқарушы директор – Ірі бизнес департаментінің директоры | 03.09.2020 ж. | |
| Умаров Тимур Мақсұтұлы | Басқарушы директор, Кредиттерді басқару тобын бағыттаушы | 22.01.2019 ж. | 18.01.2021ж. |
| Мұхамеджанов Жанат Серікқалиұлы | Басқарушы директор, Кредиттерді басқару тобын бағыттаушы | 08.02.2021ж. | |
| Мұратов Ерлан Мұратұлы | Заң блогының атқарушы директоры | 22.01.2019 ж. | |
| Сармашев Қали Қоңырұлы | "Өңірлік қауіпсіздік басқармасының бастығы (Басқарушы директордың м.а. – Қауіпсіздік департаментінің директоры)" | 10.02.2021ж. | 26.02.2021ж. |
| Айжолова Әлия Ерсенқызы | Экономикалық қауіпсіздік басқармасының бастығы | 26.02.2021ж. | 04.05.2021ж. |
| Медетов Құдайберген Әбдірахманұлы | Қауіпсіздік департаментінің директоры | 04.05.2021ж. | |
| Друскильдинов Нұрлан Ерғалиұлы | Сатылымдар басқармасының бастығы | 11.08.2020 ж. | |

ТАҒАЙЫНДАУЛАР, СЫЙАҚЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

КОМИТЕТТИҢ ҚҰРАМЫ:

1. **Werner Claes** – Комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.
2. **Ли В.С.** – Комитеттің мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі.
3. **Аманқұлов Ж.Р.** – Комитеттің мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі.
4. **Хұсаинов Ғ.Ә.** – Комитеттің мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Комитет есепті жылы 3 мәжіліс өткізді, онда:

- Директорлар кеңесіне есеп беретін бөлімшелердің басшыларына 2020 жылдың қорытындысы бойынша сыйлықақы төлеу мәселесін алдын ала келісу;
- Директорлар кеңесіне есеп беретін бөлімшелердің басшылары мен жұмыскерлері үшін сыйлықақы есептеу критерийлері мен әдістемесін алдын ала талқылау;
- Банктің басшы жұмыскерлерінің жалақыларын қайта қарастыруды алдын ала келісу;
- Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесіне сыйлықақы төлеу мәселесін алдын ала келісу;
- Банктің топ-менеджментін бағалау және оларға сыйлықақы төлеу бойынша ұсыныстарды қарастыру;
- Банктің басшы жұмыскерлеріне 2020 жылдың қорытындысы бойынша сыйлықақы төлеу мәселесін алдын ала келісу;
- Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің басшыларының, Корпоративтік хатшының 2021 жылға арналған мақсаттары мен көрсеткіштері;
- Бас аудитордың 2021 жылға арналған мақсаттарын бекіту;
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың мүдделер қақтығысын реттеу саясатына енгізілетін өзгерістерді алдын ала келісу.

БАСҚАРМА

Есепті жылы Банк Басқармасы қатысу тәртібімен **93** мәжіліс өткізді, онда басқарушылық есептілікке қатысты мәселені қосқанда, Банктің негізгі қызметі бойынша **328** мәселе қаралды. Сырттай дауыс беру арқылы Басқарманың **608** шешімі қабылданды.

Басқарма бизнесті дамыту мәселелері бойынша, банктік қызметтің процедуралық мәселелері бойынша шешімдер қабылдады, комитеттер мен комиссиялардың шешімдерін бекітті және т.б.

БАСҚАРМАНЫҢ 01.01.2021Ж. БАСТАП 31.12.2021Ж. ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚҰРАМЫ

| Басқарма мүшесінің аты-жөні | Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымында Басқарманың құрамына кірген күн | Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымында Басқарманың құрамына кірген күн | Басқарма құрамынан шыққан күн | Соңғы үш жылда атқарған лауазымдары |
|--------------------------------|---|--|-------------------------------|--|
| Хұсаинов Ғалым Әбілжанұлы | 2017 жылғы 23 қыркүйектен бастап Басқарма төрағасы | | | 2017 жылғы қыркүйектен қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы 2018 жылғы сәуірден қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі |
| Асылбек Ержан Асылбек Ұлы | 18.10.2017 ж. | 25.06.2018 ж. | | 2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін – Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі |
| Владимиров Руслан Владимирович | 01.03.2018 ж. | 25.06.2018 ж. | | 2016-2018 жж. – «Банк ЦентрКредит» АҚ Кредиттік тәуекелдер департаментінің директоры 2018 жылғы наурыздан 2018 жылғы маусымға дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі 2018 жылғы маусымнан қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі |
| Ишмұратов Тимур Жақсылықұлы | 18.10.2017 ж. | 25.06.2018 ж. | | 2018 жылғы қазаннан 2018 жылғы маусымға дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі 2018 жылғы маусымнан қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі |
| Кенжеханов Марат Төлеуғазыұлы | 03.03.2020 ж. | | | 2016 жылғы қыркүйектен 2018 жылғы наурызға дейін – Бас директор, «NIKA Group» БК 2018 жылғы сәуірден 2019 жылғы қаңтарға дейін – тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі, «Лизинг Групп» АҚ 2019 жылғы желтоқсаннан 2020 наурызға дейін – Кеңесші, «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының қызметі 2020 жылғы наурыздан қазіргі уақытқа дейін – Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, Дамыту тобы, «Банк ЦентрКредит» АҚ |
| Теңізев Рустам Болатқанұлы | 31.03.2020 ж. | | | 2017 жылғы қазаннан 2019 жылғы тамызға дейін – Жоспарлау және қаржы департаментінің директоры, «Банк ЦентрКредит» АҚ 2019 жылғы тамыздан 2019 жылғы қазанға дейін – Басқарушы директор, Кредиттеу және тәуекелдерді басқару тобы, «Банк ЦентрКредит» АҚ 2019 жылғы қазаннан 2019 жылғы наурызға дейін – Басқарушы директор, Кредиттік тәуекелдерді басқару блогы, «Банк ЦентрКредит» АҚ 2020 жылғы наурыздан қазіргі уақытқа дейін – Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, Тәуекелдерді басқару тобы, «Банк ЦентрКредит» АҚ |

АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

2022 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 188 029 035* дананы, артықшылықты акциялар 39 249 255* дананы құрады (оның ішінде Банк сатып алған артықшылықты акциялар саны 38 953 841*), жарғылық капитал 65 482** млн теңге сомасында төленген. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған акциялардың кемінде 5,0% (Банк сатып алғандарды қоспағанда) иеленетін акционерлердің құрамы төмендегідей:

Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі АҚ ұсынған бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі деректеріне сәйкес

**Банк ЦентрКредит» АҚ жеке қаржылық есептілігіне сәйкес

| Акционердің аты-жөні/атауы | Бағалы қағаздардың түрі | Жалпы саны | Бағалы қағаздарды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының санына қатынасы | |
|-------------------------------|-------------------------|------------|--|-----------------|
| | | | Орналастырылған, % | Дауыс беруші, % |
| Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы | Жай акциялар | 91 146 273 | 40,10 | 50,16 |
| | Артықшылықты акциялар | 20 278 | 6,86 | - |
| Ли Владислав Сединович | Жай акциялар | 20 984 491 | 9,23 | 11,55 |
| | Артықшылықты акциялар | 0 | - | - |

Дауыс беруші акциялар бойынша пайыз «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ заңының 1-бабының 8-тармағына сәйкес есептеледі.

Дивидендтік саясат

Акционерлердің дивиденд алу бойынша құқықтары және оларды төлеу процедурасы Банктің Директорлар кеңесінің қаулысымен бекітілген Банк Жарғысында белгіленген.

Дивидендтік саясат дивидендтік төлемдердің мөлшерін белгілеген, Банктің инвестициялық тартымдылығын, қаржылық орнықтылығын, капиталдандырылуы мен өтімділігін арттырған, салынған капиталдың нарықтық кірістілігін қамтамасыз еткен кезде, «Банк ЦентрКредит» АҚ пен оның акционерлері мүдделерінің теңгеріміне, акционерлердің құқықтарын құрметтеуге және қатаң сақтауға және олардың әл-ауқатын арттыруға негізделеді.

Акциялар бойынша дивиденд төлеу және жылдың қорытындысына сәйкес бір жай акция бойынша есептелетін дивидендтің мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатады.

Артықшылықты акциялар бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына және акциялар шығару проспектісіне сәйкес дивидендтің кепілдік берілген мөлшері белгіленді. Ол жылдық 12% бастап 14% дейінгі шекті шектеулерімен жылдық 3,5% қосқандағы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі ретінде есептеледі. Жоғарыда айтылғандардың негізінде артықшылықты акцияларды ұстаушыларға 2021 жылы бір акция үшін 39,75 теңге мөлшерінде кепілдік берілген сыйақы төленді.

БАНКТИҢ ДИВИДЕНД ТӨЛЕУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРЫ

| Атауы | 2021 ж. | 2020 ж. | 2019 ж. | 2018 ж. |
|--|---------------|---------------|---------------|----------|
| Артықшылықты акциялар бойынша, мың теңге | 11 676 | 10 992 | 11 207 | 3 |
| Жай акциялар бойынша, мың теңге | - | - | - | - |
| Барлығы | 11 676 | 10 992 | 11 207 | 3 |

2019 жылдан бастап 2021 жылға дейін дивидендтердің ұлғаюы 2019 жылға дейінгі кезеңде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына және акциялар шығару проспектісіне сәйкес дивиденд бір артықшылықты акция үшін 0,01 теңге мөлшерінде төленуіне байланысты болған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2021 жылы бір акция бойынша түскен пайда 114,86 теңгені құрады.

«Қазақстан Қор биржасы» АҚ-тың деректеріне сәйкес 31.12.2021ж. жай-күйі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың бір жай акциясының нарықтық құны (ҮСН KZ1C36280010) 398 теңгені құрады.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) Банктің Директорлар кеңесінің алға қойған мақсаттарға қол жеткізуіне, Банк қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз етуге көмектесу үшін құрылған және ол өз қызметін тәуелсіздік, әділдік, кәсіби біліктілік, кәсіби этика принциптерін сақтай отырып жүзеге асырады.

ІАҚ аудит қызметі тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесін бағалауды жүргізеді және бизнес-процестерге тән тәуекелдер деңгейіне негізделеді.

Сондай-ақ ІАҚ өз қызметінде ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін де қолданады.

Банк өз кезегінде ІАҚ қызметінің өз функцияларын кедергісіз және тиімді жүзеге асыруы үшін барлық жағдайларды жасайды.

2021 жылы Аудит комитеті төрт мәжіліс (біреуі сырттай) өткізді, 12 мәселені қарады, олардың ішінде:

- Келесі есептілікті қарастыру бойынша 5 мәселе:
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімді қызмет етуі бойынша аудиттің нәтижелері мен ұсыныстарын қамтитын ІАҚ қызметі (2021 жыл бойынша тоқсандық, 2020 жыл бойынша жылдық);
- Банктің жылдық қаржылық есептілігі;
- IT консалтингтің (Дамыту тобы) нәтижелері бойынша Жол картасын орындау туралы;
- Ішкі аудит жоспарын және ІАҚ жетілдірудің орташа мерзімді кезеңдерін қарастыру бойынша 2 мәселе:
- Банктің сыртқы аудит қызметіне байланысты 1 мәселе (IT консалтингке қатысты);
- ІАҚ ағымдағы қызметі бойынша 4 мәселе (ІАҚ ІНҚ енгізілген түзетулерді, ұйымдық құрылымын және басқаларды бекіту).

ІАҚ Банк қызметінің барлық бағыттары бойынша тексерулер жүргізеді, тексерулердің нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдердің деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін Басқарма қабылдаған шаралардың тиімділігіне бақылау жасайды. ІАҚ басшысы Аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне Ішкі аудиттің жылдық жоспарының орындалуы туралы және сәйкес есепті кезеңдердегі Банктің тексерулерінің нәтижелері туралы Қызметтің есептерін беріп отырады.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудиттің 2021 жылға арналған Жылдық жоспарында көзделген аудиторлық тапсырмалар толық көлемде орындалды, бұдан басқа Банктің және еншілес ұйымдардың 6 процесіне жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Жүргізілген барлық тексерулердің нәтижелері Банктің және филиалдардың басшыларына хабарланды, ұсынымдардың орындалуын ІАҚ бақылап отырады.

Қызмет басшысы ІАҚ қызметіне байланысты маңызды әрі шұғыл мәселелерді Банктің басшылығымен жүйелі түрде талқылап отырады.

2021 жылы ІАҚ:

- Процестік аудитке өту бойынша жұмыстарды жүргізді, барлығы Банк пен еншілес ұйымдардың 38 процесін тексерді (оған қоса 7 процеске ІТ-аудит жүргізді), олардың аясында 15 филиал қамтылды.
- Банктің ІТ консалтингі бойынша жұмыстар сәтті аяқталды.
- ІАҚ ұйымдық құрылымына өзгерістер жүргізді (штаттық саны оңтайландырылды, стратегиялық тапсырмаларды іске асыру аясында құрылым жетілдірілді, Үздіксіз аудит дирекциясы құрылды).
- Жобалар пулын (ІТ-жүйелер мен шешімдер, ресурстар мен лицензиялардың қажеттілігі) қалыптастыру үшін талдау жасады.
- ІАҚ Даму стратегиясын әзірлеп, бекітті.
- Ішкі аудит тәсілдері мен процестерін жетілдіру аясында жаңа нұсқада Регламентті әзірледі және бекітті.
- Іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізуді жақсарту аясында:
 - Банк басшыларының қорытынды бағалауына төмендету коэффициентін қолдану әдістемесін әзірледі және бекітті.
 - Мониторинг жүргізу процесін автоматтандыруды іске асырды.

ІАҚ-тың 2022 жылға арналған мақсаттары мен міндеттері:

- 2022 жылға арналған Ішкі аудит жоспарын орындауды қамтамасыз ету;
- ІАҚ жетілдіру мақсатында:
 - Үздіксіз аудит жүргізу технологиясын (Continuous Audit) енгізу;
 - Жұмыскерлердің біліктілігін арттыру;
 - ІАҚ ІНҚ пысықтау және жетілдіру.

ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА САЙ КЕЛУІ

Банктегі ішкі бақылау және комплаенс-тәуекелді басқару процесін ұйымдастыру жүйесін тиімді қолданудың негізгі мақсаты Банкке тән тәуекелдерді, соның ішінде комплаенс-тәуекелдерді тұрақты негізде уақытылы анықтауға және бағалауға, сонымен қатар шығыстардың (залалдың), сондай-ақ Банктің және оның жұмыскерлерінің ҚР заңнамасының, Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауының салдарынан реттеуші органдар қолданатын санкциялардың туындауын барынша азайту бойынша уақытылы шаралар қабылдауға бақылау жасауды қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР ҰБ/ҚНРДА 2021 жылы Банкке қатысты 12 қадағалап ден қою шарасын, 3 қаржылық емес сипаттағы санкцияны және 4 айыппұл қолданды.

ЦентрКредит Банкі ҚР банктік заңнамасында, ҚР ҰБ/ҚНРДА нормативтік-құқықтық актілерінде және Банктің ішкі құжаттарында көзделген талаптардың өрескел бұзылуына жол бермейді.

2021 жылы бәсекелестіктің кедергі келтіруіне және монополияға қарсы заңнаманың бұзылуына байланысты жағдайлар болған жоқ.

МҮДДЕЛІ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН БІРЛЕСІП ӘРЕКЕТ ЕТУ

ҚР ҰБ/ҚНРДА сауалдарымен жұмыс істеу тәртібі «Банк ЦентрКредит» АҚ-та уәкілетті органдар, сыртқы ұйымдар тексерулер жүргізген кезде, құрылымдық бөлімшелердің бірлесіп іс-әрекет етуін ұйымдастыру ережесімен реттеледі.

ҚР ҰБ-ның/ҚНРДА-ның барлық сауалдары мен хабарламалары Банкке түсетін кіріс құжаттама ретінде міндетті түрде түскен күні тіркелуі тиіс.

Ұсынылатын жауаптың және қосымшалардың толықтығы, мазмұны, сондай-ақ ҚР ҰБ-дан/ҚНРДА-дан келіп түскен сұрау салуларға/хабарламаларға жауаптың уақытылы ұсынылуы үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің жұмыскері және оның басшысы, сондай-ақ қарамағында тиісті ақпарат пен мәліметтер бар сұрау салу/хабарлама тақырыбына сәйкес бизнес-процеске жетекшілік ететін БО құрылымдық бөлімшелері жауапты болады.

КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛ

Банктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтық, салықтық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюро және кредиттік тарихтарды қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамаларының, Банктің қаржы нарығында қызмет көрсету және операциялар жүргізу тәртібін реттейтін ішкі құжаттарының, сонымен қатар Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарын сақтамауының салдарынан ысыраптың пайда болу қаупі.

Саясат:

- Комплаенс-тәуекелдерді басқару саясаты;
- «Өз клиентіңді біл»;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша саясат;
- Ішкі бақылау саясаты;
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.

Комплаенс-тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- ішкі құжаттар әзірлеу арқылы комплаенс-тәуекелді, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша Банк жұмыскерлеріне арналған ішкі басшылық құжаттарды (нұсқаулықтарды) әзірлеу;
- Банктің және Банк жұмыскерлерінің комплаенс-тәуекелді басқару саясаттары мен процедураларын сақтауына мониторинг жүргізу;
- Комплаенс-тәуекел оқиғалары туралы деректерді жинау;
- Банктің және Банк қызметкерлерінің іс-әрекетіндегі комплаенс-тәуекелдің болуы бойынша клиенттердің (контрагенттердің) атынан түскен шағымдарға (өтініштерге) талдау жасау және оны жою бойынша шаралар қабылдау;
- Банктің комплаенс-тәуекелге ұшырағыштық дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу және талдау;
- Өз бетінше немесе Банктің құрылымдық бөлімшелерімен және (немесе) лауазымдық тұлғаларымен бірге Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша Банк қызметкерлерінің Банктің қаржы нарығында қызмет көрсету және операциялар жүргізу мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасын, сондай-ақ Банктің қызметіне әсер ететін шетел мемлекеттерінің заңнамасын бұзу фактілерін тергеу (тексеру);
- Банктің нақты операциясының (мәмілесінің) немесе оның бір бөлігінің банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операция жүргізу мәселесін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сонымен қатар Банктің қызметіне әсер ететін шетел мемлекеттерінің заңнамасына сәйкестігіне қатысты мәселелер бойынша кеңес беру.

БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ 2021 ЖЫЛЫ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ МЕН ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің 21.01.2019 жылғы № 3-0121-02 қаулысымен бекітілген «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың басқарушы жұмыскерлеріне және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесіне есеп беретін тұлғаларға еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы, сондай-ақ материалдық ынталандырудың басқа да түрлерін есептеу жөніндегі саясатқа сәйкес төленеді.

1. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021 жылғы қаржы жылына белгіленген сыйақысының мөлшері акционерлер жиналысының 28.05.2021 жылғы Хаттамасымен бекітілген Банктің есепті кезеңдегі жоспарлы жалақы қорының 5%-нан аспайды және 1,2%-ды құрайды.
2. Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелеріне келесі сыйақы түрлері белгіленген:
 - Директорлар кеңесінің мүшелеріне – қызметінің жеке көрсеткіштері үшін ай сайын төленетін сыйақы;
 - Басқарма мүшелеріне – кепілдік берілген лауазымдық айлық, жыл бойынша жұмыс қорытындысы үшін төленетін сыйақы.
3. Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 2021 жылы төленген сыйақының жалпы мөлшері 577,2 млн теңгені немесе есепті кезең бойынша Банктің жоспарлы жалақы қорының 3,6% құрады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың басшы қызметкерлерінің жұмыс сапасын белгілейтін критерийлер:

- Жылдық қаржы көрсеткіштерінің орындалуы;
- Банктің таза кіріс алуы.

ТИІМДІ КОМАНДА




ЖҰМЫСКЕРЛЕР САНЫ МЕН ЕТҚ

ШТАТТЫҚ ЖӘНЕ ІС ЖҮЗІНДЕГІ САНЫ

2021 жылы жалпы Банк бойынша штаттық сан 44 бірлікке ұлғайтылды, ал нақты саны 64 бірлікке азайды. Орташа есеппен штаттық бірліктің шамамен 15% жыл ішінде толтырылмаған күйінде қалады (вакансиялар). БО кейбір функцияларын орталықтандыру есебінен 2021 жылы штат санының 12%-ға өсуі байқалады. Бөлімшелерде нақты саны бір жыл ішінде 15%-ға өсті. Мамандықтар аясында филиалдарда «Кеңесші» лауазымының толықтай алып тасталғанын және «Ипотека бойынша маман» жаңа лауазымының енгізілгенін, сонымен қатар кредиттерге әкімгерлік ету функциясының 25%-ға қысқартылғанын атап өткен жөн.

ШТАТТЫҚ ЖӘНЕ НАҚТЫ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ



ІС ЖҮЗІНДЕГІ САНЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ, %


| Куратор | 31.01.21 | 31.12.21 | % |
|---------------------------------|-------------|-------------|------------|
| Бизнес тобы | 419 | 483 | 15% |
| Кредиттерді басқару тобы | 113 | 255 | 126% |
| Тәуекелдерді басқару тобы | 183 | 179 | -2% |
| Қаржы тобы | 123 | 117 | -5% |
| Қызметті қолдау тобы | 240 | 233 | -3% |
| Дамыту тобы | 332 | 384 | 16% |
| ДКТ мен БТ жанындағы бөлімшелер | 329 | 294 | -11% |
| БО бойынша барлығы | 1739 | 1945 | 12% |

| Қала | 31.01.21 | 31.12.21 | % |
|----------------|-------------|-------------|-----------|
| Ақтау | 53 | 54 | 2% |
| Ақтөбе | 54 | 60 | 11% |
| Алматы | 308 | 296 | -4% |
| Атырау | 63 | 56 | -11% |
| Жезқазған | 27 | 22 | -18% |
| Қарағанды | 94 | 91 | -3% |
| Көкшетау | 36 | 34 | -5% |
| Қостанай | 56 | 51 | -9% |
| Қызылорда | 62 | 59 | -5% |
| Нұр-Сұлтан | 121 | 146 | 21% |
| Павлодар | 48 | 47 | -2% |
| Петропавл | 30 | 33 | 10% |
| Семей | 49 | 62 | 26% |
| Талдықорған | 84 | 103 | 23% |
| Тараз | 39 | 50 | 28% |
| Түркістан | 16 | 34 | 112% |
| Орал | 71 | 72 | 1% |
| Өскемен | 83 | 86 | 4% |
| Шымкент | 73 | 76 | 4% |
| Барлығы | 1367 | 1432 | 5% |

ЕТҚ тұрақты бөлігі 2020 жылмен салыстырғанда 18,6%-ға (2 681 282 мың теңгеге), ал ауыспалы бөлігі 68,7%-ға (1 592 848 мың теңгеге) өсті. Сонымен қатар ауыспалы бөлігі қызметкерлердің 2021 жылдағы кірісінің тұрақты бөлігіне қатысты қатынасы бойынша 4,8%-ға өсті, бұл сөзсіз оң көрсеткіш болып табылады, өйткені қызметкерлерді мақсаттар мен нәтижелерге жетуге ынталандырады.

| | 2019, мың теңге | 2020, мың теңге | 2021, мың теңге |
|---------------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| ЕТҚ тұрақты бөлігі | 12 458 177 | 14 448 016 | 17 129 298 |
| ЕТҚ ауыспалы бөлігі | 3 096 628 | 2 317 164 | 3 910 012 |
| ЕТҚ тұрақты бөлігі | 80,1% | 86,2% | 81,4% |
| ЕТҚ ауыспалы бөлігі | 19,9% | 13,8% | 18,6% |

Кестеден айдан айға төлем көлемінің ауытқуы көбіне кірістің ауыспалы бөлігінің өзгерістеріне негізделгені көрінеді, олар жылдың қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелері мен сыйлықақы, сонымен қатар тоқсан сайынғы және ай сайынғы есеп айырысулар мен сыйлықақыларды төлеу нәтижелерін бағалау цикліне байланысты болады.



БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СЫЙЛЫҚАҚЫ ТӨЛЕУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

2021 жыл ішінде жұмыс тобы Басқарма төрағасының бастауымен және Қызметкерлерді басқару орталығының үйлестіруімен бағалау және сыйлықақы төлеу бағдарламаларын жаңарту және енгізу мәселелерін қарастырды. 2021 жылдың соңында банкте 4 негізгі әдіс іске асырылды:

1 Нормативтер / Көрсеткіштердің бірыңғай жүйесі

Фронт-офис бөлімшелерінің басшылары үшін негізгі басымды мақсатты бағдарларды есепке ала отырып, санды көрсеткіштер мен көрсеткіштердің бірыңғай жүйесінде өлшенетін нормаланатын операциялар бойынша сыйлықақы төлеу.

2 SLA

Қолдау бөлімшесінің (бэк-офис) сервисінің деңгейі туралы келісімді орындау нәтижелері бойынша сыйлықақы төлеу.

3 Жобалық сыйлықақы төлеу

Банк бизнесін трансформациялау аясында жоспардан тыс жобаларды / жобалық міндеттерді іске асыру нәтижелері бойынша сыйлықақы төлеу.

4 Мақсаттар картасы

Жоғары тұрған басшы белгілеген және қызметкер қабылдаған, белгіленген кезеңде мақсатқа қол жеткізуді белгілеу және бағалау аясында сыйлықақы төлеу (тоқсаннан жылға дейін);

Банктің әр қызметкері мотивацияның білгілі бір түрімен қамтылған, ал кейде бір уақытта бірнеше бағдарламаға қатысады (мысалы, жыл сайын сыйлықақы төлеу бойынша мақсаттар картасы мен жыл ішінде жоспардан тыс жобаларды іске асыру үшін жобалық сыйлықақы төлеу)


2021 жылдың басында 2020 жылдың қорытындысы бойынша қызметкерлердің нәтижелілігі мен құзыреттілігінің сәйкестігін бағалау іске асырылды. 2264 қызметкер жұмыс нәтижелері мен құзыреттілігі бойынша жеке бағаланды. TOP HR автоматтандырылған жүйесінде мақсаттар картасын қалыптастыру арқылы 2021 жылға мақсаттар белгіленді. Процесс жүйеде пысықталды, енді әрбір мақсаттың нақты орындалуы бойынша пайызбен көрсетілген бағасы бар, бұл әрбір қызметкердің нәтижесін барынша объективті бағалауға және сыйлықақы мөлшерін барынша нақты есептеуге мүмкіндік береді. 2021 жылдың екінші жарты жылдығында «360 градус» принципі бойынша басшылардың құзыреттілігіне бағалау жүргіздік, ол кезде «360 градус» принципі бойынша 513 басшының 406-сы құзыреттілігі бойынша жеке бағалаудан өтті. Басшылардың құзыреттілігін бағалау «Өзгерістер мен инновацияларды басқару» бойынша басшылардың құзыреттілігін дамытуға қосымша күш жұмсау қажеттілігін анықтады.

2021 жылдың соңында өткен жыл бойынша қорытынды жасау процесі іске қосылды. Банк басшылары үшін 360 бағалауын іске асырудан басқа Банктің қалған барлық қызметкерлерінің құзыреттілігін бағалау үшін 180 бағалауды іске қосу, бұл жұмыскерге жеке құзыреттілігі бойынша өз-өзін бағалауын басшының бағалауымен салыстыруға мүмкіндік береді.


ТҰРАҚТАМАУ, РЕКРУТМЕНТ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ

2020 жылмен салыстырғанда, 2021 жылдың қорытындысы бойынша қызметкерлердің тұрақтамауы бэк-офисте 12%-ға және фронт-офисте 30%-ға ұлғайғаны байқалады. 2020 жылмен салыстырғанда, 2021 жылы қызметкерлердің тұрақтамауының айтарлықтай ұлғаюы жаңа қызметкерлерді іріктеу және қабылдау бойынша жұмыс көлемінің артуына әсер еткенін атап өткен жөн.

БЭК-ОФИС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТҰРАҚТАМАУЫ



ФРОНТ-ОФИС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТҰРАҚТАМАУЫ



Қызметкерлердің мұндай тұрақтамауының өсуі қызметкерлердің ұзақ уақыт қашықтан жұмыс істеуі салдарынан шаршау деңгейінің жоғары болуына негізделуі мүмкін. Осылайша жаңа жұмыс орнына көшу арқылы жағдайды өзгертуге ниеттену, бұл сондай-ақ Exit-interview жүйесінде жұмыстан шығудың жиі айтылатын себептерінің бірі «Басқа компаниядан қазіргіден жақсы ұсыныс алудың» айтылуымен расталады.

- 33%** — Басқа компаниядан едәуір қызықты ұсыныс алу
- 29%** — Еңбекақы төлеу деңгейінің жеткіліксіз болуы
- 28%** — Жеке себептер
- 24%** — Жұмыс режимі қызу әрі қарқынды
- 18%** — Мансаптың көтерілмеуі
- 18%** — Қызмет саласын ауыстыру
- 13%** — Ұжымда жағымсыз ахуалдың болуы
- 13%** — Жайсыз еңбек талаптары
- 4%** — Оңтайландыру/қайта құрылымдау

ТҰРАҚТАМАУ, РЕКРУТМЕНТ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ

2021 жылдың қорытындысы бойынша үздік қызметкерлердің тұрақтамауы 14,4%-ды құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 8,5%-ға көбірек және 2 % мақсатты көрсеткішке қарағанда 12,4%-ға көбірек. Үздік емес қызметкерлердің тұрақтамауы 83,9 %-ды құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 55,3%-ға көбірек және мақсатты көрсеткішке қарағанда 33,9%-ға көбірек. 2021 жылы сынақ мерзімінде қызметкерлердің тұрақтамауы бэк-офис қызметкерлерінің арасында 16%-ды құрады және фронт-офис қызметкерлері арасында 24% құрады.

2021 жылы рекрутмент функциясы екі бағытқа бөлінді: жаппай және экспертті рекрутмент. Бұл Банктің штатын кеңейтуге және бағыттар бойынша жаңа штаттық бірліктерді ашуға негізделді. Біз спецификациясына байланысты рекрутмент процесінің кезеңдерін стандарттадық: жаппай іріктеу, мамандар лауазымына іріктеу, орта және жоғары буын басшыларын іріктеу.

Үлкен нәтижеге жету үшін біз рекрутмент процесін басқа процестермен үйлестіруді жалғастырып келеміз: жұмыс берушінің брендин дамыту, бейімдеу, кіріспе оқыту және тәлімгерлік, ішкі үміткерлер (кадрлық қор), озық іріктеу (ең төменгі жалақымен лауазымдарда кіріспе оқыту арқылы).



2021 жылғы қазанда қанатқақты жоба аясында рекрутмент командасы үшін бағалау және сыйлықақы төлеу бағдарламасы әзірленді. Келесі жылы біз Банктің барлық негізгі бөлімшелерімен бірге бос орындарды толықтыру бойынша SLA бекітуді жоспарлап отырмыз.

2021 жылдың қорытындысы бойынша бос орындарды толтырудың орташа мерзімі келесіні құрайды (іріктеуге өтінім келіп түскен сәттен бастап үміткер шыққанға дейін):



ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

2021 жылдың негізгі мақсаты – қызметкерге оқу үшін барынша түсінікті және тиімді құрал беру және оны процеске тарту.

Жоспарлағандай, біз міндетті оқытуда сауалдарды іске асырумен және жеке курстарды әзірлеумен қатар оларды оқыту бағдарламаларына біріктіру міндеттерін алға қойдық.

«Тәуекелдер туралы – маңызды мәселе қарапайым сөзбен» атты модульді оқыту бағдарламасы

Бөлшекті тәуекелдер блогымен бірге тәуекелдерді басқаруға, алаяқтықты азайтуға және клиенттердің мерзімінен кешіктірілген кредиттік төлемдерін азайтуға қатысты білім деңгейін арттыру үшін оқыту бағдарламасы әзірленді.

Бағдарлама үш оқу модулінен тұрады:

- **Тиімді менеджер**
- **Тәуекел мәдениеті және алаяқтық**
- **Клиенттерді визуалды шолу**

Оқу модульдерінен өткеннен кейін, қызметкерлер алған білімдерін бекіту үшін қорытынды тест тапсырады. Сәтті нәтиже көрсеткен кезде, > 80% қызметкер электронды сертификат алады.

Бұл оқу бағдарламасы фронт-офис қызметкерлеріне 6 ай сайын тағайындалады, сонымен қатар бағдарлама Банкте алғашқы жұмыс істеген күні өтетін, жаңадан қабылданған қызметкерлерге бейімделген.


Сырттай оқыту

2020 жылғы Пандемия сыртқы оқытуға қатысты бюджетті басқару процесіне елеулі түзетулер енгізді, сондай-ақ іс-шараларды өткізу форматын face-to-face-тен online-ға көшуге өзгертті. Осы күрделі жағдайларда біз бизнестің негізгі қажеттіліктерін ескере отырып, бюджетті тиімді пайдалана алдық.

Бюджет бабын тұрақты тоқтату арқылы 2020 жылмен салыстырғанда оқыту сапасын жоғалтпай-ақ, бағамның орташа құнын азайтуға және оқудан өткен қызметкерлер санын арттыруға қол жеткіздік.

Ішкі оқыту

2021 жылдан бастап функционалды оқытушылық форматын енгізу жүргізілуде, мұнда ішкі сарапшылар өздерінің кәсіби тәжірибелерімен бөліседі. Бір жыл ішінде ішкі сарапшыларға онлайн және іштей форматта 4 тәжірибелік курс өткізілді:



БАНКТИҢ 2021 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ЖОБАЛАРЫ

«Идеялар биржасы» жобасы

2021 жылғы шілдеде біз Банктегі процестерді жақсарту үшін, әр қызметкердің Банкті дамытудағы өз үлесін сезінуі үшін қызметкерлердің идеяларын жинау жобасын іске қостық. Аталған жоба «TOPHR» порталы арқылы іске асырылды: бастамашы идеясын қай басшыға жолдайтынын таңдап, кейін оны Жеке кабинеттен өз өтінішінің мәртебесі арқылы бақылап отыра алады. Өткен жылы барлығы 91 идея берілді, оның ішінде 11-і іске асырылды, 52-сі қарастырылды және 28-нің себебі көрсетіліп, бас тартылды.

BCC Key People жобасы

Банктің негізгі қызметкерлерін ұстап қалу және мотивациялау мақсатында «BCC Key People» жобасы әзірленді. Төрт санат бойынша 251 тірек қызметкер анықталды: Тірек басшылар, Тірек сарапшылар, Үздік қызметкерлер, Потенциалы жоғары қызметкерлер. Әр санат үшін қызметкерлерді таңдау бойынша критерийлер мен құралдар, сонымен қатар едәуір жайлы еңбек жағдайын ұсынуға, жеке шығындарын өтеуге және қызметкердің өсуі мен дамуы үшін жағдай жасауға бағытталған жан-жақты мотивациялық пакет әзірленді.

Сондай-ақ бұл жоба жоғары тұрған басшылардың кадрлық резервін қалыптастыруға және жетекшілік ету әрі дағдылармен алмасу арқылы білім базасын құруға мүмкіндік береді.

HR Messenger

2021 жылғы тамызда жаппай рекрутмент процесіне digital технологиясын енгіздік: HR Messenger, үміткерлермен коммуникацияны автоматтандыру үшін чат-боттар негізіндегі платформа. Көбінесе, технология Call-center орталығына, сонымен қатар фронт-офистегі жаппай позицияларға қызметкерлерді іздестіру үшін пайдаланылады. Ілгерілету үшін @bcc_space, HeadHunter.kz аккаунттары мен таргеттелетін жарнама қолданылады. Біз 2022 жылы жобаны дамытуды жоспарлап отырмыз.

«Досыңды алып кел»

Қазан айында біз «Досыңды алып кел» жобасын іске қостық – бұл үміткерлерді іздестіру жөнінен рефералды бағдарлама, ол бойынша сыйақы төлеу көзделген. Оның қорытындысы бойынша 14 үміткер жұмыс бойынша ұсыныс алды. 2022 жылы біз жобаны Қазақстанның барлық өңірлеріне масштабтауды жоспарлап отырмыз.

Озық іріктеу

Жобаның мақсаты: тағылымдамадан (кіріспе оқу) өткен дайын үміткерлерді фронт-офистегі бос орындарға күнбе-күн қабылдау:

- Штатта ең төменгі жалақы мөлшерімен кіші мамандардың штаттық бірліктерін құрамыз, олардың санын мамандық бойынша кадрлардың тұрақтамауының орташа айлық мөлшеріне байланысты анықтаймыз;
- Күндер бойынша кіріспе оқыту бағдарламасын әзірлейміз, жетекшілерді айқындаймыз;
- Жоспарланған жұмыстан босату туралы ақпаратты қабылдай отырып, үміткерлерді тағылымдамадан өтуге қабылдаймыз;
- Қызметкер жұмыстан босатылған кезде, аттестациялық емтиханды сәтті тапсырған, оқудан өткен және жетекшінің ұсынысын алған тағылымдамадан өтушіні аударамыз. Қорытынды бойынша жетекші ақшалай сыйақы алады.

2021 жылдың соңында кіші мамандар позициялары Қазақстанның барлық өңірлеріне енгізілді.

БАНКТИҢ 2021 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ЖОБАЛАРЫ

BCC Leaders. Басшыларды оқытудың модульдік бағдарламасы

2021 жылы тұрақты менеджмент тәжірибесіне негізделген BCC Leaders басшыларды дамытудың модульдік бағдарламасы іске қосылды.

Оқыту бағдарламасы 10 аптаға есептелген және бес модульден тұрады, оларға landing-парақтар, бейнелер, подкастар, инфографикалар және онлайн мастер-кластар кіреді. Бірінші лектің қорытындысы бойынша eNPS 100 құрады. Платформа HR күшімен жүзеге асырылған ішкі әзірleme болып табылады.

BCC Start

2021 жылдың екінші жартыжылдығында жаппай мамандықтар үшін кіріспе оқыту бағдарламаларымен онлайн-платформа іске қосылды. Blended learning концепциясы пайдаланылды: интерактивті курстарды, мануалдарды өз бетінше үйрену, тренажерлардан өту, сонымен қатар басшымен және жетекшімен бірлесіп әрекет ету.

Платформа HR күшімен жүзеге асырылған ішкі әзірleme болып табылады. Қазіргі сәтте үш бағдарлама іске асырылды, «Кредит беруден кейін қызмет көрсету бойынша менеджер», «Дербес менеджер», «Корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету бойынша менеджер». 2022 жылы біз фронт-офистің барлық жаппай мамандықтарын қамтуды жоспарлап отырмыз.

BCC миссиясы

2021 жылғы қыркүйекте Банктің миссиясын анықтау бойынша трансформациялық жоба іске қосылды. Банк амбассадорларының қатысуымен, digital-құралдар мен фасилитациялық офлайн-сессиялардың көмегімен процеске 3000-нан астам қызметкерді жұмылдыру арқылы іске асырылды.

30 қазанда жалпы банктік қорытынды жиналыста Басқарма төрағасы Банктің миссиясын жариялады.

AIESEC-пен ынтымақтастық орнату

2021 жылдың басында біз AIESEC халықаралық жастар ұйымымен жылдық ынтымақтастық орнаттық. Бұл – Қазақстанда 30 жылдан астам уақыт қызмет етіп келе жатқан тәуелсіз коммерциялық емес ұйым.

Серіктестер студенттер қатарынан озық жас тұлғалардың қауымдастығын қалыптастыру бағытын ұстанады. Серіктестік кезеңінде біз келесі жобаларға қатыстық:

- Top Talents;
- Developing Leadership Day;
- Leadership Development Seminar;
- «BCC Research by AIESEC» ортақ жобаның тұжырымдамасын келісімге алу;
- Go Exchanges үшін жарнама өнімін ұсыну.

Біз екі вакансиялар жәрмеңкесіне қатыстық, екі мастер-класс өткіздік, ақысы төленетін тағылымдамадан өту үшін IT және HR бөлімшелеріне жеңімпаздар командасының студенттерін қабылдадық.

Біз жұмыс беруші ретінде брендiмiздi алға жылжытып, Банкіміздің мәртебесін нығайттық. Ал серіктестігіміздің ең маңызды профиті – бұл AIESEC-тің бізді болашағы зор жастармен байланыстырғаны.

БАНКТИҢ 2021 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ЖОБАЛАРЫ

ITeachMe қоғамдық қорымен ынтымақтастық орнату

Жұмыс беруші ретінде біз алдыға келесідей мақсат қоямыз – қызметкерлер үшін тең құқықтармен қолжетімді жұмыс ортасын құру және мүгедектігі бар тұлғаларды жұмысқа тұрғызу сияқты маңызды тақырыпты бастағымыз келеді. 2021 жылғы қарашадан бастап Банк пен «ITeachMe» қоғамдық қорының арасында ынтымақтастық орнады.

Қордың қызметі мүгедектігі бар тұлғаларды қолдауға, ілгерілетуге және құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Бұл ынтымақтастықтың мақсаты оқыту, тағылымдамадан өтуге көмектесу және жұмысқа тұрғызу арқылы мүгедектігі бар тұлғаларды әлеуметтендіру, өмір сүру сапасын жақсарту болды. Бұл мақсаттарды іске асыруды бастау үшін біз Қордың жобаларының бірі – ITeachMe 5.0 жобасына қатыстық, оның қорытындысы бойынша 2021 жылғы 13 желтоқсанда Қызметкерлерді басқару орталығына:

- 2 финалист – уақытша жұмысқа;
- 2 финалист – жобалық жұмысқа қабылданды.

Қызметкерлерге жайлы қашықтан жұмыс істеу үшін барлық жағдай жасалды, соның ішінде дербес жетекші бекітілді.


Бір жарым айдың қорытындысы бойынша қызметкерлердің жақсы нәтиже көрсеткенін атап айтуға болады және болашақта кейбіреулерінің кандидатураларын тұрақты жұмысқа қабылдау үшін қарастыруға болады.

2022 жылға арналған стратегиялық басымдықтар

- Әр қызметкердің тиімділігін арттыру мақсатында бағалау және сыйлықақы беру жүйесін жетілдіру.
- Басқарушылық мәдениетті арттыру, мансап сатыларын енгізу және BCC Key People жобасын дамыту есебінен қызметкерлердің тұрақтамауын азайту.
- Бейімделу процесін жақсарту, кіріспе оқыту бағдарламаларын және жетекшілік ету жүйесін енгізу есебінен сынақ мерзімінде тұрақтамауды азайту.
- Автоматтандыру, деректерді басқару (ШК автоматтандыру, қызметкерлер және үміткерлер бойынша деректер базасы, дашбордтарды дамыту және т.с.с.) арқылы қызметкерлерді басқару бойынша үздіксіз үйлесімді процестерді құру.

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

2021 жылы ұйымдық құрылымды қалыптастыру және өзгерту бойынша негізгі принциптер бекітілді, атап айтқанда құрылымдық бөлімшелер мен лауазымдардың келесі иерархиясы бекітілді:



Дирекциядағы / Бағыттағы лауазымдар иерархиясы:




Бөлімшеде жұмыскерлер үшін мансап сатысын сақтау маңызды: қызметкерлердің мансаптық ілгерілеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін кемінде 2 лауазым деңгейін енгізу ұсынылады.

Құрылатын бөлімшенің түрі мен деңгейі келесі факторларға байланысты: бөлімшенің жалпы функционалы, Топтың және/немесе Блоктың нәтижелеріне әсер ету масштабы, жеке бюджеттің болуы (кіріс немесе шығыс бөлігі бойынша), бір жұмыскердің қолдастындағы жұмыскерлері саны, факторларды салыстыру – жауапкершілік, басқарушылық және алынған нәтижелерді болжау.

Сонымен қатар филиал желісіне бас офиске қолдау функцияларын орталықтандыру бойынша жұмыстар және иерархияның артық деңгейлерін және басшылардың штаттық бірліктерін алып тастау арқылы басқарушылық деңгейін оңтайландыру бойынша жұмыстар жалғасты.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ-ТЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



ESG



Қазіргі уақытта әлемдік, сондай-ақ қазақстандық нарықта ESG-факторлары банк секторы мен қаржы нарығын дамыту үшін маңызды болып табылады.

ESG-факторларына қатысты банктік реттеу даму үстінде және бизнес үшін мүмкіндіктер құруда.

ESG (Environmental, Social, Corporate Governance) – бұл ұйымдарды басқару сипаттамаларының жиынтығы, бұл кезде аталған ұйым экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық проблемаларды шешуге қатыстырылады.

Кеңінен айтқанда, бұл келесі принциптер бойынша құрылатын коммерциялық қызметтің тұрақты дамуы:

E – қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау

Банк қоршаған ортаға қаншалықты қамқорлықпен қарайды және экологияға келтірілген залалды қалайша қысқартуға тырысады.

S – әлеуметтік жауапкершілік

Банктің қызметкерлерге, жеткізушілерге, клиенттерге, серіктестер мен тұтынушыларға қарым-қатынасы. Стандарттарға сәйкес болу үшін Банк еңбек талаптарының сапасына қарай жұмыс істеуі қажет, гендерлік балансты бақылауы қажет немесе әлеуметтік жобаларды инвестициялауы қажет.

G – корпоративтік басқару сапасы

Басқару сапасы: есептіліктің ашық болуы, офистегі жағымды және қауіпсіз ахуал, акционерлермен қарым-қатынас, коррупцияға қарсы шаралар.

ЦентрКредит Банкі бизнестің барлық сегменттері бойынша озық позицияларға шығуға тырысады. Бұл ретте біз жоғары қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізу, басқарудың тиімділігі және даму тұрақтылығы көбіне корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік деңгейімен айқындалатынын толық көлемде түсінеміз.

Банк акционерлерінің алдында жұмыс нәтижелері бойынша, клиенттерінің алдында өнімдер мен қызметтердің сапасы бойынша, серіктестерінің алдында қабылданған міндеттерді тиісті түрде орындау бойынша жауапкершілігін түсінеді.

Банк экономиканың әл-ауқатына және қоғамның дамуына оң үлес қосуға тырысады.



Е – ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫНАСЫ

Біздің Банкте тұрақты дамуға қолжеткізу мақсатында экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған экологиялық жобаларды іске асыруға ерекше назар аударылады.

Банкте іске асырылатын экологиялық жобалар:

- ЦентрКредит Банкі 2021 жылы энергияны пайдалануды азайтуға, энергияны қалпына келтірілетін көздерден генерациялауға және су ресурстарын қорғауға жәрдемдесетін GEFF (Green Economy Financing Facility) жасыл технологияларын қаржыландыру бағдарламасы бойынша ЕҚДБ серіктес банкі атанды. GEFF бағдарламасының мақсаты – ЦентрКредит Банкінің ЕҚДБ-ден алынған кредиттік ресурстары арқылы ҚР тұрғындары мен бизнес өкілдеріне едәуір қолжетімді болған сапалы заманауи экологиялы материалдар мен технологияларды пайдаланумен ҚР бизнесі мен тұрғын үй объектілерін энергия тиімділігімен модернизациялау. 2021 жылы Банк «жасыл жобаларды», соның ішінде Ақмола, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарында жел электр подстанцияларының құрылысын 4,2 млрд теңге сомаға қаржыландырды. Аталған жобалар жел көздерінен алынатын энергияны дамыту саласына үлкен үлес қосады, бұл Қазақстан Республикасында электр энергиясының дефицитін азайтып қана қоймай, экологиялық жүктемені азайтады және қоршаған ортаны ластауды азайтады.
- Қалдықтарды бөлек жинау және сұрыптау жобасы іске асырылды. Банкте тұрмыстық қалдықтарды жинау және өткізу үшін таразы мен контейнерлер орнатылған.
- «Қағазсыз офис» жобасы іске қосылды:
 - Банк офистерінде қағазды құжат айналымын оңтайландыру мақсатында автоматтандыру жақсартылды және құжаттардың көп бөлігі ЭЦҚ арқылы қол қоюмен электронды форматқа көшірілді.
 - Филиал желісі мен еншілес компаниялардың процестерін орталықтандыру жоспарланды.
- Кейін қайта өңдеу үшін макулатураны сақтау және өткізу іске асырылды.
- Банктің офистік жайларында фронт-офис пен бэк-офистерде диодты лампаларды пайдалану, авто тұрақты қысқарту жобасы және 20:00-ден кейін компьютерлік техниканы автоматты сөндіру процесі іске асырылды. Осылайша, Банк Бас офис ғимаратында энергия тұтынуды едәуір азайта алды, унемдеу сағатына 2кВт немесе айына шамамен 300-500 кВт құрайды.

- ЦентрКредит Банкі әртүрлі смартфондар үшін контактісіз төлем жасаудың инновациялы технологияларын ендіру арқылы пластик пен қолма-қол ақшаны пайдалануды азайту мақсатында қолма-қол ақшасыз төлемдерді белсенді түрде дамытып келеді. Apple Pay, Samsung Pay, Google Pay сияқты белгілі төлем жасау сервистері іске қосылды, сонымен қатар Банк мобильді құрылғыларға арналған өзінің BCC Pay сервисін құрды.
- Банктің қызметкерлері мен клиенттері үшін Банк аумағында бөлінген тұрақ орындарымен, электромобильдер, велосипедтер мен самокаттар үшін жабдықталған тұрақтарды дамыту.
- Банк бөлімшелерінде клиенттер үшін көп рет қолдануға болатын стакандар көзделген.
- Банк тұрақты түрде ESG мәдениеті және ESG-принциптерін сақтау бойынша қызметкерлер үшін оқыту жүргізеді.
- Экологиялық акциялар мен сенбіліктер жүргізу – ЦентрКредит Банкінің корпоративтік өмірінің ажырамас бөлігі. Банк командамыздың арасында қарқынды дамып келе жатқан, аталған экологиялық белсенділікті жыл сайын өткізеді. Банк қызметкерлері ағаш отырғызады, қала аумағын тазартады және абаттандырады. Сенбіліктің негізгі идеясы – адамдардың назарын экологияға аударту, қалаларымыздың сыртқы келбеті туралы ойландыру, қоршаған табиғатты қорғауды үйрету.

S – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Кез келген ұйымның болашағы елдегі әлеуметтік игілікке, тұрақтылыққа, мәдениет және білім деңгейіне тығыз байланысты, сондықтан ЦентрКредит Банкі тұрақты түрде әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларды іске асырады. Бұл – қоғам өміріне араласудың негізгі бағыттарының бірі және ЦентрКредит Банкінің корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі.

ЦентрКредит Банкінің қайырымдылық және демеушілік қолдау көрсетуінің негізгі бағыттары балаларға арналған мекемелерді, қоғамдық ұйымдарды, ардагерлерді қолдауды, сонымен қатар білімді, спортты, мәдениет пен өнерді дамытуға қатысты демеушілік қызметті қамтиды.

Қызметкерлерге қамқорлық таныту

Қазіргі уақытта банкте мотивациялық бағдарламалардың келесі түрлері бар:

- 1 Базалық өтемақы пакеті, ол барлық қызметкерлерге қатысты қолданылады және оның толықтырылуы лауазым деңгейіне байланысты түрленеді. 2021 жылы базалық өтемақы пакеттері қайта қаралды және ЕМС пакеттеріне қатысты жүйелендірілді, көлік шығыстарын төлеу және тұрақты ұсыну, іссапар шығыстарын өтеу және басқа қаладан келген басшылардың тұрғын үйді жалдауына қатысты шығыстарын өтеу.
- 2 Барлық қызметкерлерге арналған базалық мотивациялық пакет, оған икемді кесте және қашықтан жұмыс істеу форматы, банк есебінен оқыту және дамыту, корпоративтік іс-шаралар, серіктестердегі корпоративтік жеңілдіктер кіреді. Қолдау бөлімшелерінің (бэк-офис) сервистері деңгейі туралы келісімдерді орындау нәтижелері бойынша сыйлықақы беру.
- 3 2021 жылы BCC Key People жобасы аясында тірек басшылар мен қызметкерлер үшін әзірленген қосымша жан-жақты мотивациялық пакеттер

2020 жылмен салыстырғанда, 2021 жылы материалдық көмек төлемдерінің мөлшері 7%-ға азайды, ал қамтылған қызметкерлер саны 24%-ға азайды, бұл 2021 жылы Covid-19 індетінің профилактикасы бойынша шығыстардың азаюына байланысты.


2021 жылы жүргізілген вакцинация есебінен (2021 жылдың соңында банкте қызметкерлердің 80% астамы вакцина алды) бір уақытта ауырған қызметкерлер санын 0,4%-ға азайттық. Банкте Covid-19 науқастану бойынша ахуалды бақылауға, сонымен қатар жарамдылық мерзімі көрсетілген, офисте болуға рұқсат беретін актуалды құжаттардың (ПТР тесттер, вакцинация паспорты және медициналық қарсылықтар) болуын бақылауға мүмкіндік беретін Банк басшылары үшін дашбордтар әзірленген.

2021 жылы медициналық сақтандыру бойынша серіктес – «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» СК» АҚ-пен жасалған шарттың мерзімі ұзартылды. Әлемде орын алған пандемия есепке алынып, қызметкерлерді ерікті медициналық сақтандыру талаптары өзгертілді. «INVIVO» зертханасымен келісім жасалып, Банк жұмыскерлері үшін жеңілдетілген тарифтермен ПТР-тестілеу өткізу туралы шарт жасалды. Банк офистеріне барып, қызметкерлерді вакцинациялау жүргізілді.

Пандемияның қиын стрестік кезеңінде қызметкерлерді қолдау үшін біз кәсіби психотерапевтпен шарт жасадық, ол 2021 жылғы қыркүйектен бастап қызметкерлерге жеке қабылдау арқылы, сондай-ақ онлайн форматта (бұл опция филиал желісінің қызметкерлері үшін іске асырылды) кеңес берді.

БАНК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ГЕНДЕРЛІК ТҰРҒЫДА БӨЛУ

БАНК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ГЕНДЕРЛІК ТҰРҒЫДА БӨЛУ



2021 жылдың соңында Банктің барлық қызметкерлері арасында ерлер мен әйелдердің пайыздық қатынасы 36% және сәйкесінше 64% құрады. Банк басшылары арасында 44% – ерлер және 56% – әйелдер, бұл ерлер үшін де, әйелдер үшін де мансап сатысы бойынша ілгерілеу мүмкіндіктері тең екенін көрсетеді.

Сонымен қатар Банкте мүмкіндігі шектеулі адамдар да жұмысқа қабылданды. 2022 жылдың 1-тоқсанының соңында Банкте I, II немесе III-топ мүгедектігі бар 43 қызметкер, сонымен қатар мүгедек балалары бар 19 қызметкер еңбек етеді.

Мүгедектік топтары бойынша бөлгенде деректер келесідей:

I-топ – 3 жұмыскер;


II-топ – 15 жұмыскер;

III-топ – 25 жұмыскер

19 қызметкердің мүгедек балалары бар.

Банк қызметкерлері мүмкіндігі шектеулі балалар үшін тұрақты түрде қаржылық сауаттылық сабақтарын өткізеді.

БАНК БАСШЫЛАРЫН ГЕНДЕРЛІК ТҰРҒЫДА БӨЛУ



ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Демеушілік және қайырымдылық жобаларын іске асыру – ЦентрКредит Банкінің корпоративтік қызметінің маңызды құрамы. Банк елімізді әлеуметтік-экономикалық дамыту бағыттарына және халқымыздың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға ерекше назар аударады.

ЦентрКредит Банкі 2021 жылы келесі қайырымдылық және демеушілік жобаларды іске асырды:

Ер Қармыс

ЦентрКредит Банкі өскелең ұрпақты мәдени тұрғыдан тәрбиелеу аясында балаларға арналған «Ер Қармыс» эпосы кітабын шығаруды және дамытуды жалғастырып келеді. Идеяның авторы – «SABU productions» құрылтайшысы, продюсер және режиссер Сандуғаш Тағабергенова. 2020 жылғы қыркүйектің соңында еліміздегі кітап дүкендерінің сөрелерінде қазақ жазушысы Қалнияз Шопықұлының сарыны бойынша батыр туралы аңыз жарыққа шықты. Тұсаукесерлер Алматы, Ақтау, Ақтөбе және Орал қалаларында өтті. Жоба Junior Bank өнімі – ЦентрКредит Банкі ұсынған балаларға арналған онлайн-банкинг жүйесі аясында іске қосылды.

«Taiburyl» БҚ

2021 жылы ЦентрКредит Банкі «Taiburyl» бірлескен қоғамының келесі бағдарламаларын құру және іске асыру саласында қайырымдылық қызметті ұйымдастыруға ат салысты:

- «Білімді қолдау»: «Ай сайынғы стипендиялар» және «Білім беру гранттары», «Өз ЖОО қолдау», «Өз мектебінді қолда» атты жобалар аясында студенттерге қолдау көрсету.
- «Зерттеушілерді қолдау»: нақты коммерциялық кәсіпорындар үшін айқын экономикалық әсер ұсынатын, нақты инженерлік-конструкторлық шешімдер бере алған ғалымдарға гранттар бөлу.
- «Дарындарды қолдау»: республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарды өз қабілеттерін дәлелдеген, ғылым, спорт және мәдениет саласындағы дарынды тұлғаларды іздеу.
- «Қонақ лекциялары» бағдарламалары: бизнес және мемлекеттік басқару саласындағы кәсіпқойлардың лекцияларын ұйымдастыру.

Қоғамдық маңызы бар бастамаларды дамыту қоры

«30 игі іс» атты ҚМБДҚ жобасы бойынша «Жыл ұстазы» ұлттық премиясы аясында ЦентрКредит Банкі «Global Teacher Prize» жаһандық премияны ұйымдастыруға атсалысты. Конкурс озық мұғалімдерді анықтауға, қолдауға және ынталандыруға, ұстаздар еңбегінің қадірін арттыруға, сонымен қатар ұстаздық қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін арттыру үшін коммуникациялық платформа құруға бағытталды.

Bala Qorgau

2021 жылы ЦентрКредит Банкі ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетімен бірге іске қосылған «Bala Qorgau» жобасын іске асыруға көмек көрсете отырып, ҚР қоғамының әлеуметтік саласына өзінің зор үлесін қосты. Жоба Қазақстан Республикасында оқитындарға және олардың ата-аналарына тегін кеңес беру қызметін көздейді. Bala Qorgau оқу орнында, үйде және көшеде қиындықтарға тап болған оқушылар мен олардың ата-аналарына көмек көрсету, балалардың өзін қауіпсіз сезінуі, ал олардың ата-аналары психолог мамандар мен заңгерлерден көмек және кеңес алуы мақсатында құрылған.

Lupus Kazakhstan

ЦентрКредит Банкі қайырымдылық саясаты аясында ҚР халқының аутоиммундық сырқаттар туралы хабардар болуы жобасын іске асыруға қатысты «Lupus Kazakhstan» аутоиммундық сырқатқа шалдыққан науқастардың жеке бірлестігіне қайырымдылық көмек және қолдау көрсетті. Жобаның мақсаты – халықтың аутоиммундық сырқаттар туралы, олардың диагностикасы мен терапияның қолжетімді әдістері туралы хабардар болуы, диагностика және динамикалық қадағалау проблемаларына назарын аудару, ақпараттық аяға әсер ету, аутоиммундық сырқатпен күресіп жатқан жандарды қолдау, сонымен қатар орын алған проблемаларға мемлекеттік құрылымдардың назарын аударту.


ӘИБО

ЦентрКредит Банкі «Әлеуметтік инклюзивті бағдарламалар орталығы» қоғамдық қорына қайырымдылық жәрдем көрсете отырып, мүгедектігі бар екі оқушының ай сайынғы оқу төлемін төлеу түрінде көмек көрсетті. Әлеуметтік инклюзивті бағдарламалар орталығы – ерекшелігі бар балаларды қоғамда әлеуметтендіру модельдерін әзірлеуді мақсат еткен бірегей жоба.

«СҮЙІНШІ» BABY БОКСТАР – ЦКБ-НІҢ ИГІ ІСТЕРІ

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі күні туылған 3 000 нәрестеге арналған сыйлықтар

Жаңа туылған сәбилерге «Сүйінші» бокстары сыйға берілді



JUNIOR BANK: 2022 ЖЫЛ – ҚР-ДА БАЛАЛАР ЖЫЛЫ




БАЛАЛАРДЫ ДАМУҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҮЛЕС ҚОСУ

QR тақтайшаларымен 10 000 оқу орнын қамту JuniorBank ұсынған қаржылық сауаттылық беретін сайт. Жобаны БАҚ-та белсенді жариялау «Атамекен» ҰКП-мен бірге жұмыс жасау

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ:

- кэшбэктен түсетін %-ды қорға/балалар үйіне /табысы аз тұлғаларға / ХӘОТ аудару
- ауыр сырқаты бар балаларға заттар сатып алу



JUNIOR BANK: КАМПУСТЫҚ ЖОБА

КАМПУС

(ТУРНИКЕТ/ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПХАНА/ТАМАҚТАНУ КАРТАСЫ/ЕСЕПТІЛІК/ТЕЛЕГРАМ БОТ)

Артықшылықтары:

- Жалақы жобасына тарту
- асхана қызметін ұсынатын ЖК / ЖШС тарту
- балаларға / ата-аналарға карталар шығару
- тамақтану картасынан түсетін пайда (өтелімділік)

Кемшіліктері:

- қымбат
- кредиттік/ақылы карталарды шығарудан бас тартқан ата-аналардың шағымдары

Шешімі:

БКБ-да кредиттік карта ретінде көрінбейтін картақартаны әзірлеу



Мақсат: әр филиалда 1 үздік мектеп (18 мектеп)



JUNIOR BANK: ТАМАҚТАНУ КАРТАСЫ + ХӘОТ БАЛАЛАРЫ

ТАМАҚТАНУ КАРТАСЫ

(ТЕРМИНАЛ/ОҚЫҒЫШ/ЭЛЕКТРОНДЫ ТАБЛО-МӘЗІР/ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ТЕЛЕГРАМ БОТ)

Артықшылықтары:

- қымбат емес
 - балаларға / ата-аналарға карталар шығару
 - тамақтану картасынан түсетін пайда (өтелімділік)
 - Жалақы жобасына тарту (үнемі)
- жалақы жобасы болмаса да, асхана қызметін ұсынатын ЖК-ге / ЖШС-ға біздің банкте шот ашу
- Әкімдік және Мектептер үшін ХӘОТ балалары бойынша есептілікті шешу

Кемшіліктері:

- кредиттік / ақылы карталарды шығарудан бас тартқан ата-аналардың шағымдары
- Жалақы жобасы болмаса да, сүйемелдеу

Шешімі:

БКБ-да кредиттік карта ретінде көрінбейтін картақартаны әзірлеу



Мақсаты: ҚР бойынша 50 тамақтану картасы (мектептер)



JUNIOR BANK: АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КАМПУСТЫҚ ЖОБА – «АҚБӨБЕК» МЕКТЕБІ

ДАЙЫН КАМПУС

- РББЖ
- Тамақтану картасы
- Электронды кітапхана



**29.04.2022 Ж. ЖОБАНЫҢ САЛТАНАТТЫ
АШЫЛУЫ**

G – КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САПАСЫ

Корпоративтік жауапкершілік бағытын дамыту бірінші кезекте акционерлер мен клиенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу, Банк қызметінің тиімділікті арттыруға бағытталуы, жұмыс орындарын құру және қаржылық тұрақтылық пен кірістілікті қолдау, негізгі нәтижелер, жоспарлар мен перспективалар туралы ақпаратты жария ету сияқты корпоративтік басқару принциптерінен құралады.

Тұрақты дамудың сәтті және тиімді саясатын жүргізу үшін Банкте мүдделі тұлғалармен бірлесіп әрекет етуге тиісті назар аударылады. Банктің мүдделі тұлғалармен бірлесіп әрекет етуін ұйымдастыру процесі маңызды тақырыптар мен мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекарасын талқылау кезінде мүдделі тараптардың қызығушылықтарын есепке алуды көздейтін ынталану принциптеріне негізделген.

Мүдделі тараптармен бірлесіп әрекет етуді басқаруды ұйымдастыру мақсатында Банк өз қызметін келесі негізгі принциптерге шоғырландырады:

- барлық мүдделі тұлғаларды құрметтеу және қызығушылықтарын есепке алу;
- мақсатты аудиторияға өз қызметі туралы белсенді ақпарат беруге тырысу;
- ақпараттық ашықтықтың объективтілігін, шынайылығын, тәуелсіздігін және жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- барлық мүдделі тараптармен ашық және пайдалы ынтымақтастық орнатуды қамтамасыз ету;
- мүдделі тараптардың алдында өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындау;
- мүдделі тараптардан тұрақты түрде кері байланыс алу.

Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесінің негізгі элементтері болып төмендегілер танылады:

1. ұйымдық құрылым;
2. корпоративтік құндылықтар;
3. Банк қызметінің стратегиясы;
4. Банктің уәкілетті органдары арасында шешім қабылдауға қатысты міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу;
5. Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері, Банктің ішкі және сыртқы аудиторлары арасында бірлесіп әрекет ету және ынтымақтастық орнату тетіктері;
6. тәуекелдерді басқару процедуралары мен әдістемелері;
7. ішкі бақылау жүйесі;
8. сыйақы төлеу жүйесі;
9. есептілікті басқарудың саналы жүйесінің болуы;
10. корпоративтік басқарудың ашықтығы.

G – КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САПАСЫ

Банктің ұйымдық құрылымы таңдалған бизнес модельге, қызмет масштабына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келеді, мүдделер қақтығысын азайтады және алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелер арасында, оған қоса:

- 1) Банктің Директорлар кеңесі;
- 2) Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер;
- 3) Банк Басқармасы;
- 4) Тәуекелдерді басқару бойынша бөлімшелер;
- 5) Комплаенс-бақылау бойынша бөлімшелер;
- 6) Ішкі аудит бөлімшелері арасында тәуекелдерді басқару бойынша өкілеттіктерді бөледі.

Банктің Директорлар кеңесі CRO бағыттауын немесе басқаратын, жеткілікті өкілеттіктерге, тәуелсіздік пен ресурстарға ие, Директорлар кеңесімен бірлесіп әрекет ететін тәуекелдерді басқару бөлімшесінің болуын қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі келесі функцияларды орындайды:

- тәуекелдерді басқару саясаты мен процедураларын, тәуекел-тәбет стратегиясын және тәуекел-тәбет деңгейін анықтауды қамтитын тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу;
- банк қызметіне тән ағымдағы және ықтимал тәуекелдерді анықтау;
- тәуекелдерді бағалау және тәуекел-тәбеттің біріктірілген деңгейін айқындау;
- кейін тәуекелдерді басқару комитетінің қарауына және банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну үшін тәуекел-тәбет деңгейлерін әзірлеу, тәуекел-тәбет деңгейлерінің сақталуына мониторинг жүргізу;
- тәуекел-тәбет деңгейлерінің бұзылуын анықтауға бағытталған ерте ескерту және триггерлер жүйелерін әзірлеу;
- Банк Басқармасына, тәуекелдерді басқару комитетіне және Директорлар кеңесіне басқарушылық есептілікті ұсыну.

Тәуекел менеджменті басшысының біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі таңдалған бизнес-модельге, қызмет масштабына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне, тәуекел-профиліне сәйкес келеді. Тәуекел менеджменті басшысының тәуелсіздігі:

- бағыныстылығына қарамастан айқындалады, тәуекел менеджмент басшысын Банктің Директорлар кеңесі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.
- банктің Директорлар кеңесіне Басқарманың қатысуынсыз кедергісіз жүгіне алады;
- өз міндеттерін орындау үшін қажетті кез келген ақпаратқа қол жеткізе алады;
- бас операциялық директор, қаржылық директор, банктің операциялық қызметінің ұқсас функцияларын (андеррайтингті, кепіл қызметін қоспағанда), ішкі аудит бөлімшесінің басшысы лауазымдарын бірге атқармайды.

Тәуекел менеджменті басшысы мен Директорлар кеңесі/Тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет арасында бірлесіп әрекет ету тұрақты түрде жүзеге асырылады.

G – КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САПАСЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын шаралар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты корпоративтік басқару, Банктің комплаенс-тәуекелін басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылады және сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін, сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықты азайту шараларын, оның қатысушыларын, міндеттерін, функцияларын, өкілеттіктері мен жауапкершілігін, соның ішінде үшінші тұлғалармен қатынасын белгілейді.

Банктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі сыбайлас жемқорлық әрекеттерін алдын алудың тиімді тетіктерін ұйымдастыру, соның ішінде Банк қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, жалпы корпоративтік принциптердің негізінде Банктің барлық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау көзқарасын қалыптастыру стандарттарын басшылыққа алады және оны қолдайды.

Банкте корпоративтік басқарудың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын шаралардың жоғары сапасын дамыту аясында келесі іс-шаралар іске асырылды:




- «Со-Настройка» ТОП-менеджерлерінің командалық бірлесіп әрекет етуінің тиімділігін арттыру. 2021 жылғы наурызда «Со-Настройка» ТОП-менеджерлерінің командалық бірлесіп әрекет етуінің тиімділігін арттыру жобасы іске қосылды. Аталған жобаны іске асыру үшін «RNS агенттігі» ЖШС-ның сарапшы-фасилитаторлары, атап айтқанда Светлана Крутских және Игорь Кузин тартылды. Аталған жобаның аясында бірқатар сессиялар жүргізілді, сессиялар барысында 2021 жылғы 21 мамырда ТОП-менеджерлер командасы тиімді бірлесіп әрекет етудің 4 принципін әзірледі. 2021 жылғы 1 қыркүйекте оларды қолайлы әрі сапалы ендіру үшін қазіргі ТОП-менеджерлер командасы қатарынан әр принциптің Сақтаушылары тобы құрылды, олар бір ай ішінде принциптерді тиімді ендіру стратегиясын әзірлеп, іске асыруға қабылдады.
- Банктің ішкі порталында сілтеме әзірленген, Банктің әрбір қызметкері жасырын түрде өз көзқарасын және алаяқтық фактілері, ішкі және сыртқы сыбайлас жемқорлық, сонымен қатар басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы күдіктерін білдіру мүмкіндігіне ие болады. Банктің әрбір қызметкері ақпаратты кез келген өзге көздерден келесі электронды мекенжайға жөнелте алады: fraudinfo@bcc.kz
- Банк қызметкерлері арасында жасалған немесе дайындалып жатқан кез келген құқыққа қайшы факторлар туралы хабарламалар/қоңыраулар алу үшін Ішкі қауіпсіздік дирекциясымен «Шұғыл желі» бірыңғай мобильді байланыс арнасы құрылды.
- 2021 жылы Банктің құрылымдық бөлімшелері үшін сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу жұмыстарына, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық әрекеттерімен тікелей күреске және олардың салдарын жоюға бағытталған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқыту жұмыстары жүргізілді.

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР



АКТИВТЕР


| млн теңге | 01.01.2020 | 01.01.2021 | 01.01.2022 |
|---|------------------|------------------|------------------|
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 158 868 | 279 330 | 261 492 |
| Қаржы құралдары мен бағалы қағаздар | 184 286 | 338 824 | 508 235 |
| Банктердегі қаражат | 9 102 | 63 426 | 6 570 |
| Клиенттер мен банктерге берілген несиелер (нетто) | 982 390 | 1 009 473 | 1 138 701 |
| Басқа активтер | 125 793 | 166 203 | 164 306 |
| БАРЛЫҒЫ | 1 460 439 | 1 857 256 | 2 079 304 |

| | | | |
|--|---|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> ■ Несие портфелі ■ Өтімді активтер ■ Басқа активтер |  |  |  |
|--|---|---|---|

2021 жылдың қорытындысы бойынша банк тобының жиынтық активтері көлемінің **12%-ға**, яғни **2,1** трлн теңгеге дейін ұлғаюы байқалады. Активтердің құрылымында төмендеу **банктердегі қаражат пен ақша қаражатына** келеді, бұл ретте өтімді активтердің 14%-ға өсуі байқалады, активтердің құрылымында олардың үлесі бір жыл ішінде 36,7%-дан 37,3%-ға дейін өсті.

БАНК ТОБЫ КЛИЕНТТЕРІНІҢ КРЕДИТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (БРУТТО)*, МЛН ТЕҢГЕ

Активтердің көлемі бойынша **5,5% нарықтық үлеспен ЕДБ арасында 7-орынға** ие




2021 жылдың қорытындысы бойынша Банк клиенттерінің несиелер портфелі 10,8%-ға айтарлықтай өсті.

Несие портфелінің құрылымында жеке клиенттердің кредиттерінің 29,2%-ға айтарлықтай өсуі байқалады, бұл Банк қабылдаған бөлшекті бизнесті дамыту пайдасына қабылданған Даму стратегиясына сәйкес келеді.

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| млн теңге | 01.01.2020 | 01.01.2021 | 01.01.2022 |
|--|------------------|------------------|------------------|
| Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері | 84 004 | 126 558 | 65 647 |
| Клиенттердің және банктердің қаражаты | 958 945 | 1 189 264 | 1 353 707 |
| Шығарылған борыштық БҚ | 111 535 | 109 757 | 108 074 |
| Реттелген облигациялар | 61 342 | 62 540 | 63 877 |
| Басқа міндеттемелер | 131 524 | 237 451 | 337 187 |
| БАРЛЫҒЫ | 1 347 350 | 1 725 570 | 1 928 492 |

БАНК ТОБЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, МЛН ТГ



2021 жылдың қорытындысы бойынша банк тобының жиынтық міндеттемелерінің көлемі 12%-ға өсіп, 1,9 трлн теңгені құрады.

Есепті кезеңде депозиттік база көлемінің 14%-ға, яғни 1,4 трлн теңгеге дейін айтарлықтай өсуі байқалады. Бұл кезде құрылымдағы салым портфелі жеке клиенттердің есебінен +16% айтарлықтай артып, 782 млрд теңгені (депозит портфелінің 58%) құрады.


Бөлшекті салымдар бойынша 5,8% нарықтық үлеспен ЕДБ арасында 5-орынға ие.

Корпоративтік салымдар көлемі бойынша 4,6% нарықтық үлеспен ЕДБ арасында 7-орынға ие.


КАПИТАЛ

| млн теңге | 01.01.2020 | 01.01.2021 | 01.01.2022 |
|---------------------------|----------------|----------------|----------------|
| Жарғылық капитал | 57 865 | 61 760 | 63 554 |
| Резервтік капитал | 4 784 | 6 977 | 2 346 |
| Бөлінбеген пайда | 50 440 | 62 949 | 84 912 |
| Бақыламай иелену үлестері | - | - | - |
| Барлығы | 113 089 | 131 686 | 150 812 |

01.01.2022 Ж. ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША БАНКТИҢ ПРУДЕНЦИАЛДЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



БАНК КАПИТАЛЫНЫҢ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ҚАРҚЫНЫ, %



Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

2022 жылдың басында банк тобының капиталы өткен жылмен салыстырғанда **15%**-ға ұлғая отырып, **150,8** млрд теңгені құрады.

Банктің бөлінбеген пайдасының артуы капиталдың өсуінің негізгі драйвері болып табылады.

Пруденциялық нормативтерді (пруденциялық капиталды) есептеу бойынша реттеушінің әдістемесіне сәйкес «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың меншікті капиталы 2022 жылғы 1 қаңтарда 217 276 млн теңгені құрады.


Капиталдың құрылымы

- Негізгі капитал – 140 844 млн теңге;
- Қосымша капитал – 89 млн теңге;
- Екінші деңгейдегі капитал – 76 343 млн теңге.

КІРІСТІЛІК

| млн теңге | 2019 | 2020 | 2021 |
|---|--------------|--------------|--------------|
| Пайыздық кіріс | 120 981 | 128 203 | 140 256 |
| Пайыздық шығыс | -62 004 | -66 040 | -72 954 |
| Резерв құрғанға дейінгі таза пайыздық кіріс | 58 977 | 62 163 | 67 302 |
| Резерв құру | -41 657 | -48 227 | -27 390 |
| Таза пайыздық емес кіріс, оның ішінде: | 25 069 | 42 120 | 30 190 |
| Таза комиссиялық кіріс және дилинг | 26 180 | 29 148 | 32 320 |
| Өзге кіріс/шығыс | -1 111 | 12 972 | -2 130 |
| Өзге операциялар бойынша құнсыздануға резерв құру | -1 270 | -1 209 | -2 038 |
| Резерв құрғанға дейінгі операциялық кіріс | 84 046 | 104 283 | 97 492 |
| Операциялық шығыс | -38 746 | -40 691 | -46 589 |
| Таза пайда | 1 984 | 12 509 | 20 645 |
| NIM, % | 4,9% | 4,7% | 4,2% |
| Cost/Income | 46,1% | 39,0% | 47,8% |

БАНК ТОБЫНЫҢ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСІНІҢ ҚАРҚЫНЫ, МЛН ТЕҢГЕ



2021 жылы пайыздық кіріс 2020 жылмен салыстырғанда 12 млрд теңгеге өсіп, 140 млрд теңгені құрады. Пайыздық кірістің оң қарқынды болуына бөлшекті бизнестің жоғары кірісті кредиттерінің және ШОБ бойынша якорлық өнімдердің үлестерінің ұлғаюы ықпал етті. Пайыздық шығыстар кезең ішінде негізінен несие портфелінің өсуіне қор құратын депозиттік базаны белсенді өсіру есебінен 7 млрд теңгеге өсіп, 73 млрд теңгені құрады.

Нәтижесінде 2021 жылы таза пайыздық кіріс 5,1 млрд теңгеге артып, 67 млрд теңгені құрады. ТПМ көрсеткіші Банктің маржасы төмен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысуының нәтижесінде 4,7%-дан 4,2%-ға дейін төмендеді.

2021 жылы таза комиссиялық кіріс пен дилинг 3 млрд теңгеге өсіп, цифрлық қызметтердің белсенді дамуы, дилингтік операциялардың көбеюі, жаңа карточкалық өнімдерді (алғашқы жанасусыз металл карталар #ironcard, #картакарта, #juniorcard, #travelcard) іске қосу және жетілдіру нәтижесінде 32,3 млрд теңгені құрады. 2020 жылмен салыстырғанда, 2021 жылы өзге кірістер/шығыстар 2020 жылы алынған 14 678 млн теңге сомасындағы one-off кірістерінің есебінен төмен.


2020 жылмен салыстырғанда, операциялық шығыстардың 5,9 млрд теңгеге өсуі 2021 жылы Банк бизнесінің дамуымен, сондай-ақ командаға салынған тиісті инвестицияларға және дамытуға байланысты: IT, digital және мобильді банкингке салымдар жасау, бөлімшелер ашу (2021 жылы 12 жаңа ФҚБ ашылды) және жүзеге асырылған күрделі салымдар бойынша тиісті амортизация.

Бизнестің өсуі мен ресурстарды тиімді пайдалану нәтижесінде Банк таза пайданы 8 млрд теңгеге немесе 65%-ға, яғни 20,6 млрд теңгеге дейін ұлғайтты.

ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Қаржы ағымдарын басқарудың тиімділігін жақсартуға бағытталған аналитикалық жүйелерді жетілдіру ЦентрКредит Банкінің қаржы тобы қызметінің негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта Банк келесі жобаларды сәтті жүзеге асырып келеді.

2021 жылы Банк келесі жобаларды сәтті іске асырды:




КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТ

КРЕДИТТЕУ


Нарықтың стагнациялануына және Covid-19 пандемиясының теріс әсерінің жалғасуына қарамастан, 2021 жылы Банк кредиттік портфельдің өсуінің оң динамикасы түрінде көрінетін кредиттеу бойынша проактивті позицияны ұстанды. Банктің несиелік портфелі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 10,8%-ға артып, 1 195 млрд теңгені құрады.

БАНКТИҢ КРЕДИТТЕРІ (МЛН ТЕҢГЕ)



01.01.2022 жылғы жай-күйі бойынша валюталық қарыздардың үлесі 16,7%-ды құрады, бұл 2021 жылғы теңге бағамының әлсіреуіне байланысты валюталық тәуекелдерге қатысты Банкке елеулі қысым көрсеткен жоқ.


ВАЛЮТАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫҢ ҮЛЕСІ



Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер


КРЕДИТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (%)

Банктің несиелік портфелі жеткілікті түрде теңгерімделген және әртараптандырылған. Бөлшекті кредиттер портфелі Банктің жалпы несиелік портфелінің 48,4%-ын құрайды, ірі бизнес және ШОБ портфелі Банктің жалпы несиелік портфелінің сәйкесінше 33,7%-ын және 18,0%-ын құрайды.



КОРПОРАТИВТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (%)

Корпоративтік портфельде (Ірі бизнес және ШОБ) үлестің ең үлкен бөлігі «Сауда» (14,9%), «Жылжымайтын мүлікті жалға беру» (12,8%) және «Энергетика» (11,2%) салаларына тиесілі болып отыр.



НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ САПАСЫ

2021 жылы Банк несиелік портфелінің сапасын жақсарту бойынша жұмыстарды жалғастырды. Бір жыл ішінде жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде несиелік портфельдегі жұмыс жасамайтын қарыздардың (NPL) үлесі 7,5%-дан 6,4%-ға дейін төмендеді. 3-сатыдағы қарыздардың (кредиттік құнсызданған қарыздар) көлемі 219,4 млрд теңгеден 160,5 млрд теңгеге дейін азайды.

Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ЕСЕП



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ТӘУЕКЕЛДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Кредиттік тәуекел

Контрагенттердің (қарыз алушылардың) шарттың талаптарына сәйкес пайызды және борыштың негізгі сомасын төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз болуының нәтижесінде Банктің қаржылық активтерден айырылу ықтималдығы

Өтімділік тәуекелі

Депозиттерді қайтару және нақты төлеу мерзімі орнаған кезде, қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алған кезде, қиындықтар туындау тәуекелі.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ БОЙЫНША САЯСАТТАР ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕР

Саясат:

- Кредиттеу және тәуекелдерді басқару саясаты;
- Тәуекелдерді және капиталды басқару саясаты;
- Кепіл саясаты.

Тәуекелдерді басқару комитеті:

- Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Кредит комитеті;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті.

Саясат:

- Өтімділікті және өтімділік тәуекелін басқару саясаты.

Тәуекелдерді басқару комитеті:

- Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Кредиттік тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- шешімдер қабылдау үшін ақпараттың толық және шынайы болуын қамтамасыз ету;
- кредиттеу бойынша көпшілік қабылдаған ережелерді, кредиттік тәуекелді басқару бойынша ішкі саясаттар мен процедураларды сақтау;
- бизнес-бөлімшелерге тәуелсіз қарыздарды бағалау процедурасының болуы;
- лимиттердің көп деңгейлі жүйесін және/немесе тәуекелдерге қойылған шектеулерді пайдалана отырып, кредиттік тәуекелді шектеу;
- мәмілелер бойынша қамсыздандыруды басқару;
- кредиттік тәуекел деңгейіне жүйелі түрде мониторинг жүргізу және бақылау;
- кредиттік тәуекел деңгейі бойынша активтерді жіктеу;
- провизияның жеткілікті деңгейін ұстап тұру.

Кредиттік тәуекелге ұшырататын мәмілелер бойынша кредиттік тәуекелдерді бағалау контрагенттің бизнесінің типі мен сегментін ескере отырып:

- Ірі өтімдер бойынша корпоративтік кредиттеу – контрагенттің қаржылық жай-күйінің көрсеткіштерін, кредиттік тарихын, бизнестің салаларға тиістілігін және басқа да сипаттамаларын ескере отырып белгіленетін кредиттік рейтингтің сараптамалық бағасы мен деңгейінің жиынтығының негізінде;
- ШОБ жаппай өнімдері бойынша корпоративтік кредиттеу – кредиттік өнім аясында қарыз алушыға ұсынылатын талаптардың сақталуын автоматты түрде тексеру арқылы;
- Бөлшекті кредиттеу – жүріс-тұрысы туралы ақпаратты және сыртқы дереккөздерден алынған ақпаратты ескере отырып құрылған математикалық статистика әдістеріне негізделген скоринг моделі арқылы жүзеге асырылады.

Өтімділік тәуекелін басқарудың негізгі әдістері:

- активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау және ағымдағы өтімділікті ұстап тұру және ақша ағымдарын оңтайландыру үшін ақшалай нарықтық операциялар жүргізу;
- баланстың тиімді құрылымын есептеу және өтімділікті ұзақмерзімді перспективада ұстап тұру мақсатында активтер мен міндеттемелерді басқару;
- өтімділікті басқару бойынша лимиттерді есептеу және өтімділіктің пруденциалық және ішкі көрсеткіштеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізу;
- дағдарыс жағдайларында өтімділікті басқару жоспарын әзірлеу;
- стресс-тестілеу және сценарийлік талдау;
- депозиттік портфельдің шоғырлануын бақылау;
- қор құру көздерін тұрақты талдау.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ТӘУЕКЕЛДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Нарықтық тәуекел

Нарықтық мөлшерлемелердегі, валюта бағамдарындағы немесе қаржы құралдарына белгіленген бағалардағы өзгерістердің Банктің кірісіне немесе капиталына кері әсер ету тәуекелі.

Нарықтық тәуекел Банк өз қызметі процесінде ұшырауы мүмкін пайыздық тәуекелді, валюта тәуекелін және басқа да баға тәуекелдерін білдіреді.

Операциялық тәуекел

Жүйелер жұмысындағы іркілістердің, тұрақсыз ұйымдық құрылымның, қызметкерлер жіберген қателіктердің немесе дұрыс құрылмаған бизнес-процестердің салдарынан, сонымен қатар сыртқы жағдайлардың әсерінің нәтижесінде ысырап туындау тәуекелі.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ БОЙЫНША САЯСАТТАР ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕР

Саясат:

- Нарықтық тәуекелдерді басқару саясаты;
- Тәуекелдерді және капиталды басқару саясаты.

Тәуекелдерді басқару комитеті:

- Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті.

Саясат:

- Операциялық тәуекелдерді басқару саясаты;
- Тәуекелдерді және капиталды басқару саясаты.
- Тәуекелдерді басқару комитеті:
- Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Пайыздық тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- бекітілген және құбылмалы мөлшерлемелері бар тартылатын ресурстардың тиімді арақатынасын ұстап тұру;
- Топтың ағымдағы қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізу, Топтың пайыздық мөлшерлемелерге енгізілген өзгерістерге деген сезімталдығын және олардың Топ рентабельділігіне әсерін бағалау;
- пайыздық тәуекелді басқару бойынша лимиттерді есептеу және пайыздық тәуекелдің деңгейіне жүйелі түрде мониторинг жүргізу.

Валюталық тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- ұлттық және шетел валюталарын айырбастау бағамдарының елеулі ауытқуларынан болатын залалды мейлінше қысқарту мақсатында ашық валюталық позицияны басқару;
- реттеушінің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында Банктің ашық валюталық позициясына бақылау жасау;
- ашық валюталық позициялар, валюталық және пайыздық VaR, арбитраждық позициялар, stop-loss және stop-out ысырап лимиттері бойынша лимиттерді есептеу және олардың сақталуына мониторинг жүргізу.

Баға тәуекелдерін басқарудың негізгі әдістері:

- нарық конъюнктурасындағы жағымсыз өзгерістердің нәтижесінде келтірілуі мүмкін ықтимал залалдарға қайта-қайта бағалау жүргізіп отыру;
- рұқсат етілген залалдардың шамасына барабар шектеулер белгілеу;
- япайда нормасы мен кепілдік қамсыздандыруға қатысты талаптарды белгілеу.

Операциялық тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- операциялық тәуекелдерді басқару процесіне Банктің барлық жұмыскерлерін және басшылығын (Басқарма, Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті және Директорлар кеңесі) тарту;
- операциялық тәуекелдерді анықтау, оларға мониторинг жүргізу және олар бойынша Банк бөлімшелері жүргізетін жүйелі бағалау жұмыстары Банктің күнделікті қызметінің бір бөлігі болып табылады;
- операциялық тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер және оларды іске асыру жағдайлары сәйкес деңгейдегі басшылыққа, Банк Басқармасы мен Директорлар кеңесіне уақытылы хабарланады және жедел түрде жойылады;
- әртүрлі деңгейдегі бөлімшелердің басшылары арасында операциялық тәуекелді басқару бойынша өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу, оларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, өзара бірлесіп әс-әрекет ету тәртібі мен есептелікті белгілеу;
- операциялық тәуекелді бақылау шараларының құны осы тәуекелден Банк көтеретін ықтимал ысыраптың көлемінен аз болуы тиіс. Бұл ретте, қосымша операциялық тәуекелді қабылдау тікелей қандай да бір қосымша шығыстың туындауына әкеп соқпайды.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ТӘУЕКЕЛДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Комплаенс-тәуекел

Банктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәклетті органның нормативтік-құқықтық актілерінің, банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттарының, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын орындамауы салдарынан залалдар туындау ықтималдығы.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ БОЙЫНША САЯСАТТАР ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕР

Саясат:

- COMPLAENS-тәуекелдерді басқару саясаты;
- «Өз клиентіңді біл» саясаты;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша саясат;
- Ішкі бақылау саясаты;
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ


Комплаенс тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- ішкі құжаттар әзірлеу арқылы комплаенс-тәуекелді, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша Банк жұмыскерлеріне арналған ішкі басшылық құжаттарды (нұсқаулықтарды) әзірлеу;
- Банктің және Банк жұмыскерлерінің комплаенс-тәуекелді басқару саясаттары мен процедураларын сақтауына мониторинг жүргізу;
- комплаенс-тәуекел оқиғалары туралы деректерді жинау;
- Банктің және Банк қызметкерлерінің іс-әрекетіндегі комплаенс-тәуекелдің болуы бойынша клиенттердің (контрагенттердің) атынан түскен шағымдарға (өтініштерге) талдау жасау және оны жою бойынша шаралар қабылдау;
- Банктің комплаенс-тәуекелге ұшырағыштық дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу және талдау;
- өз бетінше немесе Банктің құрылымдық бөлімшелерімен және (немесе) лауазымдық тұлғаларымен бірге Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша Банк қызметкерлерінің Банктің қаржы нарығында қызмет көрсету және операциялар жүргізу мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасын, сондай-ақ Банктің қызметіне әсер ететін шетел мемлекеттерінің заңнамасын бұзу фактілеріне тергеу (тексеру) жүргізу.

2021 ЖЫЛЫ СӘЙКЕСТЕНДІРІЛГЕН ТӘУЕКЕЛДЕР

Банк жыл сайын тәуекелдерді тиімді басқару үшін оларды анықтайды, сәйкестендіреді және жинақтайды.

2021 жылы Банк келесі тәуекелдер түрлерін сәйкестендіріп, релевантты ретінде белгіледі, олардың ішінде релевантты емес тәуекелдер де анықталды:



2021 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖЕТІЛДІРІЛУІ

НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

1

- Тәуекелдерді басқару жүйесіне өзін-өзі бағалау жүргізілді, оның нәтижесінде ICAAP тиімділігі қанағаттанарлық болып танылды, Банктің IIAAP тиімділігі тиімді деп танылды.
- ШОБ үшін автоматтандырылған кредиттік өнімдер бойынша кредиттік тәуекелдерді бағалау жүйесін дамыту.
- 2019 жылы өткізілген AQR аясында НҚА-ға енгізілген өзгерістерді есепке алғанда, корпоративтік қарыз алушылар бойынша кредиттік тәуекелдерді бағалау жүйесін жетілдіру.
- Тәуекел бөлімшелерін БО-ға орталықтандыру арқылы кредиттік шешімдер қабылдауға бақылауды күшейту.
- Кредиттік шешімдерді қабылдау бойынша уәкілетті органдарды оңтайландыру.
- Mass-өнімдер бойынша активтерді қосқанда, Бизнес тобы мен Кредиттерді басқару тобының арасында активтерді бөлу процесін жетілдіру арқылы активтерді басқарудың тиімділігін арттыру.

2

- ШОБ бойынша кредиттік өтінімдерді қараудың икемді және жедел процесін құру.
- ТБК белгілеген тұрғын үй құнын верификациялауды автоматтандыру.
- ТБК белгілеген автокөлік құнын верификациялауды (ЖТ кредит берген кезде борыш жүктемесінің коэффициентін есептеу үшін) автоматтандыру.
- Жылжымайтын мүлік және жеңіл автокөлік нарықтары бойынша құрылған анықтамалықтар үшін сыртқы көздерден ақпарат алуды оңайлату / автоматтандыру.
- Кепілге берілген мүлікке мониторинг жүргізу бойынша бақылау аймақтарын өтеу көлемін ұлғайту.

3

- ББ және ШОБ mass-өнімдерін автоматтандыруды ұлғайту.
- ББ өнімдері бойынша кредиттеуден кейін қызмет көрсетуді автоматтандыру.
- Деректер көздерінің арасында резервтік қайта қосылуды іске асыру.
- Big Data және деректер экожүйесін дамыту: сыртқы және ішкі дерек көздерімен байыту.
- Тәуекелдер бойынша деректер базасын енгізу.
- Жаңа және бейілді клиенттерді бағалау үшін Machine Learning скормодель ансамбльдері.
- Антифрод онлайн режимінде 24/7: фрод шығындарын азайту үшін бөлшекті кредиттеу бойынша алаяқтықтың алдын алу және анықтау процестерін автоматтандыру.
- Digital Soft Collection: динамикалық қоңырау шалу стратегиясы және коллекциялық скоринг модельдері енгізілді. Time-series моделі – мерзімінен кешіктірілген берешек көлемін болжау үшін. Клиенттерді жүріс-тұрысына қарай сегменттерге бөлу моделі әзірленді.
- Collection сәресі деректерін модификациялау және байыту.
- Есептілікті автоматтандыру (Dashboards) арқылы жедел шешімдер қабылдауды бақылау және оның тиімділігі жақсартылды.
- Коллекшн модельдері аясында Soft Collection өндіріп алу бойынша шығындар оңтайландырылды.

2021 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖЕТІЛДІРІЛУІ

2021 жылы ҚНРДА ЕДБ қызметінің және тәуекелдерінің сандық және сапалық сипаттамаларына бағалау жасады (SREP).

Банкке 4-балдық жүйе бойынша 2-ге тең болатын жалпы балл берілді. Алынған нәтиже Банктің өмірге бейімділік бойынша тәуекелдің орташа немесе төмен деңгейіне ұшырағыштығын білдіреді.

| Балл | Supervisory view | Considerations |
|------|---|--|
| 1 | Банк өмір сүруге қабілеттілігі бойынша тәуекелдің төмен деңгейіне ұшырауға бейім. | <ul style="list-style-type: none"> Банктің бизнес-моделі мен стратегиясы қауіп туғызбайды. Ішкі басқару және жалпы ұйымдық бақылау механизмдері қауіп туғызбайды. Капитал мен өтімділік бойынша банктің тәуекелдері материалдық емес/өте төмен тәуекелді білдіреді. Өтімділік позициясы және банктің қор құру құрылымы қауіп туғызбайды. |
| 2 | Банк өмір сүруге қабілеттілігі бойынша тәуекелдің орташа немесе төмен деңгейіне ұшырауға бейім. | Төмендегілер бойынша төмен деңгейден орташа деңгейге дейінгі қауіп бар: <ul style="list-style-type: none"> банктің бизнес-модельдері мен стратегиясы. банкті басқару немесе жалпы банктік бақылау механизмдері. өтімділік позициясы және/немесе банктің қор құру профилі. банктің өндіріп алу бойынша жалпы қабілеті. |
| 3 | Банк өмір сүруге қабілеттілігі бойынша тәуекелдің орташа деңгейіне ұшырауға бейім. | Төмендегілер бойынша орташа деңгейден жоғары деңгейге дейінгі қауіп бар: <ul style="list-style-type: none"> банктің бизнес-модельдері мен стратегиясы. банкті басқару немесе жалпы банктік бақылау механизмдері. өтімділік позициясы және/немесе банктің қор құру профилі. банктің өндіріп алу бойынша жалпы қабілеті. Маңызды пруденциалдық ықпал етудің орташа немесе жоғары тәуекел деңгейі бар. |
| 4 | Банк өмір сүруге қабілеттілігі бойынша тәуекелдің жоғары деңгейіне ұшырауға бейім. | Төмендегілер бойынша қауіптің жоғары деңгейі бар: <ul style="list-style-type: none"> банктің бизнес-модельдері мен стратегиясы. банкті басқару немесе жалпы банктік бақылау механизмдері. өтімділік позициясы және/немесе банктің қор құру профилі. банктің өндіріп алу бойынша жалпы қабілеті. Маңызды пруденциалдық ықпал етудің жоғары тәуекел деңгейі бар. |

2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ТБЖ ДАМУ ЖОСПАРЛАРЫ

1 Шешім қабылдау, оңтайландыру стратегиясы

- Experian БҚ (Шешім қабылдау жүйесі) жаңа нұсқасына көшіру.
- Онлайн өнімдер бойынша стратегияны әзірлеу және іске асыру.
- Іске асырылған стратегиялар бойынша апгрейд.
- Жаңа дерек көздерін қосу: телеком верификация, сыртқы скоринг.
- Онлайн өнімдер бойынша антифрод процестерінде ден қою уақытын қысқарту.

2 Модельдерді әзірлеу және енгізу

- Клиенттің төлем жасауға қабілеттілігін бағалау үшін клиентке қатысты бірыңғай скорингті әзірлеу.
- Сегменттелетін АФ-модельдерді әзірлеу.
- Преапрув және лимиттерді басқару үшін модельдерді валидациялау.
- Бөлшекті өнімдер бойынша өндіріп алудың әрбір кезеңі үшін скорингтік модельдерді әзірлеу және енгізу.

3 Деректермен жұмыс жүргізу

- Қосымша көздерді қосу.
- Банктің ішкі деректер қоймасын дамыту.
- Скорингтік модельдерді сыртқы көздерден алынған деректермен байыту.
- Алаяқтыққа қарсы әрекет ету процестерінің автономдылығын арттыру.
- Soft Collection бойынша клиенттік аналитика.

4 Есептілік

- Деректер қолжетімсіз болған кезде, олардың арасында резервтік ауыстыру.
- Деректер сапасы мен қабылданатын шешімдерге мониторинг жүргізу процесін автоматтандыру.
- 2022 жылға дейін берілген кредит портфелінің сапасы.
- 2022 жылдан бастап берілген кредит портфелінің сапасы.

5 Операциялық қызмет

- Өндіріп алу шығыстарын оңтайландыру.
- Интеллектуалды дыбыстық роботты пайдалану арқылы жүргізілетін омниарналы дыбыстық аналитика.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША 2022 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ЖОСПАРЛАР

1

- Заңды тұлғаларды бағалау үшін Банктің рейтинг жүйесін жетілдіру.
- ШОБ үшін жаңа автоматтандырылған өнімдер бойынша шешім қабылдау стратегиясын енгізу
- Заңды тұлғалардың өтінімдері бойынша және мониторинг жүргізген кезде, кредиттік тәуекелдерге талдау жасауды автоматтандыру.
- Реттеушілік талаптардың өзгерісін есепке ала отырып, кредиттік тәуекелдерді басқару бойынша әдістемені жаңарту.
- Watch list алгоритмін қолдана отырып, ерте ескерту жүйесін әзірлеу.
- ШОБ бойынша кредиттік өтінімдерді қараудың икемді және жедел процесін құру.


2

- Ірі қалаларда пәтер құнын онлайн анықтау құралын әзірлеу.
- Жеңіл автокөлік құнын анықтау құралын әзірлеу.
- Кепіл затының фото және бейне деректерін бірыңғай базада архивтеу және сақтау механизмін құру.

3

- Банк тобы бойынша тәуекелдерді шоғырландыру принциптерін енгізу (Банк + BCC Invest, CenterProject, Центр Лизинг)
- Күтілетін кредиттік залалдың жетілдірілген модельдерін енгізу.
- Тәуекелдердің түрлері бойынша стресс-тестілеу модельдерін жақсарту.
- Пайыздық тәуекелді бағалауға қолданылатын тәсілдерді жетілдіру.

ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР



«BCC INVEST» АҚ

«BCC Invest» инвестициялық компаниясы – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздардың қайталама биржа нарығының жетекші операторларының алғашқы үштігіне кіреді, сондай-ақ компанияның бағалы қағаздар нарығында 20 жылдық тәжірибесі бар.

Компания бағалы қағаздар нарығында келесі қызметтерді көрсетеді:



Брокерлік-дилерлік қызмет



Тікелей инвестициялар



Клиенттердің активтерін басқару




Корпоративтік қаржыландыру


«BCC Invest» АҚ командасы қызметтің тұрақты жоғары көрсеткіштерін көрсетіп келеді – пандемия жалғасып жатқан 2021 жылды қоса алғанда, кіріс бойынша компанияның бюджетін асыра орындау. Тек соңғы 5 жылда Компанияның жиынтық активі 11,9 млрд теңгеден (2016 жыл) 38 млрд теңгеге дейін (2021 жыл), таза кіріс 1 млрд теңгеден (2016 жыл) 4 млрд теңгеге дейін (2021 жыл) өсті, оның ішінде:

- таза комиссиялық кіріс 2021 жылы 258%-ға өсіп, 971 млн теңгені құрады;
- таза пайыздық кіріс 2021 жылы 188%-ға өсіп, 2 306 млн теңгені құрады;
- дилинг бойынша таза кіріс 2021 жылы 142%-ға өсіп, 1 239 млн теңгені құрады.


Активтер (млрд теңге)



Компанияның пайдасы (млрд теңге)



Капитал (млрд теңге)



«BCC INVEST» АҚ

КОМПАНИЯНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ:

№1

Корпоративтік облигациялар секторындағы маркет-мейкер қызметі бойынша KASE биржасының рейтингінде

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компания сектордағы маркет-мейкер қызметтері бойынша көшбасшы орынға ие болды

№2

МБҚ нарығында (брокерлер арасында) KASE рейтингінде

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компания мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру бойынша екінші орынға ие болды, нарықтағы үлесі – 12%

№2

РЕПО нарығында (брокерлер арасында) KASE рейтингінде

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компания мемлекеттік РЕПО нарығындағы операциялар бойынша екінші орынға ие болды, нарықтағы үлесі – 6%.

№2

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша Қазақстандағы сенімгерлікпен басқарушылар арасында

«ЦентрКредит – Валюталық ИПИҚ» ашық және интервалды пай қорларының арасында активтерінің мөлшері бойынша Қазақстанның ең ірі қорларының бірі болып табылады, 2021 жылдың қорытындысы бойынша 2-орынды иеленді, нарықтағы жалпы үлесі – 36%, пайшылар саны 187%-ға өсті:

- «Валюталық» ИПИҚ басқаруымен таза активтердің құны 51,2 млрд теңгені құрады, бір жылдағы өсім 18 млрд теңгеден астам (+57,5%);
- «Валюталық» жылдық 4,13% (жылдың басынан) мөлшерінде ИПИҚ нарығындағы жоғары кірістілікті көрсетті.

№2

Облигациялар нарығында (брокерлер арасында) KASE рейтингінде

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компания корпоративтік облигацияларды орналастыру бойынша екінші орынға ие болды, нарықтағы үлесі – 13%.

3 000

Брокерлік шот ашылды

60,2 млрд тг

Сенімгерлікпен басқарылатын активтер көлемі (меншікті)

5,8 трлн тг

Брокерлік шоттар бойынша мәмілелер көлемі

106 млрд тг

Облигацияларды орналастыру көлемі

1,2 млрд тг

БЖЗҚ сенімгерлікпен басқаруындағы активтердің көлемі

КОМПАНИЯНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН МАРАПАТТАРЫ



«Үздік қаржы кеңесшісі» номинациясы бойынша KASE премиясы



«Корпоративтік облигациялар нарығында жыл маркет-мейкері» номинациясы бойынша KASE премиясы

«BCC INVEST» АҚ: КОМПАНИЯНЫҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Бір жыл ішіндегі нәтижелер

800 белсенді шот

\$1,5 млн. комиссиялық кіріс

Транзакциялар санының **2 есе өсуі**

Трейдинг қызметтер бойынша көшбасшы

Автоматизация батырманы 1 рет басып, мәміле жасау

Топ-3 Операциялар бойынша

АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ

Бір жыл ішіндегі нәтижелер

12% ҚБ кірістілігі

\$ 150 млн Басқаруында

\$ 1,3 млн Комиссиялық кіріс

20% активтердің жыл сайынғы өсімі

Сараланған өнімдер желісі

ПИҚ көшбасшысы активтер бойынша

\$ 20 млн айналыстағы қарыздар

КОРПОРАТИВТІК ҚАРЖЫ

Бір жыл ішіндегі нәтижелер

10 инст. Ірі клиент

100 млрд. Тартылған қаражат

200 млн. Комиссия-лық кіріс

Нарықтағы **топ-3**

Секьюритизация нарықта жасалған мәміле

Құрылымдық өнімдер нарықта жасалған мәмілелер

10 компания нарыққа шығарылған

«CENTERPROJECT» ЖШС

«CENTERPROJECT» ЖШС

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 100 % еншілес компаниясы болып табылады.

2022 жылғы 25 наурызда ЦКБ-нің еншілес компаниясы «ВСС-ОУСА» ЖШС атауының «CenterProject» ЖШС болып өзгеруіне байланысты, мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Бас банктің күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтарын сатып алу және іске асыру.

Сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепілге берілген мүлікке өндіріп алу қолданудың нәтижесінде Бас банктің меншігіне өткен жылжымайтын және жылжымалы мүлікті және (немесе) құрылысы бітпеген объектілерге меншік құқықтарын сатып алу.


Жер телімдері және (немесе) құрылысы бітпеген объектілер түріндегі күмәнді және үмітсіз активтер бойынша жылжымайтын мүлік объектілерін салуға, құрылысын аяқтауға және (немесе) пайдалануға беруге бағытталған қызметті жүзеге асыру.

Сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепіл (бас тарту төлемі немесе қамсыздандыру) ретінде заңды тұлғалардың акциялары және (немесе) жарғылық капиталындағы қатысу үлестері қабылданған жағдайда, оларды сатып алу.


Бас банктен сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепіл, өзге қамсыздандыру ретінде ұсынылған немесе бас тарту төлемі түрінде алынған мүлікке өндіріп алу қолдану нәтижесінде меншігіне өткен жылжымайтын мүлікті жалға беру немесе осындай мүлікті уақытша ақылы пайдаланудың өзге нысанын қолдану.

Активтердің сапасын жақсарту, болашақтағы залалды амортизациялау және Бас банктің алдындағы міндеттемелерді толықтай орындау мақсатында берешекті өндіріп алудан және активтерді бағалы қағаздарға іске асырудан алынған бос ақша қаражатын инвестициялау.

«CENTERPROJECT» ЖШС-НЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

 **82%**
Жобалар

| | 01.01.2021 | 01.01.2022 | +/- | % |
|--------------------------|----------------|---------------|---------|------|
| Портфель (млн тг), о. і. | 119 689 | 73 650 | -46 039 | -38% |
| Жобалар | 82 888 | 60 805 | -22 083 | -27% |
| Активтер | 36 801 | 12 845 | -23 956 | -65% |

 **18%**
Активтер

- Инвестициялық жобалар портфелі **29,3 млрд теңгені** құрайды, өткен жылға қарағанда өсім **37%** құрады.
- Бас банк алдында **26,8 млрд теңге** сомасындағы міндеттемелер өтелді. Жыл ішіндегі төмендеу – **29%**
- Провизия деңгейінің төмендеуі **13,2 млрд теңге** немесе **74%**
- Активтердің сапасын жақсарту аясында жұмыс жасайтын қарыздардың жалпы үлесі портфельдің **35%**-нан **82%**-на дейін ұлғайтылды.

«CENTERPROJECT» ЖШС-НЫҢ 2022 ЖЫЛҒА КӨЗДЕЛГЕН МАҚСАТТАРЫ

2022 жылғы ақпанда Банк Басқармасы “CenterProject” ЖШС-ның 2022-2026 жылдарға арналған Стратегиясын бекітті.

Негізгі міндеттері:

- Активтердің сапасын жақсарту
- сыйлықақымен тікелей іске асыру
- жобаларды қаржыландыру
- активті сауықтыру/оңалту
- бірлескен жоба
- Өндіріп алу тиімділігін жақсарту
- қайта құрылымдау
- оңалту

| Мақсаты | Жоспар |
|---------------------------------|-------------------|
| Өндіріп алу тиімділігін арттыру | 3 669 168 |
| Жобаларды қаржыландыру | 12 456 665 |
| Жобаларды оңалту | 13 600 000 |
| БАРЛЫҒЫ | 29 725 834 |

«ЦЕНТР ЛИЗИНГ» ЖШС

«ЦЕНТР ЛИЗИНГ» ЖШС


«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 100 % еншілес компаниясы болып табылады.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БАҒЫТТАРЫ

| Меншікті объектілер | Банктің объектілері | Банк жалға алушы болып табылатын объектілер |
|--------------------------------|--|--|
| 32 жылжымайтын мүлік объектісі | 216 жылжымайтын мүлік объектісі | 103 шарт |
| Жылжымайтын мүлікті басқару | Берешекті өтеу есебіне балансқа қабылданған | Алаңдарды барынша тиімді пайдалану |
| Объектілерді басқару | Центр Лизинг арқылы бұдан әрі іске асыру және субжалға беру үшін | Банк клиенттеріне пайдалы сервис ұсынатын қосымша 3Т орналастыру |
| 7 объектіні сату | | |

«ЦЕНТР ЛИЗИНГ» ЖШС

КОМПАНИЯНЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ:



КОМПАНИЯНЫҢ 2022 ЖЫЛҒА КӨЗДЕГЕН МАҚСАТТАРЫ:

1 қызметкерге 16 ш.м. дейін Банк алаңдарын оңтайландыру
Нұр-Сұлтан қаласында BCC Center іске қосу
2022 жылға көзделген пайда – 1 400 млн теңге.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ПАЙДА ЖӘНЕ ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

(акцияға шаққандағы теңгемен көрсетілген пайданы есептемегенде, қазақстандық миллион теңгемен)

| | Ескертпе | 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|----------|---|---|
| Тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген пайыздық кіріс | - | 137,752 | 126,278 |
| Басқа пайыздық кіріс | - | 2,504 | 1,925 |
| Пайыздық шығыс | - | (72,954) | (66,040) |
| Пайыздық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалға резерв құрғанға дейінгі таза пайыздық кіріс | 5 | 67,302 | 62,163 |
| Клиенттер мен банктерге берілген несиелердің күтілетін құнсыздануына бөлінген резервті құру | 6 | (27,390) | (48,227) |
| Таза пайыздық кіріс | - | 39,912 | 13,936 |
| Қызметтер бойынша кіріс және алынған комиссиялар | 7 | 28,088 | 25,089 |
| Қызметтер бойынша шығыс және төленген комиссиялар | 7 | (11,278) | (9,221) |
| Таза комиссиялық кіріс | - | 16,810 | 15,868 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары бойынша таза пайда | 8 | 4,787 | 693 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерді сатудан және өтеуден түсетін таза пайда | - | 1,501 | 2,714 |
| Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза пайда | 9 | 9,222 | 9,873 |
| Өзге қаржылық активтер мен банктегі қаражат бойынша күтілетін кредиттік залалға құрылған резерв | - | (1,592) | (562) |
| Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв | - | (446) | (647) |
| Өзге қаржылық емес активтер бойынша құнсызданудан болған залал | 19 | - | (2,426) |
| Басқа (шығыс)/кіріс | 19 | (2,130) | 15,398 |
| Таза пайыздық емес кіріс | - | 28,152 | 40,911 |



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ПАЙДА ЖӘНЕ ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

(акцияға шаққандағы теңгемен көрсетілген пайданы есептемегенде, қазақстандық миллион теңгемен)

| | Прим. | 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|-------|---|---|
| Операциялық кіріс | - | 68,064 | 54,847 |
| Операциялық шығыс | 10 | (46,589) | (40,691) |
| Салық салғанға дейінгі операциялық пайда | - | 21,475 | 14,156 |
| Табыс салығы бойынша шығыс | 11 | (830) | (1,647) |
| Бір жыл ішіндегі пайда | - | 20,645 | 12,509 |
| Бір акцияға шаққандағы кіріс | | | |
| Базалық (теңге) | 12 | 114.86 | 74.39 |
| Ажыратылған (теңге) | | 114.86 | 74.39 |

9-105-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2022 жылғы 18 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойғандар:

Хұсаинов Ф.Ә.
Басқарма төрағасы

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.



Асылбек Е.А.
Басқарма төрағасының
орынбасары, Басқарма мүшесі

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.



Нургалиева А.Т.
Бас бухгалтер

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

(акцияға шаққандағы теңгемен көрсетілген пайданы есептемегенде, қазақстандық миллион теңгемен)

| | 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|--|--|
| БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА | 20,645 | 12,509 |
| ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС | | |
| Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар | | |
| Жер телімдері мен ғимараттарды қайта бағалау | - | 548 |
| Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар | | |
| Кезең ішінде инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен таза (залал) / пайда (нөл теңге салықты алып тастағанда) | (1,812) | 4,359 |
| Кезең ішінде іске асырылған инвестициялық бағалы қағаздар бойынша қайта жіктеу (нөл теңге салықты алып тастағанда) | (1,501) | (2,714) |
| Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар | (3,313) | 1,645 |
| ТАБЫС САЛЫҒЫН ШЕГЕРГЕНДЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС | (3,313) | 2,193 |
| БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС | 17,332 | 14,702 |

9-105-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2022 жылғы 18 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойғандар:




Хұсаинов Ғ.Ә.
Басқарма төрағасы

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.



Асылбек Е.А.
Басқарма төрағасының орынбасары,
Басқарма мүшесі

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.



Нурғалиева А.Т.
Бас бухгалтер

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

| АКТИВТЕР: | Ескертпе | 2021 жылғы 31 желтоқсан | 2020 жылғы 31 желтоқсан |
|---|-----------------|--------------------------------|--------------------------------|
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 13 | 261,492 | 279,330 |
| Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары | | | |
| Топтың меншігіндегі | 14 | 22,809 | 16,316 |
| "РЕПО" мәмілелері бойынша кепілмен жүктемеленген | 14 | 10,276 | 9,653 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | | | |
| Топтың меншігіндегі | 15 | 444,014 | 288,039 |
| Банктердің несиелері бойынша кепілмен жүктемеленген | 15 | 31,136 | 24,816 |
| Банктердегі қаражат | 16 | 6,570 | 63,426 |
| Клиенттерге және банктерге берілген несиелер | 17 | | |
| Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер | | 497,745 | 510,785 |
| Жеке клиенттерге берілген несиелер | | 640,956 | 498,688 |
| Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер | | 221 | 1,274 |
| Негізгі құралдар және материалдық емес активтер | 18 | 37,324 | 40,126 |
| Басқа активтер | 19 | 126,761 | 124,803 |
| Барлық активтер | | 2,079,304 | 1,857,256 |

МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

| МІНДЕТТЕМЕЛЕР: | Ескертпе | 2021 жылғы 31 желтоқсан | 2020 жылғы 31 желтоқсан |
|--|-----------------|--------------------------------|--------------------------------|
| Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері | 20 | 65,647 | 126,558 |
| Клиенттердің қаражаты | 21 | | |
| Корпоративтік клиенттердің қаражаты | | 571,586 | 512,944 |
| Жеке клиенттердің қаражаты | | 782,121 | 676,320 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 22 | 108,074 | 109,757 |
| Кейінге жылжытылған табыс салығы бойынша міндеттемелер | 11 | 11,789 | 11,600 |
| Реттелген облигациялар | 23 | 63,877 | 62,540 |
| Басқа міндеттемелер | 24 | 325,398 | 225,851 |
| Барлық міндеттеме | | 1,928,492 | 1,725,570 |

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

| | Ескертпе | 2021 жылғы 31 желтоқсан | 2020 жылғы 31 желтоқсан |
|--|----------|-------------------------|-------------------------|
| МЕНШІКТІ КАПИАЛ: | | | |
| Бас банктің акционерлеріне қатысты меншікті капитал: | | | |
| Жарғылық капитал | 25 | 63,554 | 61,760 |
| Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві | | (1,109) | 2,204 |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан құрылған резерв | | 3,455 | 4,773 |
| Бөлінбеген пайда | | 84,912 | 62,949 |
| Барлық меншікті капитал | | 150,812 | 131,686 |
| БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕ МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ | | 2,079,304 | 1,857,256 |
| Бір жай акцияның баланстық құны (теңге) | 12 | 793 | 734 |
| Бір артықшылықты акцияның баланстық құны (теңге) | 12 | 284 | 309 |

9-105-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2022 жылғы 18 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойғандар:




Хұсаинов Ғ.Ә.
Басқарма төрағасы

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.



Асылбек Е.А.
Басқарма төрағасының орынбасары,
Басқарма мүшесі

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.



Нурғалиева А.Т.
Бас бухгалтер

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

| | Жарғылық капитал | Әділ құнының өзгерістеріне бөлінген резерв | Негізгі құралдарды қайта бағалау | Бөлінбеген пайда | Барлық меншікті капитал |
|--|------------------|--|----------------------------------|------------------|-------------------------|
| 2020 жылғы 1 қаңтардағы қалдық | 57,865 | 559 | 4,225 | 50,440 | 113,089 |
| Барлық жиынтық кіріс | | | | | |
| Бір жыл ішіндегі пайда | - | - | - | 12,509 | 12,509 |
| Өзге жиынтық кіріс | | | | | |
| Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар | | | | | |
| Жер телімдері мен ғимараттарды қайта бағалау | - | - | 548 | - | 548 |
| Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар | - | - | 548 | - | 548 |
| Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар | | | | | |
| Әділ құнның таза өзгеруі | - | 1,645 | - | - | 1,645 |
| Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар | - | 1,645 | - | - | 1,645 |
| Барлық өзге жиынтық кіріс | - | 1,645 | 548 | - | 2,193 |
| Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс | - | 1,645 | 548 | 12,509 | 14,702 |
| Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар | | | | | |
| Меншікті акцияларды шығару (25-ескерте) | 4,312 | - | - | - | 4,312 |
| Меншікті акцияларды сатып алу (25-ескерте) | (417) | - | - | - | (417) |
| Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар | 3,895 | - | - | - | 3,895 |
| 2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық | 61,760 | 2,204 | 4,773 | 62,949 | 131,686 |

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

| | Жарғылық капитал | Әділ құнының өзгерістеріне бөлінген резерв | Негізгі құралдарды қайта бағалау | Бөлінбеген пайда | Барлық меншікті капитал |
|--|------------------|--|----------------------------------|------------------|-------------------------|
| 2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық | 61,760 | 2,204 | 4,773 | 62,949 | 131,686 |
| Барлық жиынтық кіріс | | | | | |
| Бір жыл ішіндегі пайда | - | - | - | 20,645 | 20,645 |
| Өзге жиынтық кіріс | | | | | |
| Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар | | | | | |
| Әділ құнның таза өзгеруі | - | (3,313) | - | - | (3,313) |
| Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар | - | (3,313) | - | - | (3,313) |
| Барлық өзге жиынтық кіріс | - | (3,313) | - | - | (3,313) |
| Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс | - | (3,313) | - | 20,645 | 17,332 |
| Меншікті капиталдағы өзге өзгерістер | | | | | |
| Амортизация және меншіктен шығып қалу нәтижесінде қайта бағалаудан пайда болған соманы көшіру | - | - | (1,318) | 1,318 | - |
| Меншікті капиталдағы барлық өзге өзгерістер | - | - | (1,318) | 1,318 | - |
| Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар | | | | | |
| Меншікті акцияларды шығару (25-ескерте) | 2,411 | - | - | - | 2,411 |
| Меншікті акцияларды сатып алу (25-ескерте) | (617) | - | - | - | (617) |
| Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар | 1,794 | - | - | - | 1,794 |
| 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық | 63,554 | (1,109) | 3,455 | 84,912 | 150,812 |

9-105-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2022 жылғы 18 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойғандар:



Хұсаинов Ғ.Ә.
Басқарма төрағасы

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.



Асылбек Е.А.
Басқарма төрағасының орынбасары,
Басқарма мүшесі

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.



Нургалиева А.Т.
Бас бухгалтер

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

| | 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|--|--|
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ: | | |
| Алынған пайыздар | 135,898 | 120,422 |
| Төленген пайыздар | (69,242) | (62,944) |
| Қызметтер бойынша алынған кіріс және алынған комиссиялар | 29,567 | 25,089 |
| Қызметтер бойынша төленген шығыс және төленген комиссиялар | (10,365) | (8,210) |
| Туынды құралдармен жүргізілген операциялар бойынша таза төлемдер | 3,725 | 390 |
| Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза пайда | 6,651 | 8,431 |
| Өзге кірістер бойынша түсімдер | 792 | 1,239 |
| Төленген операциялық шығыс | (41,959) | (37,848) |
| Операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының түсімі | 55,067 | 46,569 |
| Операциялық активтердің өзгеруі: | | |
| Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары | (6,054) | (6,277) |
| Банктердегі қаражат | 57,089 | (57,270) |
| Клиенттерге және банктерге берілген несиелер | (61,773) | 32,764 |
| Басқа активтер | (109) | (4,353) |
| Операциялық міндеттемелердің өзгеруі: | | |
| Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері | (60,999) | 43,651 |
| Клиенттердің қаражаты | 152,147 | 189,622 |
| Басқа міндеттемелер | (1,426) | (2,087) |
| Салық салғанға дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының келіп түсуі | 133,942 | 242,619 |
| Төленген табыс салығы | - | - |
| Операциялық қызметтен ақша қаражаты ағынының таза түсімі | 133,942 | 242,619 |

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

| ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ: | 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|--|--|--|
| Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден және сатудан түскен түсім | 632,373 | 210,399 |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу | (785,371) | (342,718) |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | (4,606) | (3,438) |
| Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім | 800 | 308 |
| Инвестициялық қызметте ақша қаражаты ағынының таза пайдаланылуы | (156,804) | (135,449) |

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

| ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ: | 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|
| Меншікті акцияларды шығарудан түскен түсім, нетто | 1,795 | 3,893 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім | 5,300 | - |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу және өтеу | (8,418) | (8,960) |
| Қаржылық қызметте ақша қаражаты ағынының таза пайдаланылуы | (1,323) | (5,067) |
| Шетелдік валюта бағамы өзгерісінің ақша қаражатына және олардың баламасына ықпалы | 6,347 | 18,359 |
| АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА (АЗАЮЫ)/АРТУЫ | (17,838) | 120,462 |
| АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында | 279,330 | 158,868 |
| АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында (13-ескертпе) | 261,492 | 279,330 |

9-105-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2022 жылғы 18 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойғандар:




Хұсаинов Ғ.Ә.
Басқарма төрағасы

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.



Асылбек Е.А.
Басқарма төрағасының орынбасары,
Басқарма мүшесі

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.



Нургалиева А.Т.
Бас бухгалтер

2022 жылғы 18 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің толық нұсқасы Банктің сыртқы сайтында орналастырылған, келесі сілтемені басу арқылы танысуға болады: <https://www.bcc.kz/about/finansovye-rezultaty/>

